Нәтижесінде ақуыздың сіңімділігі 90% жетеді. Амин қышқылдары белок молекулаларындағы екіншілік байланыстардың бұзылуына байланысты қол жетімді болады. Қол жетімді лизиннің мөлшері 88% жетеді. Сонымен қатар, уреаза, протеаза ингибиторлары және трипсин сияқты қоректік заттарға қарсы қосылыстар толығымен немесе айтарлықтай жойылады. Крахмал желатинделген, бұл оның сіңімділігін арттырады.

Қонақжүгерінің құрамындағы май қышқылдары, витаминдер мен минералдар құстың және малдың дұрыс азықтануына ықпал етеді, бұл жануардың денсаулығына және өнімділігіне оң әсер етеді. Қонақжүгері әсіресе малдың қыс мезгілінде дұрыс қоректенуіне ықпал ететін қосымша жем ретінде өте пайдалы.

Қонақжүгеріні құрама жем өндірісінде қолдану перспективасы өте жоғары. Оны құс және мал шаруашылығында, сондай-ақ азықтық дақыл ретінде қолдануға болады [6].

Қонақжүгері — аграрлық шаруашылықта арзан әрі тиімді құрама жем дақылы. Оның өндірісін дамыту құрама жем бағасын төмендетуге, сонымен қатар азықтың сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Ауыл шаруашылығында мал басын өсіріп, құрама жем өндірісін кеңейту фермерлерге шығындарды азайтуға көмектеседі.

Қонақжүгері құс шаруашылығы мен құрама жем өндірісінде тиімді пайдалану үшін оны жинау, өңдеу және сақтау технологияларына ерекше назар аудару қажет. Қонақжүгерінің дәнін жинау кезінде оның ылғалдылығы мен сапасын бақылау өте маңызды. Дәндер қатаң шарттармен өңделіп, сақтау кезінде оларды үнемі бақылап отыру қажет. Осылайша, қонақжүгерінің барлық пайдалы қасиеттері сақталады.

**Қорытынды.** Қонақжүгерінің құс шаруашылығында және құрама жем өндірісінде пайдалану өте тиімді әрі болашағы зор бағыт болып табылады. Оның құрамындағы жоғары сапалы ақуыздар, көмірсулар, минералдар мен дәрумендер малдардың өсуін, даму деңгейін және өнімділігін арттыруға көмектеседі. Сонымен қатар, қонақжүгерінің құрғақшылыққа төзімділігі мен тез өсетіндігі оның кең ауқымды ауылшаруашылық дақылы ретінде қолданылуын қамтамасыз етеді.

Қонақжүгеріні құрама жем ретінде пайдаланудың артықшылықтары көп: ол малдардың денсаулығын жақсартып, олардың өнімдерін арттыруға ықпал етеді. Бұл әсіресе сүт және ет өндірісімен айналысатын шаруашылықтар үшін өте маңызды. Сонымен бірге, қонақжүгерінің құрама жем өндірісінде қолданылуы ауылшаруашылық өндірісін тұрақтандыруға және климаттық өзгерістерге төзімділікті арттыруға мүмкіндік береді.

Экструдерленген қонақжүгеріні құрама жем өндірісінде қолданудың перспективалары айқын. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, экструдерлеу процесі кезінде қонақжүгерінің крахмал құрылымы өзгеріп, оның сіңімділігі мен энергетикалық құндылығы артады. Мысалы, экструдерленген қонақжүгеріде ақуыз мөлшері 9–12%, крахмал 55–65%, май 2–4% мөлшерін көрсетті, бұл құстың ас қорытылуын оңтайландырып, азықтың сіңімділігін жеңілдетеді.

Қорыта айтқанда, қонақжүгеріні құс шаруашылығы мен құрама жем өндірісінде қолдану перспективалары жоғары және оның маңызы арта түсетіні сөзсіз. Бұл дақыл тек құрама жем өндірісінің тиімділігін арттырып қана қоймай, қоректік бағалығымен оң әсерін тигізеді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Александров С.Н., Косова Т.И. Комбикормовое производство для животноводства и птицеводства. – М.:ООО «Изд. АСТ»; Донецк: «Сталкер», 2004.-189с.

2. Чумаков, В. Экструдированные корма: приготовление и использование / В. Чумаков // Наука и инновации. - 2016. - N 2. - С. 40-42.

3. Тлецерук И.Р., Юрина Н.А. Использование экструдированного сорго в рационах цыплят-бройлеров//Труды Кубанского ГАУ. – 2015, Кубань. – С. 102-105.

4. Кононенко, С.И. Перспективы применения сорго в животноводстве / С.И. Кононенко // Политематический сетевой электронный научный журнал Кубанского государственного аграрного университета. - 2013. - № 90. - С. 549-580.

5. Кононенко С. И. Сорго в комбикормах для бройлеров /С. И. Кононенко, И. С.Кононенко //Кормление сельскохозяйственных животных и кормопроизводство. – 2011.- № 9. – С. 24-27

6. Жужукин, В.И. Энергетическая оценка зерна сорго [Текст] / В.И. Жужукин, Д.П. Волков // Кормопроизводство. – 2010. – №10. – С. 24-26.

**АННОТАЦИЯ**

В статье рассматриваются возможности использования сорго в птицеводстве, животноводстве и производстве комбикормов. Переработка сорго в пресс-экструдере при высоком давлении и температуре значительно повышает усвояемость питательных веществ. Конечный продукт после экструзии имеет влажность 8-10%, содержит 15-20% декстринов, а крахмал полностью клейстеризован, благодаря чему его усвояемость увеличивается в 2-2,5 раза. Кроме того, засухоустойчивость и высокая урожайность сорго обеспечивают стабильный источник продовольствия даже в условиях изменения климата

**RESUME**

The article discusses the possibilities of using sorghum in poultry farming, livestock farming and compound feed production. Processing sorghum in a press extruder at high pressure and temperature significantly increases the digestibility of nutrients. The final product after extrusion has a moisture content of 8-10%, contains 15-20% dextrins, and the starch is completely gelatinized, due to which its digestibility increases by 2-2.5 times. In addition, drought resistance and high yields of sorghum provide a stable source of food even in the face of climate change.

**ЭОЖ:664.681.1:664.663.5**

**Сегізбаева Г.Б., магистрант**
**Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.**
**Жұмаева А.Қ., жетекшісі**
**Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.**

## ҚҰМАЙ ҰНЫН ГЛЮТЕНСІЗ ҰНДЫ КОНДИТЕРЛІК ӨНІМДЕРДІҢ ӨНДІРІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

**ТҮЙІН**

Зерттеуіміз құмай ұнын ұнды кондитерлік өнімдер өндіруде пайдалану мүмкіндігін және целиакиядан зардап шегетін адамдар үшін кондитерлік өнімдер мен глютенсіз өнімдер ассортиментін кеңейтуге арналған. Мақалада глютенсіз ұнды кондитер өнімдер технологиясын жетілдіру мақсатында құмай ұнын танымал «Юбилейное» қантты печенье рецептурасына еңгізуді көздейді. Құмай – Қазақстан үшін жаңа дақыл емес, қалыптасып жатырған табиғи-климаттық жағдайларға төзімді, алайда азық-түлік саласында қолданысқа енбеген мәдениеттердің бірі.

***Түйінді сөздер****: құмай ұны, ұнды-кондитерлік өнім, целиакия, глютен.*

Біздің елімізде целиакия ауруын және глютенге төзбеушіліктің басқа түрлерін емдеуге арналған дәрі-дәрмектердің дамуы туралы ақпарат үнемі пайда болуына қарамастан, нақты құрал әлі табылмаған. Бірақ, глютенсіз тағамдық қоспаларға сұраныс күн сайын артып келеді.

Елімізде глютенсіз өнімдер өндірісі жоқтығы тақырыптың өзектілігін арттырады. Бүгінгі таңда Қазақстанда жеткілікті түрде әртүрлі дәнді дақылдарды өсірілуде. Глютенсіз ұнды-кондитер өндірісінде таптырмас шикізат көзі болатын сондай дақылдардың бірі – құмай.

Осыған байланысты Қазақстандық өндірістерге глютенсіз өнімдерімен науқас адамдарды сапалы және арзан өнімдермен қамтамасыз ету қажеттілігі туындайды. Елімізде глютенсіз өнімдер өндірісі жоқтығы тақырыптың өзектілігін арттырады.

Құмай – көпжақты пайдалануға жарамды дақыл. Бұл тамақ өнеркәсібі үшін, әсіресе нан және кондитерлік өнімдер үшін таптырмас жарма дақылы болып саналады.

Әлемнің көптеген елдерінде құмай дәнінен жасалған ұн бидай ұнының бір бөлігінің орнына нан-тоқаш және ұннан жасалған кондитерлік өнімдерді (пряниктер, кекстер) өндіруде қолданылады [1].

Ташкент химия-технологиялық институтының «Азық-түлік өнімдері технологиясы» кафедрасының доценті, PhD докторы Джахангирова Гулноза Зинатуллаевна мен аға-оқытушы Махмудова Дилдора Хасановна бидай ұрығын пайдалана отырып, құмай ұнынан глютенсіз нан дайындайды. Глютенсіз дайын өнімге бағалау жүргізеді. Зерттеулер оң нәтиже көрсетеді, және құмай ұны глютенсіз нан-тоқаш өндірісіне қолданыла алатыны дәлелденді [2].

Нижнее Поволжье ауыл шаруашылығы ҒЗИ ауыл шаруашылық ғылымдарының докторы Кононов В.М. және Селиванова В.Ю. берген бағаларына сәйкес, тағамдық құмай тек мал азығы ретінде емес, сонымен қатар, құнды перспективті азық-түлік өндірісіне арналған дақыл екендігі қарастырылды. Зерттеуде келтірілген ақпарат бойынша құмай дәнінде 67%-көмірсу, 14,0%-ақуыз, 5,0%-май, 1,6%-клетчатка бар екені көрсетілген. Волгоград облысында Аист, Круст және Иргиз гибриді атты құмайдың азық-түліктікке арналған сұрыптары кездеседі. Бұл сұрыптарда адамның өмір сүруіне қажетті: ақуыз, көмірсу, дәрумендер, минералды тұздар және микроэлменттер қажетті нормада. Сондықтан да, күнделікті тұрмыста басқа да дақылдардың орнын басып, әр түрлі тағамда қолданылуға таптырмас дақыл десе де болады [3].

Осылайша құмай ұнын ұнды кондитерлік өндірісте қолданудың мүмкіндіктерін байқай аламыз.

Зерттеудің мақсаты құмай ұнын пайдалана отырып қантты печенье тенологиясын әзірлеу. Печеньеге арналған қамыр танымал «Юбилейное печеньесі рецептурасы бойынша дайындалды.

Қантты печеньені 4 түрлі үлгіде: 100% жоғары сұрыпты бидай ұнынан жасалған бақылау үлгісі, құмай ұнын 10%, 20%, 30% және 100% қолданған үлгілері әзірленді. Дайын өнімнің сапасы ГОСТ 24901-2014 талаптарына сәйкес келуі қажет[4].


Зерттелетін үлгілерді органолептикалық бағалау нәтижесінде біз №1 және №2 ші үлгінің органолептикалық көрсеткіштер бойынша ГОСТ талаптарына толық сәйкес келетінін анықтадық. №3 және №4 үлгілер ГОСТ талаптарына дәмі мен иісі, түсі, сыныктағы түрі бойынша сәйкес келеді (кесте-1). Пішіні мен сыртқы бетінде ауытқулар байқалды. Пісу барысында қамыр жайылып, пішіні өзгерді және соған байланысты бетінде кішкентай жырықтар пайда болғанын байқаймыз. Бұл рецептураға құмай ұнының едәуір мөлшерін еңгізумен байланысты. Өйткені, құмай ұнының құрамында қамырға серпімділік пен икемділік беретін глютен жоқ. Сол себепті де үлгілердің пішінінде, бетінде аздаған ауытқулары бар. Алайда, соған қарамастан, бұл печеньелер өте айқын дәмге және жағымды хош иіске ие екенін атап өткен жөн.

Кесте 1 - Қантты печенье үлгілерінің органолептикалық көрсеткіштері

| Көрсеткіштер | Үлгілер | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бақылау үлгісі | №1-10% құмай ұны қосылған | №2-20% құмай ұны қосылған | №3-30% құмай ұны қосылған | №4-100% құмай ұны қосылған |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| Дәмі мен иісі | Бөтен иіс пен дәмсіз. Печеньеге тән тәтті дәм мен жағымды иіске ие. | | | Жаңа жағымды иіске ие. Құмай ұнының түйіршіктері білінеді. | Жаңа жағымды хош иіске ие. Құмай ұнының түйіршіктері басымырақ білінеді. |

| 1 | 2 | | | 3 | 4 |
|---|---|---|---|---|---|
| Түсі | Біркелкі печеньеге тән ашық сары түсті | | | Біркелкі қоңырқай сары түсті | Біркелкі қоңыр түсті |
| Пішіні мен беті | Тегіс, беткі жағында нақты суреті бар. Күймеген, үрілмеген. Астыңғы беті де тегіс. | Тегіс, беткі жағында суреті айқын көрінеді. Күймеген, үрілмеген. Құмай ұсақ ұнының түйіршіктері білінеді. | Бетінде аздаған жырықтары бар, суреті сәл айқын емес. Пішіні тегіс емес. Күймеген, үрілмеген. Құмай ұнының ұсақ түйіршіктері білінеді. | | Бетінде кішкентай жырықтары бар. Нақты суреті көрінбейді. Пішінін сақтамай, жайылған. |
| Құрылымы | Печеньенің кеуектілігі біркелкі, бос орындарсыз. | Печеньенің кеуектілігі біркелкі, бос орындарсыз. | Печеньенің кеуектілігі біркелкі, бос орындарсыз. | Печеньенің кеуектілігі біркелкі, бос орындарсыз. | Үгітілмелі. Біркелкі піскен. Бос орындар жоқ. |

Қантты печеньеге дегустация «Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» оқытушылар құрамына жүргізілді. Органолептикалық бағалау 5 көрсеткіш бойынша өткізілді: сыртқы түрі, дәмі, иісі, түсі және құрылымы.




Сурет 1 - Дегустация нәтижесі бойынша үлгілердің органолептикалық көрсеткіштері

Дегустация нәтижесі бойынша 100% бидай ұнынан жасалған (бақылау үлгісі) – 111 балл, 10% құмай ұны қосылған үлгі – 106 балл, 20%-дық үлгі – 101 балл, 30%-дық үлгі – 107 балл, ал 100% құмай ұны қосылған печенье – 110 балл жинады.

Алынған нәтижелерді талдау негізінде, құмай ұнын қантты печенье рецептурасына еңгізу дәмдік, құрылымдық қасиеттеріне өзгеріс әкеледі деген қорытынды жасауға болады. №3 және №4 үлгіде құмай ұнын қолдану печеньеге жағымды хош иіс пен дәм берді.

Талдауға сүйене отырып құмай ұнының ерекшеліктерін ескере отырып, классикалық рецептураны оңтайландыру ұсынылады. Тәжірбие нәтижесінде ұнды кондитер өндірісінде құмай ұнын қолдану өзекті және перспективті екені айқын көрініс тапты.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мохова В.И., Вихрова Е.А., Никонорова Ю.Ю. Оценка качества выпечки пшеничного хлеба с добавлением примеси муки зернового сорго // Политематический сетевой электронный научный журнал Кубанского Государственного Аграрного Университета. 2019. № 151. С. 193-199.

2. Джахангирова Г. З., Махмудова Д. Х. ИЗУЧЕНИЕ ОБОГАЩЕНИЯ БЕЗГЛЮТИНОВОГО ХЛЕБА ЗАРОДЫШАМИ ЗЛАКОВ //Universum: технические науки. – 2021. – №. 5-3. – С. 69-71.

3. Кононов В. М., Селиванова В. Ю. Пищевое сорго–перспективная зерновая культура //Научно-агрономический журнал. – 2008. – №. 2 (83). – С. 26-30.

4. ГОСТ 24901-89 «Печенье, общие технические условия»



## АННОТАЦИЯ

Наше исследование посвящено изучению возможности использования муки сорго в производстве мучных кондитерских изделий, а также расширению ассортимента безглютеновой продукции для людей, страдающих целиакией. В статье рассматривается усовершенствование технологии производства безглютеновой выпечки путем введения муки сорго в рецептуру популярного сахарного печенья «Юбилейное».Сорго – это не новая культура для Казахстана, оно устойчиво к формирующимся природно-климатическим условиям. Однако в пищевой промышленности сорго пока остается малоиспользуемой культурой.

## RESUME

Our research focuses on the possibility of using sorghum flour in the production of flour-based confectionery products, as well as expanding the range of gluten-free products for people suffering from celiac disease. The article examines the improvement of gluten-free baking technology by incorporating sorghum flour into the recipe of the popular "Yubileynoye" sugar cookies. Sorghum is not a new crop for Kazakhstan; it is resistant to the emerging natural and climatic conditions. However, it remains an underutilized crop in the food industry.



**ЭОЖ 68.37.31**



**Амандықова А.С., Абылай А., студенттер**
**Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.**
**Тулегенова Д. К., жетекшісі**
**Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.**


# ФИТОПАТОЛОГИЯЛЫҚ САРАПТАМАНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ДАҚЫЛДАРЫНЫҢ ТҰҚЫМЫН ӨҢДЕУДЕГІ МАҢЫЗЫ


## ТҮЙІН

Мақалада химиялық және биологиялық препараттардың әсерін жаздық бидай тұқымдарының өнуіне және өсімдік дамуының бастапқы кезеңдерін тиімді бақылау мүмкіндіктерін зерттеу болып табылады.



***Түйінді сөздер:*** *фитопатология, тұқым, жаздық бидай, препараттар, өскін*


Тұқымдық материалды дайындау – жоғары және тұрақты өнім алу үшін ауыл шаруашылығы тауарөндірушілер шешуге тиіс негізгі міндеттердің бірі. Тұқымдарды өңдеу әрқашан өскіндер мен көктегіштікке әсер ететін патогендердің таралуын және дамуын бақылаудың міндетті әдісі болып қала береді. Сонымен қатар, инсектофунгицидтік фокусы бар заманауи көп компонентті өңдеу құралдарыда өсімдік дамуының ерте кезеңінде кейбір зиянкестердің дамуын тежейді.

Тұқымның сапасын бағалау тек оның өсу қабілетін ғана емес, сонымен қатар оның инфекциялық ауруларға қарсы тұруын да қамтиды. Бұл сараптама тұқымдарда зиянды

микроорганизмдер мен патогендердің бар-жоғын анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай тексерулер ауыл шаруашылығында өнімнің сапасын жақсартуға бағытталған. Ауыл шаруашылығы дақылдары әртүрлі ауруларға ұшырауы мүмкін, мысалы, саңырауқұлақтар, бактериялар және вирустар арқылы. Бұл аурулар тұқымда болуы мүмкін, олар егіс алаңына таралғанда өнімнің азаюына, егіннің зақымдануына және сапасының төмендеуіне алып келеді. Бұл сараптама бірнеше кезеңнен тұрады: тұқымның сыртқы белгілерін тексеру, микроскопиялық зерттеу, мәдени әдістермен немесе молекулярлық диагностикамен патогендерді анықтау. Сонымен қатар, тұқымдарға әртүрлі дәрілер мен өңдеу әдістері қолданылады, олардың мақсаты аурулардың алдын алу болып табылады. Тұқымдарды себу алдында өңдеу арқылы дақылдардың ауруларға төзімділігі артады. Фитопатологиялық сараптама мен өңдеу әдістері арқылы фермерлер аурулардың таралуын болдырмай, жоғары өнімділікке қол жеткізе алады.

Орал өңірінің егістік алқаптарының өнімділігін және ауыл шаруашылығы өндірісінің рентабельділігін арттырудың мүмкін жолдарын іздестіру жұмыстары жүргізілуде [1]. Оның үстіне Орал өңірінің шұғыл континенттік жағдайында бұл өндірістің рентабельділігін, жалпы өнімді арттыру өзекті сала болып табылады.

Тәжірибенің мақсаты бидайдың өсуі мен дамуының бастапқы кезеңдерінде әсер ету механизмдері әртүрлі препараттардың тиімді әсер ету мүмкіндіктерін зерттеу, бидай тұқымдарын өңдеу арқылы қорғауды жақсарту болып табылады. Сондай-ақ дәнді дақылдардың негізгі қоздырғыштарын зерттеу және олардың өңделген және өңделмеген тұқымдарда дамуын зерттеу сияқты міндеттер қойылды.

Қазіргі уақытта дәнді дақылдар Қазақстан аумақтарының көп бөлігін алып жатыр, сондықтан мәдени өсімдіктерді дамудың бастапқы кезеңінде аурулардан қорғау маңызды [10]. Вегетациялық кезеңде дәнді дақылдарға әртүрлі ауру қоздырғыштар (Puccinia spp, Puccinia triticina, Puccinia striiformis, Puccinia graminis, Septoria spp., Septoria tritici, Fusarium graminearum, Fusarium culmorum, Drechslera tritici-repentis, Rhizoctonia solani, Bipolaris sorokiniana, Pseudomonas syringae, Xanthomonas translucens) әсер етеді [4]. Бұдан шығатын қорытынды Қазақстандағы дәнді дақылдарға ең қауіпті аурулар саңырауқұлақтық инфекциялар (тат аурулары, фузариоз, септориоз), бактериялық инфекциялар (бактериялық күйік) және вирустық инфекциялар (сары ергежейлі вирус) болып табылады. Бұл ауруларды болдырмау үшін тұқымды өңдеу, фунгицидтер мен бактерицидтерді қолдану, агротехникалық шараларды сақтау (себу айналымы, тыңайтқыш енгізу) маңызды. Көбінесе дәнді дақылдардың тамыр шіріктерінің қоздырғыштары тұқымдарда сақталады – бұл өсімдік өнімділігінің төмендеуіне, астық сапасының нашарлауына, адам өміріне қауіпті микотоксиндердің түзілуіне ықпал ететін зиянды аурулар [3]. Олармен күресу үшін әртүрлі қорғаныс шаралары қолданылады [8]. Қазіргі уақытта егіс алдындағы тұқым дайындау технологияларында өңдеу - негізгі әдістердің бірі болып саналады [9]. Ол ауыл шаруашылығы өндірісінің жалпы рентабельділігін арттырады [11]. Альбидум 32 сорты тұқымдарын рулон әдісімен және петри тостағаншасында фитосараптама жүргізу арқылы зерттеу жұмыстары жүргізілді, олар Бақылау, Ламадор, Бордос сұйықтығы, калий перманганаты, хлоргексидин, сутегі асқын тотығы препараттарымен өңделді және бақылау жүргізілді.

Зертханалық зертеулерді жүргізу үшін сүзгі қағазы қолданылды және әр көшірмеге 100 тұқым талданды. Бір қайталау үшін сүзгі қағазының өлшемі 10х110 см болды, тұқымдар сүзгі қағазына тұқымдардың арасы 1 см және үстіңгі жиегінен 3 см қашықтықта орналастырылды, содан кейін үстіне сүзгі қағазының тағы бір қабаты қойылды, оның үстіне полиэтилен жолағы қойылды, содан кейін оралады. Ол ыдыстарға тігінен орналастырылды және 22 ° C - 25 ° C температурада термостатқа орналастырылды [1].

Зертханалық зерттеулерде тұқымдар сүзгі қағазында рулон әдісімен және Петри тостағаншасында өсірілді. Ұрық тамырларының, колеоптильдердің және сабақтарының ұзындықтары өлшенді. Өсу энергиясы мен өнгіштігі МеМСТ 12038-66, МеМСТ 12038-84 бойынша анықталды.

Кесте1- Рулон әдісімен өскен өскіндердің ұзындығы

| Препарат атауы | Тұқым өнгіштігі, % | Өскін ұзындығы, 7 күн | Өскін ұзындығы, 10 күн |
|---|---|---|---|
| Бақылау (контроль) | 97 | 5,5 | 4,5 |
| Ламадор | 96 | 6,5 | 6,78 |
| Сутегі асқын тотығы | 94 | 5,2 | 8,6 |
| Хлоргексидин | 93 | 3,7 | 3,0 |
| Калий перменганаты | 94 | 9,6 | 6,3 |
| Бордос сұйықтығы | 96 | 5,7 | 6,3 |
| | | | |



Сурет 1- Студенттер тұқымды өсіруге әзірлеуде

Кесте 2 –Петри тостағаншасы әдісімен өскен өскіндердің ұзындығы

| Препарат атауы | Тұқым өнгіштігі, % | Өскін ұзындығы, 7 күн | Өскін ұзындығы, 10 күн |
|---|---|---|---|
| Бақылау (контроль) | 97 | 5,3 | |
| Ламадор | 96 | 10,3 | - |
| Сутегі асқын тотығы | 94 | 4,31 | - |
| Хлоргексидин | 93 | 4,0 | - |
| Калий перменганаты | 94 | 7,6 | - |
| Бордос сұйықтығы | 96 | 9,7 | - |

Кестеден көріп отырғанымыздай Ламадор (6,5 см – 7 күнде, 6,7 см – 10 күнде): Ламадордың әсері 7 күннен кейін өсімдік ұзындығын жақсырақ арттырады. Оның өсуі біршама тұрақты. Бұл препараттың өсімдікке оң әсер ететіндігін көрсетеді. Сутегі асқын тотығы (5,2 см – 7 күнде, 8,6 см – 10 күнде): 7 күнде өсу біршама төмен, бірақ 10 күнде едәуір өскен. Сутегі асқын тотығы тұқымдардың өсуін ынталандырады, бірақ бастапқы кезеңде оның әсері әлсіз болуы мүмкін. 10 күнде өсімнің жақсаруы оның пайдалы әсерін дәлелдейді. Хлоргексидин (3,7 см – 7 күнде, 3,0 см – 10 күнде): Хлоргексидиннің әсері өте төмен және өсу уақыт өте баяулады. Бұл препарат өсімдікке кері әсер етуі мүмкін, себебі бастапқы кезеңде де өсімдік ұзындығы өте аз. Мұндай нәтижелер хлоргексидиннің өсімдікке жағымсыз әсерін көрсетуі мүмкін. Калий перманганаты (9,6 см – 7 күнде, 6,3 см – 10 күнде): 7 күнде ең үлкен өсу байқалады, бірақ 10 күнде өсу баяулайды. Бұл препарат өсімдіктің бастапқы өсуін жеделдететінін, бірақ уақыт өте оның әсері төмендейтінін көрсетеді. Бордос сұйықтығы (5,7 см – 7 күнде, 6,3 см – 10 күнде): Бордос сұйықтығы 7 күннен кейін жақсы әсер етеді, бірақ 10 күнде өсім баяулайды. Бұл препарат өсімдікке тұрақты әсер ететінін, бірақ өте күшті емес екенін білдіреді. Бұдан шығатын қорытынды Ламадор және сутегі асқын тотығы тұқымдардың

өсуін ынталандыратын тиімді препараттар болып табылады. Хлоргексидин өсімдікке теріс әсер етуі мүмкін. Калий перманганаты өсімдіктің бастапқы өсуін жылдамдатса да, оның ұзақ мерзімді әсері төмендейді. Бордос сұйықтығы өсімдіктің өсуін тұрақты түрде арттырады, бірақ әсері ламадор мен сутегі асқын тотығына қарағанда әлсіздеу. Рулон әдісі мен Петри тостағаншасы әдісі жағдайында алынған нәтижелерді салыстырып талдап қарайтын болсақ (3 кесте).

Кесте 3- Рулон әдісі мен Петри тостағаншасы әдісінің салыстырмалы нәтижелері

| Препарат атауы | Рулон әдісі (10 күн) | Петри тостағаншасы әдісі |
|---|---|---|
| Бақылау | | |
| Ламадор | 6,7 см | 10,3 см |
| Сутегі асқын тотығы | 8,6 см | 4,31 см |
| Хлоргексидин | 3,0 см | 4,0 см |
| Калий перманганаты | 6,3 см | 7,6 см |
| Бордос сұйықтығы | 6,3 см | 9,7 см |



Сурет 2- Студенттер тұқымның өскіндерін өлшеуде

Ламадор – екі әдісте де жоғары нәтижелер көрсеткен. Бірақ Петри тостағаншасы әдісінде (10,3 см) рулон әдісіне (6,7 см) қарағанда айтарлықтай жақсы нәтиже берді. Бұл ламадордың ылғалды ортада, шектеулі кеңістікте тұқымның өнуіне жақсы әсер ететінін білдіреді. Сутегі асқын тотығы – рулон әдісінде (8,6 см) жоғары нәтиже көрсеткенімен, Петри тостағаншасы әдісінде (4,31 см) айтарлықтай төмен көрсеткіш берді. Бұл сутегі асқын тотығының ылғалды және жабық ортада өсімдіктің өсуіне кері әсер етуі мүмкін екенін көрсетеді. Хлоргексидин – екі әдісте де өте төмен нәтиже көрсетті (3,0 см – рулонда, 4,0 см – чашка Петри әдісінде). Бұл препарат өсімдіктің өсуіне айтарлықтай кедергі келтіретінін көрсетеді. Калий перманганаты – чашка Петри тостағаншасы әдісінде (7,6 см) рулон әдісіне (6,3 см) қарағанда жақсы нәтиже көрсетті. Бұл оның тұқым өнуін ынталандыру қасиеті бар екенін білдіреді. Бордос сұйықтығы – Петри тостағаншасы әдісінде (9,7 см) жоғары нәтиже көрсетіп, рулон әдісіне (6,3 см) қарағанда жақсы нәтиже берді. Бұл оның да тұқым өнуіне жақсы әсер ететінін білдіреді. Бұдан шығатын қорытынды: Ламадор екі әдісте де ең жоғары көрсеткіш беріп, өсуді жақсы ынталандырды. Бордос сұйықтығы Петри тостағаншасы әдісінде жақсы нәтиже көрсетті, яғни ылғалды ортада өсуді жақсартады. Калий перманганаты Петри тостағаншасы әдісінде жақсы жұмыс істеді, бірақ әсері ламадор мен бордос сұйықтығына қарағанда әлсіздеу. Сутегі асқын тотығы рулон әдісінде жақсы нәтиже көрсеткенімен, Петри тостағаншасы әдісінде нашар көрсеткіш берді. Хлоргексидин екі әдісте де төмен нәтиже көрсетіп, өсімдікке теріс әсер ететінін дәлелдеді.

Жоғары тиімділік – Ламадор екі әдісте де ең жоғары нәтижелер көрсетті. Әсіресе Петри тостағаншасы әдісінде (10,3 см) айтарлықтай жақсы нәтиже берген. Бұл оның ылғалды, шектеулі кеңістікте тұқым өсуін күшейтетінін білдіреді. Саңырауқұлақтар мен ауруларға қарсы әсері – Ламадор құрамында тебуконазол және триазол тобының фунгицидтері бар, олар тұқымның өнуіне зиян келтіретін патогендік саңырауқұлақтардан қорғайды. Сондықтан ол өсімдіктің бастапқы даму кезеңінде жақсы нәтиже береді. Ұзақ мерзімді әсері – Ламадордың әсері уақыт өте келе төмендемейді. Рулон әдісінде де (6,7 см), Петри тостағаншасы әдісінде де (10,3 см) өсімдік жақсы өскен. Бұл оның ұзақ мерзімді қорғау қасиеттері бар екенін көрсетеді. Бордос сұйықтығының әсері: Жақсы өсімді ынталандыру – Бордос сұйықтығы да жоғары нәтиже көрсеткен (Петри тостағаншасы әдісінде 9,7 см, рулонмен өсіру әдісінде 6,3 см). Бұл оның өсімдіктерге оң әсер ететінін дәлелдейді. Антибактериялық және антифунгальды қасиеті – Бордос сұйықтығы құрамында мыс сульфаты ($CuSO_4$) мен әк ($Ca(OH)_2$) бар. Бұл заттар бактериялар мен саңырауқұлақтарға қарсы әсер етіп, тұқымның ауруларға төзімділігін арттырады. Бордос сұйықтығы ламадорға қарағанда сәл әлсіздеу, бірақ тұрақты әсер береді. Ол фунгицидтік қасиеттері арқылы тұқымның ауруларға төзімділігін арттырса да, ламадор сияқты ұзақ мерзімді қорғаныс бермейді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, тексерілген химиялық және биологиялық препараттар жаздық бидай тұқымдарының өнгіштігіне, өскін ұзындығына және жалпы өсімдік дамуына оң әсер етті.

1. Тұқымдарды фунгицидтік және бактерицидтік препараттармен өңдеу (Ламадор, Бордос сұйықтығы, Калий перманганаты, Хлоргексидин, Сутегі асқын тотығы) патогендік микроорганизмдердің белсенділігін төмендетіп, өсімдіктердің бастапқы даму кезеңінде стресске төзімділігін арттырды.

2. Ламадор және Бордос сұйықтығы ең тиімді препараттар ретінде анықталды, өйткені олар тамыр жүйесінің дамуын жақсартып, өскін ұзындығын ұлғайтуға және өсімдіктердің біркелкі дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

3. Өскіндердің белсенді өсуі фунгицидтердің патогендерді жоюымен, тұқым қабатының қорғаныш қабілетінің артуымен және өсімдіктердің қоректік заттарды жақсы сіңіруімен байланысты.

4. Тұқымдарды алдын ала өңдеу өнімділікті арттырудың және ауыл шаруашылық дақылдарының ауруларға төзімділігін күшейтудің маңызды агротехникалық әдісі болып табылады.

Жалпы, зерттеудің нәтижелері жаздық бидайды өсіру барысында патогендермен күресуде химиялық және биологиялық препараттарды қолданудың маңыздылығын растайды. Бұл әдіс өнімділікті арттыруға, топырақтағы ауру қоздырғыштарын азайтуға және экологиялық таза ауыл шаруашылығын дамытуға ықпал етеді. Тұқым арқылы таралатын аурулар дақылдардың бастапқы өсу кезеңіне үлкен қауіп төндіреді. Оларды дер кезінде анықтап, фунгицидтермен, бактерицидтермен өңдеу, биопрепараттарды қолдану маңызды.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Борисенко И.Б. Новые технологии обработки почвы / И.Б. Борисенко, Е.А. Иванцова, Ю.Н. Плескачев, А.Н. Сидоров // Известия Нижневолжского агроуниверситетского комплекса, наука и высшее профессиональное образование. – 2012. – №1 (29). – С. 22-24.

2. 3 ГОСТ 12044-93. Семена сельскохозяйственных культур. Методы определения зараженности болезнями. – Введ. 1995-01-01. – М.: Изд-во стандартов, 1995 – 152 с.

3. Курдюкова О.Н. Плодовитость сорняков при различных условиях их вегетации / О.Н. Курдюкова, Н.И. Конопля // Защита и карантин растений. – 2014. - № 1. – С. 40-41.

4. Nurymova R. Formation of the yield of melilot under the cover method of sowing under the conditions of rice crop rotation / R. Nurymova, L. Tokhetova, G. Daldabaeva, B. Baizhanova // Ғылым және білім. 2020. № 2-2 (59). ). – С. 17- 22.

5. Мехдиев Т.В. Экономическая эффективность борьбы с сорняками озимой пшеницы / Т.В. Мехдиев // Защита и карантин растений. – 2012. - № 5. – С. 46-47.

6. Ray D.K. Yield trends are insufficient to double global crop production by 2050 / D.K. Ray, N.D. Mueller, P.C. West, J.A. Foley // PLoS ONE. - 2013. - Vol. 8(6). P.1-8. doi: 10.1371/journal. pone.0066428

7. Владимиров А. Погодный фактор в системе защиты растений / А. Владимиров // Защита растений. – 2016. - № 5. – С. 8-9.

8. Брагина О.А. О резистентности сорняков к гербицидам / О.А. Брагина // Рисоводство. – 2016. – № 1-2. – С. 46-49.

9. Джапаров Р.Ш. Изучение химических и биологических приемов в земледелии для повышения урожайности и качества зерна яровой пшеницы при освоении залежи в сухой степи/ Р.Ш. Джапаров // Ғылым және білім. – 2018. – № 1(50). – С. 12- 20.

10. Калиева Л.Т. Вредоносность сорных растений в агрофитоценозах / Л.Т. Калиева // Ғылым және білім. - 2019. - №2 (55). – С. 3- 8.

11. Крылов Е.А. Изучение особенностей совместного инфицирования яровых зерновых культур головней и ВЖКЯ. // Фитосанитарное оздоровление экосистем. Материалы 2-го Всероссийского съезда по защите растений. С.-П.:ВИЗР, 2005. – С. 186-187.

**АННОТАЦИЯ**

В этом исследовании изучалось влияние обработки семян яровой пшеницы различными химическими и биологическими препаратами на начальный этап роста растений. В опытах использовались Ламадор, бордосская жидкость, перманганат калия, хлоргексидин и перекись водорода. В результате обработки было выявлено увеличение длины проростков, повышение всхожести семян и усиление устойчивости растений к заболеваниям. Ламадор и бордосская жидкость были определены как наиболее эффективные методы обработки, так как они значительно улучшали развитие растений и снижали влияние патогенных микроорганизмов. Предварительная обработка семян является важным методом повышения урожайности в сельском хозяйстве и обеспечения устойчивого роста растений.

**RESUME**

This study examined the effect of treating spring wheat seeds with various chemical and biological preparations on the initial stage of plant growth. The experiments involved Lamador, Bordeaux mixture, potassium permanganate, chlorhexidine and hydrogen peroxide. The treatments resulted in an increase in the length of seedlings, increased seed germination and increased plant resistance to diseases. Lamador and Bordeaux mixture were identified as the most effective treatments, as they significantly improved plant development and reduced the impact of pathogenic microorganisms. Pre-treatment of seeds is an important method for increasing agricultural yields and ensuring sustainable plant growth.

**УДК 622**

**Бондарь Д.А., Зимина К.В., Қобыланды К.А., студенты**
**Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана, г. Уральск**
**Каиргалиева Г.З., руководитель**
**Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана, г. Уральск**

## ЭКОЛОГИЧЕСКИЙ МОНИТОРИНГ СОСТОЯНИЯ АВТОМОБИЛЬНЫХ ГАЗОЗАПРАВОЧНЫХ СТАНЦИЙ Г.УРАЛЬСК И ЗАПАДНО - КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

**АННОТАЦИЯ**

В связи с интенсивным увеличением автозаправочных станций и их отрицательным влиянием на экосистему городов, возникает необходимость уделить особое внимание их экологическому мониторингу.

В данной работе отражены результаты соответствия нормативным требованиям 24 АГЗС города Уральска и области. Были выявлены незначительные нарушения размещения, в некоторых исследованных объектах. Большинство АГЗС обладает громоотводом разной сложности и количества отводов. Наилучшим соблюдением норм отличаются в большинстве случаев АГЗС расположенные за чертой города, промышленных зонах или в населенных пунктах поселкового типа.

***Ключевые слова:*** *автомобильная газозаправочная станция, сжиженный углеводородный газ, нормы проектирования*

**Введение.** На данный момент, в связи с увеличением количества автомобилей в последние годы, увеличивается и обьем АГЗС, которые в свою очередь являются источниками негативного техногенного воздействия на экосистемы.

Автомобильная газозаправочная станция (АГЗС) — это стационарная АЗС, технологическая система которой предназначена для заправки баллонов топливной системы грузовых, специальных и легковых транспортных средств сжиженным углеводородным газом (СУГ) [1]. Сжиженные углеводородные газы – это отличное моторное топливо, позволяющее получать более устойчивое и спокойное его сжигание, а отсутствие смыва со стенок цилиндров и выгорания газа, возможность увеличения КПД двигателя, улучшение экологических показателей выхлопных газов – это далеко не полный перечень преимуществ СУГ в сравнении с бензинами. Этот сегмент рынка СУГ пока еще не очень велик (5-7% общего производства СУГ) [2]. В 2019 году процент автомобилей с установленным газовым оборудованием составил всего 8%, а на данный момент всего 0.2%. Как и бензиновые АЗС, газовые заправки также являются достаточно пожаро-взрывоопасным объектом, на которым должны соблюдаться соответствующие нормативы и правила для минимизации риска любого ущерба от здоровья и состояния персонала и окружающих, до экологической обстановки.

В связи с вышеизложенным, целью работы является проведение экологического мониторинга, иззучение состояния выбранных АГЗС, измерения и контроль соблюдения нормативных расстояний размещения объектов, соблюдение норм противопожарной безопасности и наличия противопожарного инвентаря.

**Методика проведения исследований.** Исследования производились эмпирическим методом, путем прямой визуальной и фотофиксации внешнего физического состояния, географического расположения объектов исследования и сравнение измеренных расстояний с данными таблицы 1, объектов исследования с учетом и на основе нормативов размещения и санитарно защитной зоны, таких как СН РК 4.03-02-2012 «Автомобильная заправочная станция - автомобильная газозаправочная станция. Нормы проектирования» и РД 34.21.122-87 «Инструкция по устройству молниезащиты зданий и сооружений».

Таблица 1 – Установленные нормы при проектировании АЗС-АГЗС

| № | **Наименование объектов, до которых определяется расстояние** | **Расстояние (м), от зданий, сооружений и оборудований технологических систем АЗС-АГЗС** |
|---|---|---|
| 1. | Производственные, складские и административно-бытовые здания и сооружения промышленных предприятий (за исключением указанных в строке 11) | 40 |
| 2. | Лесные массивы:<br>хвойных и смешанных пород лиственных пород | 50<br>25 |
| 3. | Жилые и общественные здания | 60 |
| 4. | Места массового скопления людей | 60 |
| 5. | Индивидуальные гаражи и открытые стоянки для автомобилей | 40 |
| 6. | Торговые палатки и киоски | 60 |
| 7. | Автомобильные дороги общей сети (край проезжей части):<br>I, II и III IV и V | 25<br>20 |
| 8. | Маршруты электрифицированного городского транспорта (до контактной сети) | 25 |
| 9. | Железные дороги общей сети (до подошвы насыпи или бровки выемки) | 40 |

| | | |
|---|---|---|
| 10. | Очистные канализационные сооружения и насосные станции, не относящиеся к АЗС-АГЗС | 60 |
| 11. | Технологические установки категорий $А_н$, $Б_н$ и $Г_н$ здания и сооружения с наличием радиоактивных и вредных веществ I и II классов опасности по ГОСТ 12.1.007-76* | 100 |
| 12. | Линии электропередач, электроподстанции (в том числе трансформаторные подстанции) | По ПУЭ |
| 13. | Склады лесных материалов, торфа, волокнистых горючих веществ, сена, соломы, а также участки открытого залегания торфа | 50 |

ПРИМЕЧАНИЕ 1 Не допускается размещение АЗС-АГЗС под железнодорожными и автомобильными мостами и вблизи их на расстоянии 100 м.

ПРИМЕЧАНИЕ 2 Расстояние между АЗС-АГЗС и соседними автозаправочными станциями требуется принимать 100м

ПРИМЕЧАНИЕ 3 Не допускается размещение АЗС-АГЗС над линиями и станциями метрополитена и вблизи их на расстоянии 100м

Для зданий, сооружений, наружных технических устройств следует предусматривать молниезащиту II категории в соответствий с требованиями РД 34.21.122- 87[3,с.19,п.9.3.12].

Во всех возможных случаях (см. п. 1.7) в качестве заземлителей защиты от прямых ударов молнии следует использовать железобетонные фундаменты зданий и сооружений. При невозможности их использования выполняют искусственные заземлители: каждый токоотвод от стержневых и тросовых молниеприемников должен быть присоединен к заземлителю, состоящему минимум из двух вертикальных электродов длиной не менее 3 м, объединенных горизонтальным электродом длиной не менее 5 м [4].

**Результаты исследований и их сравнение.** В общей сложности было зафиксировано и изучено состояние 24 заправочных станций с наименованиями города Уральска и области на примере фирмы ТОО «АЛАУ» состоящую в холдинге «БейбарсГаз»:

- АГЗС №: 1 (Омега); 2 (Мед. Колледж); 3 (СХИ); 4 (Шолохова); 5 (Ружейникова); 7 (Барбастау); 8 (Подстепное); 9 (Чапаево); 10 (Аксай); 11 (Жымпиты); 12 (СХИ Пост); 13 (Sinoil); 14 (Погодаево); 15 (2-я база); 16 (Тайпак); 17 (Чапаево); 19 (Аксай-1); 20 (Казталовка); 24 (Аксай-4); 26 (Жымпиты); 27 (Жымпиты-2); 28 (Мечта); 29 (Чапаево); 30 (Ел-Ырысы). Результаты соблюдения норм из таблицы 1 по каждой из АГЗС будут отображены в конце главы. Местоположение всех АГЗС указаны на карте ниже (рис.).




Рисунок 1 – Карта расположения исследуемых АГЗС

Результаты осмотра внешнего вида, состояние агрегатов выбранных объектов приведены в таблице 2.

Таблица 2 – Результаты соответствия установленным нормативам

| 1группа АГЗС | Соблюдение нормативов размещения (+-) | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | АГЗС | | | | | | | | | | | |
| Нормативы из таб.1 | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| 1 – 40м | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 2 – 25м | + | + | + | + | + | + | + | + | - | + | + | + |
| 3 – 60м | + | + | - | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 4 – 60м | + | + | - | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 5 – 40м | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 6 – 60м | + | + | + | - | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 7 – 25,20м | ++ | ++ | +- | ++ | ++ | ++ | ++ | ++ | ++ | -- | ++ | ++ |
| 8 – 25м | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 9 – 40м | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 10 – 60м | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 11-100м | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 12–м | | | | | | | | | | | | |
| 13 – 50м | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| Примечание 1 – 100м | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| Примечание 2 – 100м | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| Примечание 3 – 100м | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| Молниеотведение (фундамент 1, громоотвод 2) | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 1 | 1 | 2 |
| 2 группа АГЗС | Соблюдение нормативов размещения (+-) | | | | | | | | | | | |
| | АГЗС | | | | | | | | | | | |
| Нормативы из таб.1 | 14 | 15 | 16 | 17 | 19 | 20 | 24 | 26 | 27 | 28 | 29 | 30 |
| 1 – 40м | + | - | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 2 – 25м | + | - | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 3 – 60м | + | + | + | + | + | + | + | + | + | - | + | + |
| 4 – 60м | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 5 – 40м | + | - | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 6 – 60м | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 7 – 25,20м | ++ | ++ | ++ | ++ | -+ | ++ | -+ | ++ | -+ | ++ | ++ | ++ |
| 8 – 25м | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 9 – 40м | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 10 – 60м | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 11 – 100м | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 12–м | | | | | | | | | | | | |
| 13 – 50м | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| Примечание 1 – 100м | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| Примечание 2 – 100м | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| Примечание 3 – 100м | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| Молниеотведение (фундамент 1, громоотвод 2, отсутствует) РД 34.21.122- 87 | 2 | - | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 1 | 2 | 2 |

**Заключение.** Все 24 изученных АГЗС обладают исправным и в большинстве случаев новым оборудованием, соответствуют нормам размещения за исключением нескольких АГЗС, преимущественно расположенных в самом Уральске, по причине плотной застройки прилегающих к АГЗС территорий и ситуативных изменений асфальтового дорожного покрытия заходящего в результате за границы ранее допустимого размещения объектов. Наилучшим соблюдением норм отличаются в большинстве случаев АГЗС расположенные за чертой города, промышленных зонах или в населенных пунктах поселкового типа. Персонал АГЗС характеризуем как квалифицированный и ответственный, полностью осведомленный о мерах противопожарной безопасности, правил слива-залива СУГ в хранилища, транспортные средства и показавший умения слива-залива СУГ на практике, а также осторожность с огнеопасными объектами, к примеру в случае курения, оно производилось исключительно на отдалении от работающих агрегатов, также сигаретные бычки не были брошены на пол исключая любое возгорание или взрывы.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ


1. Шименкова А.А., Потапов А.Д. Система геоэкологического мониторинга нефтехранилищ автозаправочных станций // Вестник МГСУ. 2014. №3. С.57
2. https://mtk-exp.ru/agzs_ekspluatiruem_v_ramkah_zakona/
3. Недлин М.С., Вольнов Ю.Н., Гордеева Р.П. «Безопасность АГЗС: инженерные решения или административные барьеры?» №4, С.1
4. СН РК 4.03-02-2012 «Автомобильная заправочная станция - автомобильная газозаправочная станция. Нормы проектирования» С.5,6,19(п.9.3.12)
5. РД 34.21.122- 87 «Инструкция по устройству молниезащиты зданий и сооружений» п. 2.26.


## ТҮЙІН


Жанармай құю станцияларының қарқынды өсуіне және олардың қалалардың экожүйесіне теріс әсеріне байланысты олардың экологиялық мониторингіне ерекше назар аудару қажеттілігі туындайды.

Бұл жұмыста Орал қаласы мен облыстың 24 АГҚС нормативтік талаптарына сәйкестік нәтижелері көрсетілген. Кейбір зерттелген нысандарда орналастырудың шамалы бұзылыстары анықталды. AGZS - тің көпшілігінде әр түрлі күрделіліктегі найзағай және бұру саны бар. Нормалардың ең жақсы сақталуы көптеген жағдайларда АГҚС қала шегінен тыс, өнеркәсіптік аймақтарда немесе кенттік типтегі елді мекендерде орналасқан


## RESUME


Due to the intensive increase in gas stations and their negative impact on the ecosystem of cities, it is necessary to pay special attention to their environmental monitoring.

This work reflects the results of compliance with the regulatory requirements of 24 gas filling stations in the city of Uralsk and the region. Minor placement violations have been identified in some of the investigated sites. Most gas filling stations have lightning rods of varying complexity and number of taps. In most cases, gas stations located outside the city, industrial zones, or in settlement-type settlements are distinguished by the best compliance with the norms



**ӘОЖ 633.2:636.085**


**Латенова А.М., магистрант,**
**Максотов М.Е., студент**
**Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.**
**Насиев Б.Н., жетекшісі**
**Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.**

## ПАЙДАЛАНУ ТӘСІЛДЕРІНІҢ ЖАЙЫЛЫМ ФИТОЦЕНОЗДАРЫНЫҢ АЗЫҚТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫНА ӘСЕРІ


### ТҮЙІН

Ауыл шаруашылық жануарларын толыққанды және сапалы жемшөппен қамтамасыз ету, сондай-ақ жемшөп қорының тапшылығын азайту мақсатында маусымдық жайылымдарды шалғай жайылымдармен үйлестіру тиімді. Шалғай учаскелерді маусымдық жайылымдармен бірге пайдалану арқылы жайылымдық кезеңнің ұзақтығы 120 күнге артады, бұл шаруашылыққа қосымша 14 777,3 ц жемшөп қорын қалыптастыруға мүмкіндік береді.



***Түйінді сөздер:*** *жайылымдар, өнім сапасы, сапа көрсеткіштері, маусымдық жайылым, айдамалы жайылым*


Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығын қамтамасыз етудің шектеулі ресурсына байланысты ең аз материалдық және еңбек шығындары кезінде жұмсалған қаражаттың бірлігіне шаққандағы ең жоғары табысты қамтамасыз ететін табиғи шабындықтар мен жайылымдарды жақсартудың төмен шығынды, ресурс үнемдейтін технологиялары мен тәсілдерін пайдалану ең өзекті болып табылады [1].

Мәдени жайылымдарды құру немесе бұршақты-дәнді шөптер негізінде азғындаған шөптерді жақсарту және оларды ұтымды пайдалануды ұйымдастыру жайылым маусымында жемшөптің тағамдық құндылығын арттыру арқылы әр сиырдан сүт өндіруді 500 кг-ға арттыруға мүмкіндік береді. Шалғынды жоңышқа қатысатын шөптің 1 кг құрғақ затында 170 г қорытылатын ақуыз және 9,9 МДЖ ОЭ, ал жорғалаушы жоңышқаның қатысуымен - 156 г және 10,4 МДж ОЭ бар, бұл жемдік сиырға орташа тәуліктік 1820 кг сауууды қамтамасыз етуге қабілетті [2].

Жайылымдық жемнің тағамдық құндылығы бірқатар факторларға байланысты: шөптердің ботаникалық құрамы, өсімдіктердің вегетациялық кезеңі, табиғи-климаттық жағдайлар, өсу, оларды құрудың агротехникалық әдістері, қолданылатын тыңайтқыштардың түрлері мен нормалары [3].

Саланың бірқатар қызметкерлерінің пікірінше, жайылымдық азықтың сапасы үш негізгі көрсеткішпен анықталады - шөптің ботаникалық құрамы, химиялық құрамы, сондай-ақ жемшөпті жеу, жемшөптің сапасына өнімділікті арттырудың барлық агротехникалық әдістері, сондай-ақ жайылымдық шөптерді пайдалану әдістері әсер етеді [4].

Зерттеулердің жалпыланған мәліметтеріне сәйкес, жайылымдық жемнің құрғақ массасындағы метаболикалық энергияның концентрациясы негізінен өсімдіктердің түріне және олардың даму фазасына байланысты. Қопсыту фазасындағы ең жоғары концентрация (1 кг үшін 10,1-12,6 МДж), ал гүлдену кезеңінде ең төмен (1 кг үшін 6,9-9,8 МДж). Метаболикалық энергияның жетіспеушілігі оның шалғынды өсімдіктердегі мөлшері 1 кг құрғақ затқа 9,2 МДж-ден аз болған кезде пайда болуы мүмкін [5].

Вегетациялық кезеңдерге және тыңайтқыштардың дозаларына байланысты дәнді және дәнді-бұршақты қоспалардағы метаболикалық энергия концентрациясы мен сіңірілетін ақуыз концентрациясы туралы бірқатар ресейлік ғалымдардың мәліметтері қызықты. Қорытылатын ақуыздың мөлшері мен метаболикалық энергия концентрациясы бастапқы фазалардан тұқымның төгілуіне дейін азаяды, аз дәрежеде бұл төмендеу бұршақ - жарма қоспасында байқалады [6].

Эстон НИИЗМ мәліметтері бойынша энергияның қажетті концентрациясы және оның өнімділігі 5000 кг сүт және одан жоғары сиырларға арналған ақуызбен қатынасы шалғынды өсімдіктердің дәнді түрлерімен түтікке шығу фазасынан кеш емес, бұршақ дақылдарымен бүршіктенуден кешіктірмей қамтамасыз етіледі [7].

Бірқатар тәжірибелерде дәнді-бұршақты шөп қоспалары таза дәнді дақылдарға қарағанда артықшылық көрсетті. Бұршақ-дәнді шөптердің Жем сапасы 1 кг-ға 10-11 МДж-ға дейін метаболикалық энергияның жоғарылауымен сипатталды, дәнді дақылдардағы 1 кг құрғақ массаға 7 МДж қарсы. Сусымалы беде құрамының 25-тен 46%-ға дейін ұлғаюы (фитоценоздардың өздігінен жаңаруы есебінен) жайылымдық азықтың 1 кг СТ-да алмасу

энергиясының концентрациясының 10,4-тен 10,6-дан 10,7 МДж-ға дейін жоғарылауын қамтамасыз етті [8].

Алмасу энергиясының концентрациясына байланысты (төмен қарай) жеке шалғынды өсімдіктер мен олардың қоспаларын келесі қатарға орналастыруға болады: шалғынды бетеге, шалғынды беде, шабындық атқонақ араласқан кеш шалғынды беде, бұршақ-дәнді жайылымдық шөп қоспасы, шалғындық түлкіқұйрық, кәдімгі тарғақшөп, қылтықсыз арпабас, қамыс қозбас [9].

Жемдегі ақуыздың мөлшері шөптің ботаникалық құрамымен, өсімдіктердің вегетациялық кезеңімен, азот тыңайтқыштарының дозасымен, шөптердің өсу жағдайларымен және оларды пайдалану режимдерімен анықталады [10].

Тұқымдас өсімдіктердің салыстырмалы жемшөп сипаттамасына сәйкес (гүлдену кезеңінде) бұршақ дақылдарындағы ақуыз мөлшері 18,4% құрайды; дәнді дақылдарда тек 10,4%. Бірақ бұл дәнді дақылдар тұқымдасының барлық өсімдіктерінде ақуыз аз, ал барлық бұршақ дақылдарында жоғары дегенді білдірмейді [7].

Суарусыз және минералды азотты қолданбай бұршақ шабындық өсімдіктері ақуыз жинауды 1 га-дан 260-тан 830 кг-ға дейін арттыратыны анықталды, бұл РК-ға ұқсас фондағы дәнді шөптермен салыстырғанда 2-3 есе [5].

Дәнді шалғынды өсімдіктердің ішінде ақуызды сақтау қабілеті бойынша бірінші орында - қылтықсыз арпабас, екінші орында-шалғынды бетеге, кәдімгі тарғақшөп, шабындық атқонақ, жайылымдық қара шөп, басқаларына қарағанда азот жинайтын шалғынды көк шөп [5, 6, 7].

Академик А.П. Калашниковтың басшылығымен әзірленген ауылшаруашылық жануарларын азықтандыру нормалары мен диеталарына сәйкес, сүт беретін сиырлар үшін шикі ақуызға қажеттілік: 10 кг - ға дейін сауумен 1 бірлік жемге 145 г; 11-20 кг сауумен - 155; 21-30 кг сауумен - 160; 31 кг және одан жоғары сауумен-170 г [11].

Академик А.П. Дмитроченконың азықтандыру нормаларына, сондай-ақ осы нормалардың кейбір модификацияларына сәйкес, 10 кг-ға дейін сүті бар сиырларға шикі ақуызға деген қажеттілік 10-13% құрайды; 10-20 кг - 12,5-15,0%; 20-40 кг - ға дейін сауумен-14,5-16,0%, ал сүті тартылған сиырлар үшін-12-14% [12]. Бұл талаптар АҚШ, Англия, Франция, Германия, Скандинавия елдерінде қабылданған нормативтерге жақын [8]. Шикі ақуызды лактациялайтын сиырлардың рационында 14-16% - дан кем болмауы керек, егер ол 20-22% - дан жоғары болса, жануарлардың бауыр қызметі бұзылып, олардың өнімділігі төмендейді [2].

Шөп жемшөптері өнімділігі жоғары жануарлардың жеміне қойылатын талаптарға сай келеді, егер құрғақ затта кемінде 15% шикі ақуыз, 28% - дан аспайтын талшық болса, ал 1 бірлік жемге кем дегенде 100 г қорытылатын ақуызды құрайды [3].

Шалғынды шөптердің химиялық құрамын зерттеу жайылымдық жемнің құрғақ затындағы ақуыздың мөлшері (16-28%) ұсынылған деңгейден едәуір жоғары екенін көрсетті [10].

Зерттеу мазмұны келесі жұмыстарды қамтыды: қор материалдары мен әдеби мәліметтерді жинау және талдау; далалық зерттеу жұмыстары, зертханалық талдау және жиналған материалдарды камералдық өңдеу.

Зерттеу объектілері: Батыс Қазақстан облысының жайылымдық алқаптары.

Далалық эксперименттер 2024 жылы Батыс Қазақстан облысының шөлейт аймағындағы Бөкей ордасы ауданында орналасқан «Мирас» шаруа қожалығының жайылымдарында жүргізілді.

Зерттеу міндеттеріне сәйкес біз жартылай шөлді аймақ экожүйелеріндегі жайылымдық өсімдіктердің қоректік және энергетикалық құндылығын, олардың жайылым технологиясына байланысты өзгеруін зерттедік.

Зерттеу деректері көрсеткендей, пайдалану тәсілдері өнімділікпен қатар, жайылымдық өсімдік жамылғысының азықтық массасының сапасына да оң әсер етеді.

Зерттеулер барысында ең жоғары шикі протеин мөлшері (10,54-11,85%) көктем және қыс мезгілдерінде пайдаланылатын маусымдық жайылымдардан, сондай-ақ құмды отгондық жайылым учаскелерінен алынған өсімдік үлгілерінде анықталды.

Аталған нұсқалармен салыстырғанда, ретсіз жайылым жағдайында шикі протеин мөлшері 6,34-7,65%-ға төмен болып, бар болғаны 4,20% құрады.

2-учаскеде (жазғы маусымдық жайылым) шикі протеин мөлшері 9,81% деңгейінде болды (1 кесте).

Кесте 1 – Пайдалану тәсілдеріне байланысты БҚО шөлейт аймағының жайылымдарының өсімдік массасын химиялық талдау деректері, Бөкейорда ауданының "Мирас" шаруа қожалығы, 2024 жыл

| Көрсеткіштер | Жайылым учаскелерінің нөмері және оларды пайдалану тәсілдері | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 1-қарқынды жайылым учаскесі | 2-маусымдық жайылым учаскесі (жаз) | 3-маусымдық жайылым учаскесі (көктем, жаз) | 4-жайылымның құмды учаскесі (жаз, күз, қыс) |
| Шикі протеин,% | 4,20 | 9,81 | 10,54 | 11,85 |
| Құрғақ зат,% | 39,70 | 37,10 | 38,00 | 30,20 |
| Шикі күл,% | 4,75 | 7,39 | 8,02 | 8,31 |
| Шикі май,% | 3,28 | 4,18 | 4,42 | 4,76 |
| Шикі талшық,% | 34,22 | 31,38 | 29,19 | 28,01 |
| Калий,% | 1,38 | 1,49 | 1,52 | 1,60 |
| Кальций,% | 0,20 | 0,41 | 0,44 | 0,47 |
| Фосфор,% | 0,13 | 0,19 | 0,23 | 0,25 |
| Каротин, мг/кг | 8,20 | 12,79 | 15,80 | 17,55 |

Маусымдық жайылымдардан алынған өсімдік үлгілерінің сапалық құрамы ретсіз пайдаланылатын жайылымдармен салыстырғанда жоғары болды. Маусымдық жайылымдарда өсімдік үлгілерінде шикі май мөлшерінің артуы (4,18-4,76%), шикі күл (7,39-8,31%) мөлшерінің көбеюі және шикі жасұнық құрамының айтарлықтай төмендеуі (28,01-31,38%) байқалды.

Жайылымдарды маусымдық пайдалану нәтижесінде өсімдік құрамындағы астық тұқымдастар үлесінің артуына байланысты өсімдік үлгілеріндегі калий (1,49-1,60%), кальций (0,41-0,47%), фосфор (0,19-0,25%) мөлшері көбейді.

Каротин мөлшері бойынша маусымдық жайылымдық өсімдік үлгілері ретсіз пайдаланылатын жайылымдарға қарағанда 4,59-9,35 мг/кг-ға жоғары болды.

2024 жылғы зерттеу нәтижелері көрсеткендей, маусымдық жайылымдар ішінде ең жоғары сапалық көрсеткіштер құмды топырақтағы 4-отгондық жайылым учаскесінде тіркелді.

Зерттеу деректері жайылымдық өсімдік жамылғысының өнімділігі ауыл шаруашылық жануарларын жаю әдістеріне байланысты екенін көрсетті.

2024 жылғы зерттеулерде маусымдық жайылымдарды пайдаланған кезде жазғы кезеңде жайылымдық өсімдік жамылғысының құрғақ масса өнімділігі 2,52-3,33 ц/га құрады (2 кесте).

Кесте 2 – БҚО шөлейт аймағының жайылымдық фитоценоздарын пайдаланудың жемдік құндылығын және биоэнергетикалық тиімділігін пайдалану тәсілдеріне қарай бағалау, Бөкейорда ауданының "Мирас" шаруа қожалығы, 2024 жыл

| Көрсеткіштер | Жайылым учаскелерінің нөмері және оларды пайдалану тәсілдері | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 1 -қарқынды жайылым учаскесі | 2 -маусым-дық жайылым учаскесі (жаз) | 3 - маусым-дық жайылым учаскесі (көктем, жаз) | 4 - жайылым-ның құмды учаскесі (жаз, күз, қыс) |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| Жасыл масса жинау, ц/га | 3,97 | 6,78 | 8,75 | 11,07 |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| Құрғақ массаның шығымы, ц/га | 1,58 | 2,52 | 3,33 | 3,35 |
| Жем бірліктерін жинау, ц/га | 0,57 | 1,22 | 1,75 | 1,85 |
| Қорытылатын ақуызды жинау, ц/га | 0,03 | 0,13 | 0,19 | 0,23 |
| Жем бірліктерін сіңірілетін ақуызбен қамтамасыз ету, г | 58 | 105 | 108 | 122 |
| Айырбастау энергиясын жинау, ГДж/га | 0,89 | 1,73 | 2,44 | 2,50 |
| Жайылымдардың жемшөп өнімділігі, алмасу энергиясында, ГДж/га | 1,41 | 4,36 | 8,12 | 8,38 |

Қарқынды мал жаю жүктемесінің артуына байланысты жайылымдық фитоценоз өнімділігі құрғақ масса бойынша 1,58 ц/га дейін төмендеді.

Жемдік бірліктердің жиналу көрсеткіштері және қорытылатын протеин мөлшері бойынша жайылымдық өсімдік жамылғысының өнімділігі маусымдық пайдалану кезінде жоғары болды (1,22; 1,75; 1,85 және 0,13; 0,19; 0,23 ц/га).

Бұл ретте жемдік бірліктердің қорытылатын протеинмен қамтамасыз етілуі 105-122 г құрады.

Маусымдық жайылымдардың ішінде ең жоғары өнімділік 4-шалғай құмды жайылым учаскесінде тіркелді. Бұл учаскеде қорытылатын протеин жиналу көрсеткіші 0,23 ц/га болғанда, жемдік бірліктер шығымы ең жоғары деңгейге жетіп, 1,85 ц/га құрады.

Жемдік бірліктер мен қорытылатын протеин шығымы маусымдық жаю нұсқаларымен салыстырғанда, ретсіз жаю нұсқасында төмен болды (0,57 және 0,03 ц/га). Бұл нұсқада жемдік бірліктердің қорытылатын протеинмен қамтамасыз етілуі 58 г дейін азайды.

Тәжірибе нұсқалары бойынша алмасу энергиясының шығымы 0,89-2,50 ГДж/га деңгейінде болды. Энергетикалық құндылық тұрғысынан қарағанда, жартылай шөлейт аймақтың қоңыр түсті құмды топырағындағы отгондық жайылымдарды пайдалану тиімдірек болды. Аталған учаскеде алмасу энергиясының жиналу көрсеткіші бедерлі учаскедегі маусымдық жайылымдарды пайдаланумен салыстырғанда 0,06-0,77 ГДж/га немесе 2,46-44,51% артық болды.

Осылайша, маусымдық және айдамалы жайылымдарды пайдалану жоғары биоэнергетикалық тиімділікті көрсетті. Қарқынды жайылымдарды пайдалану кезінде алмасу энергиясының жиналуы маусымдық жайылымдарды пайдалану нұсқаларымен салыстырғанда 0,84-1,61 ГДж/га төмен болды.

Зерттеулер BR22883585 «Өнімді әлеуетті арттыру және жайылымдарды ұтымды пайдаланудың тиімді технологияларын әзірлеу» ҒТБ шеңберінде және «Жайылымдардың жай-күйін бағалау және оларды ұтымды пайдалану тәсілдерін зерттеу» және «Пайдалану тәсілдерінің жайылымдардың қазіргі жәй-күйіне әсерін зерттеу» магистерлік диссертация бойынша жүргізілуде.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Кутузова А.А., Зотов А.А. Концепция развития луговодства в России // Кормопроизводство. - 1999. - №5. - С.8-10.

2 Афзалов Р.Ш. Сафин Х.М. Кормопроизводство на деградированных почвах Башкортостана // Достижение науки и техники АПК. - 2000. - №4. - С. 11-12.

3 Алехина Ю.В., Евтушенко М.Д., Ходырев Н.Г. Оценка ресурсосберегающих способов улучшения культурных пастбищ в условиях севера - востока республики Беларусь // Вест акад. Аграр. наук. Беларуси. - 1998. - №1. - С. 40-41.

4 Ерижев К.А. Ресурсосберегающие технологии улучшения и использования горных сенокосов и пастбищ Северного Кавказа: автореф. … докт. с.-х. наук: 06.01.12. - Москва, 1999.

5 Будасов А.Д., Уланов Ф.С., Чубенко В.П., Улучшение и рациональное использование сенокосов и пастбищ в республике Адыгея // Докл. научн.- произв. конф. Владикавказ. - 1995. - С. 37-42

6 Ларин И.В., Иванов А.Ф., Бегучеев П.П., Кормовая характе¬ристика важнейших семейств и видов растений произрастающих на сенокосах и пастбищах. - Л.: Агропромиздат, 1990. - 127 с.

7 Zilakova J., Knotek S. Zdolnosc do zakiszania i jakosc kiszonek z runi trwatych, podsiewanych i przemienhyxh uzytkow zielonych // Lak. Pol. - 1998. - №1. - С. 213-220.

8 Dobromilski M. Sward regeneration by sod seeding an organic soil in West Pomerania // European Grassland Fedeuation. - 1992. - С. 720-721.

9 Апените Р.О., Латвиетис Я.Я. Пастбищная трава и подкормка коров. - Рига: Знание, 1983. - С.93-94.

10 Gallo M., Gallo J., Sommer A., Zitran R. Flak P. Rontl. Vyroba – 1998. №12.

11 Калашников А.П. Нормы и рационы кормления сельскохозяйст-венных животных. - М.: Агропромиздат, 1985. - 13 с.

12 Дмитроченко А.П., Пшеничный П.Д.. Кормление сельскохозяйст¬венных животных. - Л.: Колос, 1975. - 480 с.

## АННОТАЦИЯ

В целях обеспечения сельскохозяйственных животных полноценными и качественными кормами, а также снижения дефицита кормового фонда выгодно сочетать сезонные пастбища с отгонными пастбищами. При одновременном использовании отгонных участков с сезонными пастбищами продолжительность пастбищного периода увеличивается на 120 дней, что позволяет хозяйству дополнительно формировать 14 777,3 ц кормового запаса.

## RESUME

In order to provide farm animals with high-grade and high-quality feed, as well as reduce the shortage of feed stock, it is advantageous to combine seasonal pastures with remote pastures. With the simultaneous use of remote areas with seasonal pastures, the duration of the pasture period increases by 120 days, which allows the farm to additionally generate 14,777.3 tons of fodder stock.

**ӘОЖ 637.181**

**Ержанова Д.Е., магистрант**
**Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.**
**Оразов А.Ж., жетекшісі**
**Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.**

# ӨСІМДІК СҮТІ ӨНІМДЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ МЕН БОЛАШАҒЫ

## ТҮЙІН

Өсімдік сүтін денсаулығына немесе өмір салтына байланысты таңдайтын тұтынушылар саны артты. Лактозаға төзімсіздік, сиыр сүтінің жақпауы және вегандық өмір салты өсімдік тектес сүт өнімдеріне балама ретінде қызығушылықты арттырды. Әлемнің экономикалық жаһануының өндірістік мысалдары талданғаннан кейін, Қазақстандағы нарықтың даму және осы бағыттағы негізгі кедергілер сипатталды. Өнімдердің тағамдық құндылығы мен биологиялық маңыздылығына ерекше назар аударылды. Өсімдік сүт өнімдерінің ассортименті жыл сайын кеңейтілді: соя, бадам, сұлы, күріш, кокос және басқа да өсімдіктерден алынған сүт түрлері нарықта кеңінен қолжетімді болды. Сонымен қатар, йогурт, қаймақ, ірімшік және балмұздақ сияқты дәстүрлі сүт өнімдерінің өсімдік тектес баламалары да қарқынды дамыды.

***Түйінді сөздер*:** *өсімдік сүті, лактозаға төзімсіздік, кәдмгі сүттің жақпауы, сұлы, күріш.*

**Кіріспе**. Еуропалық тұтынушылардың 15% қандай да бір себептермен сүт өнімдерінен бас тартады. Оған медициналық көрсеткіштер, өмір салты, жеке қалаулар және басқа да факторлар жатады. Олардың ішінде лактозаға төзімсіздік, сиыр сүтінің жақпауы, сондай-ақ өмір салтына байланысты себептер бар. Асқорыту жүйесінің қабыну аурулары бар науқастар сүт өнімдеріне жиі сезімтал келеді, сондықтан олар сүт өнімдерін тұтынудан бас тартады. АҚШ Ұлттық медицина кітапханасының (National Library of Medicine) зерттеулеріне сәйкес, әлем халқының 65% лактозаға төзімсіздік байқалады [1].


Лактозаға төзімсіздік – адамның ішегінде лактаза ферментінің жетіспеушілігінен туындайтын жағдай. Лактаза – сүт қанты (лактоза) глюкоза мен галактозаға ыдырататын фермент. Егер бұл фермент жеткіліксіз болса, лактоза аш ішекте қорытыла алмайды, тоқ ішекке өтеді және бактериялармен ашытылып, газ бен қышқыл түзіледі. Бұл іштің кебуі, диарея, құрысулар сияқты симптомдарға әкеледі [2].

Сиыр сүтінің жақпауы – бұл иммундық жүйенің сүт ақуыздарына атиптік реакциясы. Ол балалардың 2-6% және ересектердің 0,5% кездеседі. Сиыр сүтінің жақпауы көбінесе сиыр сүтіндегі β-лактоглобулин мен казеинге байланысты дамиды. Жалғыз тиімді ем – сиыр сүтін толық алып тастау. Мұндай аллергиясы бар балаларға жануар сүтін алмастыру үшін өсімдік сүт өнімдерін пайдалану ұсынылады [3].

Өсімдік сүтімен сиыр сүтін визуальды ешқандай айырмашылығы байқалмайды, бірақ дәмі мен иісінде өзгешіліктер бар. Сыртқы түрі бойынша ақ немесе кірем түсті, біркелкі сұйықтық. Дәмі, иісі бойынша өсімдік шикізатының түріне байланысты өзіндік дәм мен иіс береді. Ал тағамдық құндылығы бойынша көмірсу, май және витаминдер мөлшерінде ерекшеліктер бар. Кейбір түрлері (сұлы сүті, күріш сүті) көмірсуларға бай, ал басқалары (кокос, жаңғақ, бадам сүті) майдың массалық үлесі жоғары. Сондықтан өсімдік сүтін таңдау кезінде олардың тағамдық құндылығы, биологиялық маңыздылығы және адам ағзасы үшін сіңімділігі ескерілуі керек [4].


**Зерттеу объектісі мен әдістемесі.** Зерттеу барысында отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге, статистикалық деректерге, халықаралық ұйымдардың есептері мен нарықтық шолуларға талдау жасалды. Салыстырмалы әдіс негізінде өсімдік және сиыр сүтінің тағамдық және технологиялық ерекшеліктері сарапталды. Сондай-ақ, талдау әдісі арқылы интернет көздеріндегі ақпараттар мен тұтынушылық пікірлер жинақталып, жүйеленді. Зерттеудің теориялық негізі ретінде тағамтану, диетология және агроөнеркәсіп салаларындағы ғылыми еңбектер қолданылды.

**Зерттеу нәтижелері.** Әлемнің әртүрлі аймақтарында өсімдк сусындары өндіріледі. Мысалы, бадам өндірісі – Испания Еуропадағы ең ірі бадам өндірушілерінің бірі. Әсіресе, Андалусия (41 582 тонна), Валенсия (4 490 тонна), және Мурсия (26 895 тонна) аймақтарында бадам кең көлемде өсіріледі. Жергілікті шикізат көп болғандықтан, бадам сүтін өндіру де экономикалық тұрғыдан тиімді. Бадам сүті сиыр сүтіне қарағанда қымбатырақ, бірақ Испаниядағы жергілікті өндіріс оны қолжетімді етеді. Сұраныстың артуы мен өндірістің кеңеюі бағаның тұрақты болуына көмектеседі. Күріш сүті Кореяда бірнеше себепке байланысты танымал: дәстүрлі күріш мәдениеті – Кореядағы басты тағам өнімдерінің бірі – күріш. Ол тек тамақ ретінде ғана емес, сусындар (мысалы, сикхе – тәтті күріш сусыны) мен өсімдік сүт өнімдерін жасау үшін де қолданылады. Жергілікті өндірістің артықшылығы – Кореяда күріш көп өсіріледі (3,6 миллион т) сондықтан одан дайындалатын өнімдер, оның ішінде күріш сүті, қолжетімді және экологиялық таза өнім. Сұлы сүті Швеция (5,1 миллион тонна) мен Финляндияда (1,21 миллион тонна) елдерінде кеңінен танымал. Себебі, Скандинавия климаты сұлы өсіруге өте қолайлы, сондықтан бұл аймақтарда сұлы көп өндіріледі. Сонымен қатар Швецияда 1990 жылдары құрылған Oatly компаниясы сұлы сүтінің әлемдік деңгейде танымал болуына үлкен үлес қосты [4].




Сурет 1- Негізгі ауыл шаруашылығы дақылдарының нақтыланған егіс алқабы

2024 жылы дәнді (күрішті қоспағанда) және бұршақты дақылдар нақтыланған егістік алқабы республика бойынша 16 746,5 гектарды (2023 жылға – 95,6%) құрады.




Сурет 2- Соңғы 5 жылдағы сұлы, күріш дақылдарының өнімділігі

Сұлы өндірісінің жылдар бойынша өнімділігі: 2021-2022 жж. 33% өсті, 2022-2023жж 18% кеміді, 2023-2024 жж. 86% өсті, 2024-2025 жж. 19% кеміді. Жалпы өнмінің өсуі және кемуі ауа райына, табиғи аппаттарға, аурулар мен зиянкестерге, экономикалық мәселелерге байланысты. Сұлы өндірісінің жылдар бойынша өнімділігі: 2021-2022жж 30% кеміді, 2022-2023жж 32% өсті, 2023-2024жж 17% кеміді, 2024-2025жж 2% кеміді [5].

Өсімдік сүті Қазақстанда тұтынушылардың қалауы мен салауатты өмір салтына деген ұмтылысының өзгеруіне байланысты танымал бола түсуде. Дегенмен, сұраныстың өсуіне қарамастан, Қазақстандағы өсімдік сүтінің нарығы бірқатар қиындықтарға тап болып отыр.Технологиялар мен ғылыми әзірлемелердің болуына қарамастан, Қазақстанда өсімдік тектес сүттің жергілікті өндірісі шектеулі болып қалуда. Бұл инвестицияның жеткіліксіздігімен, қажетті инфрақұрылымның жоқтығымен және өндірушілер арасында осы нарықтың әлеуеті туралы хабардарлықтың жеткіліксіздігімен байланысты [6].

Қазіргі уақытта өсімдік сүтінің көпшілігі елімізге Бельгия және Ресей Федерациясы сияқты елдерден импортталады.




Сурет 3- Қазақстанға импортталатын өсімдік сүт өнімдерін өндірушілері және ассортименттері

Жалпы, 2024 жылы Қазақстанға сүт өнімдерінің импорты 12,6%-ға өсіп, 188,6 мың тоннаны құрады. Өсімдік сүті импорттың негізгі үлесі үлкен супермаркет желілері арқылы (Magnum, Galmart, Metro, т.б.) келеді. Жалпы бағалау бойынша, «Alpro», «Bite» өнімдерінің Қазақстанға импортталатын көлемі жылына шамамен 500–1500 тонна аралығында. «Не молоко», «Green milk» өнімдерінің шамамен Қазақстанға импорт көлемі жылына шамамен 200–500 тоннаны құрайды.[7]

Қазіргі уақытта сүт өнімдері нарығында айтарлықтай өзгерістер болып жатыр. Әртүрлі тенденциялар тауарлардың соңғы бағасына және тұтыну көлеміне әсер етеді. Сонымен қатар, тұтынушылар жаңа трендтерге сәйкес өз әдеттерін өзгертіп, жаңа жағдайларға бейімделуде.

Қазіргі экономикалық жағдайда сүт өнімдерін өндірушілер дағдарыстың әсерін сезінуде. Себебі: мал шаруашылығындағы шығындардың артуы (азық жетіспеушілігі, жоғары жем бағасы); логистикалық шығындардың өсуі (тасымалдау және қойма жалдау құнының артуы); санкциялар мен шектеулерден туындаған тапшылық.

Сүт, қаймақ, йогурт сияқты жануар текті сүт өнімдерінің бағасы тез өсуде. Бұл жағдай баламалы өнімдерге, әсіресе өсімдік сүтіне деген сұранысты арттыруда.

Кесте 1 -Өсімдік сүтінен жасалатын негізгі өнімдер

| **Өнім түрі** | **Негізгі ингредиент** | **Тағамдық құндылығы (100 г), гр** | **Қолданылуы** | **Артықшылықтары** |
|---|---|---|---|---|
| Өсімдік сүті | Сұлы, соя, бадам, күріш, кокос | Ақуыз:0,5-3г Майлар:0,5-3 Көмірсулар: 1-10 | Сиыр сүтіне балама, вегандық диета | Лактозасыз, аллергиясы бар адамдарға қолайлы |
| Өсімдік ірімшігі | Кешью, кокос майы, бадам, соя | Ақуыз:1-5 Майлар:10-25г Көмірсулар:0-5 | Сүт өнімдеріне балама | Сүт ақуызы жоқ, вегандарға қолайлы |
| Өсімдік йогурты | Кокос, соя, бадам, сұлы | Ақуыз:1-4 Майлар:2-8 Көмірсулар: 5-15 | Таңғы ас, жеңіл тамақ | Пробиотиктер бар, асқорытуды жақсартады |
| Өсімдік балмұздағы | Кокос сүті, бадам, кешью | Ақуыз:1-3 Майлар:5-15 Көмірсулар:10-25 | Десерт | Лактозасыз, жұмсақ дәмді |

Өсімдік сүт өнімдері бүгінгі таңда тек сиыр сүті өнімдеріне балама ғана емес, сонымен қатар денсаулықты нығайтатын, әртүрлі тағамдық қажеттіліктерге бейімделген заманауи тағам түрі ретінде кеңінен таралуда. Кестеде көрсетілгендей, өсімдік текті сүт, ірімшік, йогурт және балмұздақ өнімдері құрамындағы ақуыз, май және көмірсу мөлшерінің әртүрлілігімен ерекшеленіп, әр адамның ағзалық сұранысына сай таңдау жасауға мүмкіндік береді. [8]

**Қорытынды.** Осылайша, өсімдік сүт өнімдерінің жаһандық сұранысының артуы бірнеше маңызды факторлармен, оның ішінде лактозаға төзімсіздік, дәстүрлі сүттің жақпауы және вегандық өмір салтының таралуымен түсіндіріледі. Бұл өнімдер тек денсаулық үшін пайдалы емес, сондай-ақ экологиялық тұрғыда да тиімді. Өсімдік тектес сүт өнімдерінің ассортименті әртүрлі болып, соя, бадам, кокос, сұлы сияқты көптеген өсімдіктерден дайындалған сүт түрлері мен олардың баламалары, мысалы йогурт, ірімшік, балмұздақ, нарықта кеңінен таралуда. Қазақстанда бұл саланың даму перспективасы зор болса да, нарықтың толық қалыптасуына кедергі келтіретін бірқатар мәселелер, мысалы, шикізаттың қолжетімділігі мен өнімдердің танымалдығы жеткіліксіз. Бірақ олардың тағамдық құндылығы мен денсаулыққа пайдасы өсімдік сүт өнімдеріне деген қызығушылықты арттыра отырып, бұл бағыттың болашағын ашып отыр. Демек, өсімдік сүт өнімдері тек нарықтық сұраныс тұрғысынан емес, тұтынушылардың денсаулығына әсері мен экологиялық тиімділігі тұрғысынан да өзекті және келешекте үлкен сұранысқа ие болуы ықтимал.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Deng Y, Misselwitz B, Dai N, Fox M. Lactose Intolerance in Adults: Biological Mechanism and Dietary Management. Nutrients. -2015. С.-32-35.
2. Liu, R., & Jacobsen, c. Recent advances in the development of plant-based milk alternatives // Journal of Food Science. -2018. -№4. -с.83-84.
3. Riaz, M. N. Plant-based milks: A review. International // Journal of Food Science and Technology. -2015. -№4. -с.1-10
4. Tavakkol-Afshari, R., & Khosravi-Darani, K. Plant-based milks: Production, processing, and product development. // Food Science and Nutrition. -2020. -№5. -С.2320-2332.
5. Дақылдар бойынша статистикалық деректер. – [Электронный ресурс]. – URL: http://stat.gov.kz (пайдалынлаған күні: (01.01.2025)
6. Tavakkol-Afshari, R., & Khosravi-Darani, K. Plant-based milks: Production, processing, and product development. // Food Science and Nutrition. -2020. -№5. -С.2320-2332.
7. Liu, R., & Jacobsen, C. Recent advances in the development of plant-based milk alternatives // Journal of Food Science.-2019.- -№4. С.1013-1023.
8. Kuhn, D., & Gänzle, M. G. Fermentation of plant-based milks and dairy analogs. // Food Research International. -2019. С.1-12.

**АННОТАЦИЯ**

Количество потребителей, выбирающих растительное молоко по причинам, связанным со здоровьем или образом жизни, увеличилось. Непереваримость лактозы, непереносимость коровьего молоко и веганский образ жизни повысили интерес к альтернативным растительным молочным продуктам. После анализа производственных примеров в условиях экономической глобализации мира была изучена развитие рынка в Казахстане и основные барьеры в этом направлении. Особое внимание уделялось пищевой ценности и биологической значимости растительных продуктов, а их ассортимент расширяется ежегодно, такие виды молока, получаемые из сои, миндаля, овса, риса, кокоса и других растений, стали широко доступны на рынке. Кроме того, рынок альтернативных молочных продуктов, такие как йогурт, сметана, сыр и мороженое, также быстро развивалась.

**RESUME**

The number of consumers choosing plant-based milk for health or lifestyle reasons has increased. Lactose indigestion, cow's milk intolerance, and a vegan lifestyle have increased interest in alternative plant-based dairy products. After analyzing production examples in the context of economic globalization of the world, the development of the market in Kazakhstan and the main barriers in this direction were studied. Special attention was paid to the nutritional value and biological significance of plant products, and their range is expanding annually, such types of milk obtained from soy, almonds, oats, rice, coconut and other plants have become widely available on the market. In addition, the market for alternative dairy products, such as yogurt, sour cream, cheese and ice cream, also developed rapidly

**ӘОЖ 637.072**

**Меркенова А.М., магистрант**
**Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.**
**Оразов А.Ж., жетекшісі**
**Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.**

# ЕШКІ СҮТІНІҢ САПАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУ

**ТҮЙІН**

Мақалада ауыл шаруашылығы жануарларының, атап айтқанда, ешкі және сиыр сүтінің салыстырмалы зерттеуі жүргізілді. Зерттеу барысында ешкі мен сиыр сүтінің химиялық құрамы, тағамдық қасиеттері және ағзаға тигізетін пайдасы жан-жақты талданды. Химиялық құрам бойынша, ешкі сүті құрамында сиыр сүтімен салыстырғанда әлдеқайда аз лактоза мен бета-казеин бар, бұл оны лактозаға сезімтал адамдар үшін тиімді етеді . Сонымен қатар, ешкі сүтінде жоғары сапалы майлар мен аминқышқылдары көп, бұл оның ас қорыту жүйесі үшін сіңімділігін арттырады. Ешкі сүтіндегі май молекулаларының мөлшері кіші және олар жоғары дәрежеде эмульсияланған, сондықтан сүттің сіңірілуі жеңіл әрі жылдам өтеді.

***Түйінді сөздер:*** *ешкі сүті, сиыр сүті, химиялық құрамы, қасиеті.*

Сүт адамның ағзасына қажетті қоректік заттармен байытылған тағамдық өнімнің бірі. Ауыл шаруашылық жануарлары сүттерінің өзіне тән пайдалы қасиеті мен ерекшеліктері бар, олардың ішінде күнделікті қолданысқа ие жиі қолданылатын сиыр сүті [1].

Аллергиясы бар адамдар сиыр сүтінің құрамындағы ақуызға сезімтал болып келеді, ал ешкі сүтінің құрамында ағзада оңай қорытылатын ақуыз түрлері көп [2]. Сиыр сүтінің ешкі сүтінен басты айырмашылығы құрамында α-s-1 казеин ақуызы көп мөлшерде кездеседі [3]**.** Ешкі сүтінде кальций және фосфордың мөлшері сиыр сүтіне қарағанда әлдеқайда көп. Адам ағзасына оңай сіңуге қабілетті болып келеді. Бұл сүттің құрамында лактозаның деңгейі төмен. Осылайша ешкі сүті лактозаға төзбеушілігі бар адамдар үшін қолайлы. Лактозаның мөлшері төмен болғандықтан ағзаға жеңіл сіңеді және диареяны тудырмайды. Сондықтан нәрестелерде пайда болған диареяны емдеу үшін қолданады [4]**.**

Соңғы жылдары әлемдік тәжірибеде ғалымдар сиыр сүтін ешкі сүтімен алмастыруды кеңінен қарастырып жатыр. Әсіресе балалар тағамын өндіруде негізгі шикізат көзі ретінде ешкі сүтін енгізуді жоспарлады. Сонымен қатар сүттің физика-химиялық, биологиялық құндылығы зерттелініп келеді. Құрамы бойынша ешкі сүті сиыр сүтімен ұқсас болып келгенімен, оның химиялық құрамында сүт майының мөлшерінде өзгешеліктер бар. Май түйіршіктерінің бірігуі агглютининнің болуына байланысты. Ол ешкі сүтінде аз мөлшерде болады [5].


Ешкі сүті мен сиыр сүтінің тағы бір айырмашылықтарының бірі бұл сүттің құрамында қысқа тізбекті май қышқылдарының көп мөлшерде болуы. Бұл ағзаның жұқпалы ауруларға төзімділігін арттырады. Сонымен қатар холестериннің алмасуын қалыпқа келтіреді. Ешкі сүтінде жаңа туылған нәрестелер үшін маңызды глицероэфирлер көп. Бұл нәрестенің ас қорыту функциясын белсендіру үшін маңызды. Яғни асқазан-ішек жолдарын емдеуде үлкен рөл атқарады. Сонымен қатар тыныс алу жолдары, туберкулез сияқты аурулардың алдын алуға көмектеседі[6]. Бұл сүттің пробиотикалық қасиетіне байланысты ішек микробиомасының құрылымына әсер етеді. Ішек микробиомасына әсер ете отырып дисбиозды қалпына келтіреді. Ішек жолының биомаркерлеріне әсер етеді.

Ешкі сүтінің құрамында темір, мыс, мырыш және марганец мөлшері сиыр сүтіне қарағанда жоғары. Осылайша ешкі сүті темір тапшылығы анемия ауруының алдын алуға мүмкіндік береді. Ешкі сүтінен сүт өнімдерін жасау кеңінен таралып, нарықта өз орнын табуда. Ешкі сүтінің жоғары сіңімділігі, жеңіл қорыту қабілеті және емдік қасиеттері оның сүт өнімдерін өндіруге қолайлы шикізат ретінде танылуына себеп болды. Бұл сүттің құрамында көптеген биологиялық белсенді заттар мен микроэлементтер, сондай-ақ, иммундық жүйені нығайтуға көмектесетін заттар бар, олар ешкі сүтінен жасалған өнімдерді денсаулыққа пайдалы етеді [7].

Ешкі сүтінен түрлі өнімдер, соның ішінде йогурт, айран, ірімшік дайындалады. Ешкі сүтінен жасалған ірімшіктердің өзіне тән дәмі мен құрылымы болады. Бұл өнімдер асқазан-ішек жолдары мен аллергияға бейім адамдар үшін өте пайдалы болып табылады .

Ешкі сүтінен дайындалған өнімдердің құрамында пайдалы пробиотикалық микроағзалар кездеседі. Бұл микроағзалар ішек микрофлорасын қалыпты ұстап туруға және ас қорыту жүйесінің қызметін белсендіруге әсер етеді. Құрамында жиі кездесетін пробиотиктерге *Lactobacillus, Bifidobacterium, Streptococcus thermophilus,* және *Saccharomyces boulardii* жатады. Олар ішек микрофлорасын реттеп отыруға қабілетті [8].

Ешкі сүтінің диеталық және емдік қасиеттеріне байланысты ешкі шаруашылығы көптеген мемлекеттерде дамушы саланың біріне айналды. Қытай, Пәкістан, Түркия, Иран, Бразилия, Аргентина елдері ешкі шаруашылығы кең дамыған аймақтарына жатады. Еліміздің оңтүстік аймақтарында ешкі шаруашылығы кеңінен таралған, себебі бұл жыл бойы сақталатын оң температура ешкі жануарын жайылымда ұстауға мүмкіндік береді.




Сурет 1- Қазақстандағы ешкі мал басының өсу динамикасы

Суретте ешкі мал басы санының 1000 басынан төмен облыстары көрсетілмеген, статистикалық деректер бойынша бұл аймақтарда ешкі популяциясын зерттеуге жеткіліксіз болып табылады. Қазақстанда ешкі шаруашылығы жылдан жылға артып келеді. 2022 жылы Түркістан аймағында 4300 ешкі саны тіркелген болса, 2023 жылы олардың саны 23 %-ға өсті. Түркістан облысының ауыл шаруашылығында ешкі өсіру қарқынды дамып келеді, бұл аймақтың сүт өнімдерін өндіру мен мал шаруашылығында маңызды рөл атқарып отырғанын көрсетеді. Ешкі санының өсуі ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің артуына, сонымен қатар денсаулыққа пайдалы сүт өнімдері нарығының кеңеюіне ықпал етуде. Шаруашылықта ешкі сүтінен айран, сүзбе, йогурт өндіріледі. Ешкі сүтінен өнімдер өндіру үшін оның қасиеттерін, сапасын білу маңызды. Себебі, өнімнің дәмі, иісі, түсі, текстурасы мен консистенциясы тікелей сүттің сапасына байланысты. Ешкі сүтінің органолептикалық қасиетін, химиялық құрамын зерттеу арқылы оның қандай өнімдер жасауға жарамды екенін анықтауға болады. Сондықтан, ешкі шаруашылығымен айналысудың маңызы зор.

**Зерттеу нысаны мен әдістері.** Зерттеу нысаны ретінде сиыр сүті және ешкі сүті қолданылды. Сүттердің химиялық және органолептикалық көрсеткіштері анықталды.

Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

- Сиыр сүті - ҚР СТ 1760-2008; Техникалық шарттар. Үлгі №1
- Ешкі сүті - ҚР СТ 2117-2015; Техникалық шарттар. Үлгі №2
- органолептикалық зерттеулер ГОСТ ИСО 22935-2-2011 сәйкес жүргізілді;
- сынамаларды іріктеу және талдауға дайындық ГОСТ 3622-68 "Сынамаларды іріктеу және сынауға дайындық" бойынша жүргізілді;

Сүттердің химиялық құрамы MilkoScan Foss арқылы анықталды. Сиыр және ешкі сүттерінің ақуыздық мөлшері, май, лактоза және құрғақ заттар анықталды. Сүт өнімдеріне арналған зерттеулер санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес жүргізілді.

**Зерттеу нәтижелері мен талқылау.** Бұл зерттеуде сиыр және ешкі сүтінің органолептикалық қасиеті және химиялық құрамы анықталды. Зерттеу барысында алынған нәтижелер төмендегідей:

Кесте 1 - Сүттердің органолептикалық көрсеткіштері

| Көрсеткіштер | ГОСТ 31449-2013 | Үлгі №1 | ГОСТ 32940-2014 | Үлгі №2 |
|---|---|---|---|---|
| Иісі мен дәмі | Тәттілеу дәмі бар, иісі жұмсақ | Сәйкес келеді | Иісі айқын, дәмі жеңіл, ерекше | Сәйкес келеді |
| Консистенциясы | Біркелкі | Сәйкес келеді | Тұтқыр | Сәйкес келеді |
| Түсі | Ақ | Сәйкес келеді | Ақшыл қою | Сәйкес келеді |

Сиыр мен ешкі сүтінің органолептикалық көрсеткіштері бір бірінен ерекшеленді. Ешкі сүтінің түсі сәл ақшыл қою болып келсе, сиыр сүтінің өзіне тән ақ түсімен ерекшеленді. Ешкі сүтінің құрамындағы май молекулаларына байланысты қоюлау, тұтқыр, әрі қанық түсті болып келеді. Сүттің бұл қасиеттері әртүрлі тұтынушы қажеттіліктеріне сай болуына мүмкіндік береді.

Кесте 2 - Сүттердің химиялық құрамы

| Көрсеткіш | Сүт және сүт өнімдерінің қауіпсіздігі туралы техникалық регламент (ТР ТС 033/2013) | | Үлгі №1 | Үлгі №2 |
|---|---|---|---|---|
| | Сиыр | Ешкі | | |
| Майдың массалық үлесі, %, кем емес | 2,8 | 2,8 | 4 ± 0,02 | 4,5 ± 0,01 |
| Ақуыздың массалық үлесі, %, кем емес | 2,8 | 2,8 | 3,1 ± 0,07 | 4,3 ± 0,1 |
| Лактоза, % | 4-5 | 3-4 | 4,4 ± 0,05 | 3,3 ±0,02 |
| Құрғақ заттар, %, кем емес | 8,2 | 13,4 | 12,3 ± 0,03 | 13,7 ± 0,01 |

Кесте 2 көрсетілгендей ешкі сүтінің құрамында ақуыздың , лактозаның және майдың мөлшері сиыр сүтіне қарағанда көп. Бұл ерекшеліктер ешкі сүтінің құнарлы, сапалы, қоректік табиғи өнім екендігін көрсетеді. Ешкі сүтіндегі акк\уыздар ағзаға оңай сіңедң және денсаулыққа пайдалы болып келеді. Сонымен қатар ешкі сүтіндегі майлар ұсақ бөлшектерге бөлінген, сондықтан асқазанға жеңіл сіңіп, оңай қорытылады. Сонымен қатар лактозаның деңгейі көп мөлшерде екендігі анықталды. Бұл сүтке ерекше айқын дәм береді.

**Қорытынды.** Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша ешкі сүтінің химиялық құрамы мен органолептикалық қасиеттері сиыр сүтінен бірқатар ерекшеліктерге ие екендігі анықталды. Ешкі сүтінде ақуыздың**,** лактозаның және майдың мөлшері сиыр сүтіне қарағанда жоғары. Бұл сүттің тағамдық құндылығын арттырып, оның қоректік қасиеттерін күшейтеді. Ешкі сүтінің құрамындағы ақуыздардың құрылымы адам ағзасы үшін жеңіл сіңімді және аллергияға бейім адамдарға тиімді болуы мүмкін. Сонымен қатар, ешкі сүтіндегі ақуыздардың құрамында бета-казеиннің аз болуы оның ас қорыту жүйесі үшін пайдалы қасиеттерін арттырады**.** Қортындылай келе, ешкі сүтінің химиялық құрамы жоғары сапалы ақуыздар (4,3%), май (4,5%) және лактоза (3,3%) мөлшерімен ерекшеленеді. Бұл көрсеткіштер оның қоректік құндылығын, сіңімділігін және денсаулыққа тигізетін пайдалы әсерін білдіреді. Осылайша, ешкі сүті — пайдалы және қоректік құндылығы жоғары өнім болып табылады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Казюкова, Т.В., Ильенко, Л.И., Котлуков, В.К. Козье молоко в питании детей грудного и раннего возраста [Текст] / Педиатрия. - 2017. -№ 96 (1). - С. 75–82.

2. Исаев М.А. Антигельминтная эффективность асмегума при гельминтозах коз и влияние его на их молочную продуктивность // Вестник Алтайского государственного аграрного университета. 2019. № 3 (173). С. 121-125.

3. Изучение влияния комплекс образования сывороточный белок молока – анионный полисахарид (пектин) на свойства белково-жировых эмульсий. Е.В. Смолко [и др.] // Сборник научных трудов Всероссийского научно-исследовательского института овцеводства и козоводства. 2013. Т. 3. № 6. С. 262–264

4. Тултабаева Т.Ч., Шаншарова А.С. Исследование жирно-кислотного состава молока у различных пород коз [Текст] / Новости науки Казахстана. – Алматы. - 2019. - №3 - С.133-139.

5. Симоненко С. В. и др. Козье молоко - ценное сырье для производства детских молочных продуктов // Овцы, козы, шерстяное дело. – 2017. – №. 4. – С. 35-36.

6. Yadav, A.K., Singh J., and Yadav S.K. Composition, nutritional and therapeutic values of goat milk: A review [Text]. - Asian Journal of Dairy and Food Research.-2016. -№35. - С. 96-102.

7. Довбенко И.Б. Блюда из творога и сыра на козьем молоке [Текст] / И.Б. Довбенко — М.: Эксмо; СПб.: Терция, -2008. — 64 с

8. Байтемирова З.М. Современное состояние технологии кисломолочных продуктов функционального назначения в Казахстане / З.М. Байтемирова // XVI Сатпаевские чтения: междунар. науч. конф. мол. ученых, магистрантов, студентов и школьников. – Павлодар, 2016. – Т. 24. – С. 340–345.


## АННОТАЦИЯ


По результатам проведенного исследования установлено, что химический состав и органолептические свойства козьего молока имеют ряд особенностей по сравнению с коровьим молоком. Козье молоко содержит больше белка, лактозы и жира, чем коровье молоко. Это увеличивает питательную ценность молока и усиливает его питательные свойства. Структура белков, содержащихся в козьем молоке, легко усваивается человеческим организмом и может быть эффективной для людей, склонных к аллергии. Кроме того, низкое содержание бета-казеина в белках козьего молока увеличивает его полезные свойства для пищеварительной системы. В целом, химический состав козьего молока отличается высоким содержанием белков (4,3%), жиров (4,5%) и лактозы (3,3%). Эти показатели представляют его питательную ценность, усвояемость и благотворное влияние на здоровье. Таким образом, козье молоко — продукт с высокой полезной и питательной ценностью.

**RESUME**

According to the results of the conducted study, it was found that the chemical composition and organoleptic properties of goat milk have a number of features from cow's milk. Goat's milk has a higher protein, lactose and fat content than cow's milk. This will increase the nutritional value of milk and strengthen its nutritional properties. The structure of proteins contained in goat's milk is easily digestible for the human body and can be effective for people prone to allergies. In addition, the low content of beta-casein in goat milk proteins increases its beneficial properties for the digestive system. In conclusion, the chemical composition of goat milk differs in the content of high-quality proteins (4,3%), fat (4,5%) and lactose (3,3%). These indicators represent its nutritional value, digestibility, and beneficial effects on health. Thus, goat's milk is a product of high useful and nutritional value.

**УДК 635.68.35.51**

**Тулегенов У.Т., Соколов А.В., студенты**
**Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана, г.Уральск**
**Нургалиева Г.К., руководитель**
**Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана, г.Уральск**

# ПОДБОР И ОПРЕДЕЛЕНИЕ ОПТИМАЛЬНОГО ВИДА И СОСТАВА КОМПОНЕНТОВ СУБСТРАТА

**АННОТАЦИЯ**

В настоящее время все большее развитие в защищенном грунте приобретают малообъемные методы выращивания растений. В статье рассматриваются характеристики различных субстратов и данные по замещению почвогрунтов отечественными компонентами для выращивания рассады огурцов.

***Ключевые слова**: защищенный грунт, почвенные грунты, субстрат, гидропоника, овощные культуры*.

Для выращивания овощных культур или рассады овощных растений используют различные по составу почвенные смеси. Идеальными по физическим свойствам считаются почвосмеси, в которых соотношение твердой, жидкой и газообразной фаз составляет 1:1,5:2,5.

Основными компонентами являются дерновая или пахотная земля, перегной, минеральные удобрения и др. Их соотношение определяется уровнем плодородия дерновой земли, качеством перегноя или других органических примесей, а также потребностью в питательных элементах различных овощных растений.

Для улучшения воздухопроницаемости и влагоемкости тепличных грунтов применяют такие рыхлящие материалы, как древесные опилки (от 20 до 30% обьема), дробленная древесная кора (за исключением пород, содержащих дубильные вещестава), соломенная резка; из неорганических – туф, перлит, вермикулит. Оптимальный почвогрунт должен состоять: из 50% перепревшего перегноя, 50% рыхлящих компонентов (органических или не органических).

Подбор и определение оптимального вида и состава компонентов субстрата.

В условиях лаборатории ЗКАТУ им Жангир хана проведено изучение влияния различных субстратов на развитие рассады огурца в условиях малообьемной гидропоники. Проведена работа по подбору и определению оптимального вида и состава компонентов субстрата для выращивания рассады огурца в условиях малообьемной гидропоники, обеспечивающих повышение качества рассады, снижение себестоимости и повышение продуктивности огурца.

Наряду с неоспоримыми достоинствами, гидропоника имеет и ряд проблемных вопросов. Один из важнейших вопросов – подбор оптимальных субстратов для корнеобитаемой среды.

Каким требованиям должен отвечать материал, используемый в качестве субстрата?

Это должно быть вещество со следующими свойствами:

- структурным с довольно крупными частицами, которые не высыпались бы между рейками обрешетки или между ячейками сетки;

- способное поглощать и удерживать большое количество воды, чтобы не требовалось ежедневно увлажнять его питательным раствором;
- устойчивое против разложения и не способное загнивать;
- химически нейтральное, то есть такое, которое не выделяет никаких продуктов, способных навредить растениям, и не влияет на питательный раствор.

В Казахстане имеющиеся и строящиеся тепличные коплексы в основном рассчитаны на работу с субстратами, импортируемыми из дальнего зарубежья. Между тем, в Казахстане существует множество источников минеральных и органических субстратов.

Современная промышленность подарила нам два вещества, которые уникальны по своей структуре, качествам и свойствам – это перлит и вермикулит.

Перлит производят из вулканических алюмосиликатных горных пород, которые сначала измельчают, затем нагревают до температуры около 1000°С. При такой температуре кристализованная вода, которая входит в структуру разрушаемой породы, переходит в газообразное состояние и расширяет частицы, что похоже на воздушную кукурузу, и образуется очень легкая, насыщенная воздухом белая минеральная структура. Отдельные гранулы, размеры которых варьируют в пределах от пылеватых до около 6-7 мм с грубой неровной поверхностью, содержат наполненные воздухом полости. Как и большинство субстратов, используемых в настоящее время в растениеводстве, перлит первоначально разрабатывали для промышленных нужд. В данном случае в качестве легкого теплоизоляционного материала для промышленности стройматериалов. Перлит используют в растениеводстве в течение многих лет, гораздо дольше, чем большинство других субстратов. В далеких 1960-х гг. он был популярной составной частью компостов для горшочков, особенно для торфоперлитных смесей разработанных в США. Он до сих пор широко используется в качестве составной части компостных смесей для горшочков, обычно в сочетании с торфом или вермикулитом.

Перлит очень легкий, его плотность в россыпи составляет около 100 кг/м$^3$, или около одной двадцатой веса песка. Отдельные гранулы различаются по диаметру до 6 и более мм, но сорта, используемые в растениеводстве – агроперлит, обычно бывают в диапазоне 2-5 мм. Важно, чтобы размеры гранул растениеводческой градации перлита не были слишком мелкими. Доступная вода удерживается между неровностями поверхности гранул и внутри их. Грубая внешняя поверхность гранул в основном отвечает за существенное капиллярное притяжение, которым перлит обладает по отношению к воде. Перлит обладает незначительной катионообменной способностью, которая действительно является более инертной, чем многие другие субстраты, рассматриваемые здесь.

Номинальное значение pH составляет около 7,0-7,5, но это имеет небольшое практическое значение, так как материал не обладает существенным влиянием на pH питательного раствора, удерживаемого внутри этого объема. Отдельные гранулы достаточно прочны для оказания сопротивления некоторому давлению без разрушения, поэтому субстрат можно повторно использовать несколько раз без каких-либо существенных изменений его физических свойств. Он устойчив к температуре пара, поэтому его можно стерилизовать при необходимости, как на месте, так и в россыпи в автоклаве.

Химический состав вермикулита отвечает приблизительной формуле (Mg+2, Fe+2, Fe+3)3 [(AlSi)4O10]·(OH)2·4H2O. Вермикулит обычно производится с различными добавками, поэтому формула химического состава всегда указывается приблизительно.

Перлит имеет черную, зеленую, красно-бурую окраску различных тонов. Строение перлита концентрически-скорлуповатое с ядрами, состоящими из идеальных по форме шариков.

Вермикулит вспученный – это сыпучий пористый материал в виде чешуйчатых частиц серебристого, золотистого или желтого цвета.

Физические свойства перлита и вермикулита.

Перлит – высокопористый, малоплотный, низкотеплопроводный и температуростойкий материал. Он биологически стоек, инертен, не горюч и экологически чистый.

Перлит бывает пластинчатый – это основной вид перлита, и зернистый.

Вермикулит вспученный также имеет своеобразную пластинчатую пористость. Его наиболее ценным свойством является способность при прокаливании увеличивать объем. При

этом на смену водяному пару между листочками слюды приходят прокладки из воздуха, а сам вермикулит сохраняет свои свойства.

Вермикулит – отличный тепло и звукоизолятор, он инертен к органическим веществам, экологичен, при слабой гигроскопичности обладает хорошей впитывающей способностью, характеризуется повышенной огнестойкостью и малым коэффициентом температурного расширения.

В отличие от перлита вермикулит обладает упругой деформацией.


Все эти физико-технические свойства и определяют необыкновенно широкие возможности применения перлита и вермикулита в сельском хозяйстве в качестве субстрата для выращивания растений.

Для проведения исследований были подобраны и подготовлены различные отечественные минеральные, органические субстраты, а также органоминеральные смеси:

Схема. Определить оптимальный субстрат для рассады огурцов

Посев семян в субстраты провели – 1 марта в кассеты 15 х 20 см. Уход за растениями заключался в поливах питательным раствором через день.

1. минеральная вата – контроль
2. овечья шерсть
3. овечья шерсть + перлит
4. овечья шерсть + вермикулит







Проведение биометрических исследований показало существенные различия в развитии растений на разных субстратах. Самые слабые растения были отмечены на субстрате овечья шерсть, что может быть связано с высокой воздухоемкостью этого материала. Самые развитые растения в опыте были отмечены на контрольном варианте и на смесевых органоминеральных субстратах овечья шерсть+перлит, овечья шерсть+вермикулит.

Таблица 1 – Биометрические наблюдения за рассадой огурца

| Субстраты и смеси | Толщина стебля (мм) | Высота растения (см) | Количество листьев (шт.) | Поверхность листьев (см2) |
|---|---|---|---|---|
| минеральная вата (контроль) | 4,9 | 17,3 | 4,0 | 124 |
| овечья шерсть | 1,5 | 5,9 | 1,8 | 5,5 |
| овечья шерсть + перлит | 4,6 | 14,6 | 4 | 76 |
| овечья шерсть + вермикулит | 3,8 | 12,3 | 3,6 | 46 |

Анализ полученных данных позволяет сделать вывод, что наиболее перспективными для рекомендации в производство являются смесевые органоминеральные субстраты овечья шерсть+перлит, овечья шерсть+вермикулит.

Также будут продолжаться исследования по изучению подбора и определение оптимального вида и состава компонентов субстрата.

## СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ


1. Матвеев В.П Овощеводство / В.П. Матвеев, М.И. Рубцов – Москва, 2011. – 423 с.
2. Брызгалов В.А. Овощеводство защищенного грунта / В.А. Брызгалов, В.Е. Советкина, Н.И. Савинова – Ленинград, 2003 г. – 350 с.
3. Юсупов М.З. Овощеводство Казахстана / М.З. Юсупов, Е.П.Петров, Ф.Ахметова. - 1-2 том. - Алматы, 2000. 431 с.
4. Земскова Ю.К. Промышленные технологии производства овощей в защищенном грунте / Ю.К. Земскова – Саратов, 2014 г. – 82 б.
5. Справочник по овощеводству / Сост. В.А.Брызгалов – Ленинград, 1992 г. – 512 с.
6. Рекомендации по возделыванию овощных культур в теплицах / С.К.Джантасов, А.О.Нусупова, Г.С.Кусаинова, С.Бойко – Караганда:ТОО «LITERA», 2015 – 44 с.
7. Тепличное овощеводство Урала / Сост. и ред. А.В. Юрина. – Свердловск, 1990. 192 с.
8. Андреев В.М. Практикум по овощеводству / В.М. Андреев, В.М. Марков – Москва, 2011 – 207 с.
9. Щепетков, Н.Г. Основы овощеводства. Методическое пособие в вопросах и ответах. / Н.Г. Щепетков, В.В. Титова, И.И. Жумагулов. - Астана, 2000. – 20 с.
10. Селиванова М.В. Овощеводство защищенного грунта / М.В. Селиванова, И.П. Барабаш, Е.С. Романенко, Н.А. Есаулко, В.И. Жабина и др – Ставрополь, 2014 ж. – 79 с..



## ТҮЙІН

Мақалада әртүрлі субстраттардың сипаттамалары және қияр көшеттерін өсіру үшін топырақты отандық компоненттермен алмастыру туралы мәліметтер қарастырылады. Жылыжай грунттарының ауа өткізгіштігі мен ылғал сыйымдылығын жақсарту үшін үгінділер (көлемнің 20 – дан 30% - на дейін), ұсақталған ағаш қабығы (құрамында таниндер бар түрлерді қоспағанда), сабан кесу сияқты қопсытқыш материалдар қолданылады; Бейорганикалық – туф, перлит, вермикулит. Оңтайлы топырақ мыналардан тұруы керек: 50% шіріген гумус, 50% қопсытқыш компоненттер (органикалық немесе органикалық емес). Субстрат компоненттерінің оңтайлы түрі мен құрамын таңдау және анықтау.

## RESUME

Currently, low-volume methods of growing plants are becoming increasingly developed in protected soil. The article discusses the characteristics of various substrates and data on the replacement of soils with domestic components for growing cucumber seedlings. To improve the air permeability and moisture capacity of greenhouse soils, loosening materials such as sawdust (from 20 to 30% of the volume), crushed bark (with the exception of rocks containing tannins), straw cutting; from inorganic materials – tuff, perlite, vermiculite. The optimal soil base should consist of: 50% rotted humus, 50% loosening components (organic or non-organic).



**УДК 627.512 (574.1)**


**Утегенова А.Е., магистр**
**Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана, г. Уральск**
**Губашева Б.Е., руководитель**
**Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана, г. Уральск**

# МОНИТОРИНГ И ПРОГНОЗИРОВАНИЕ ПАВОДКА АКТУАЛЬНЫМИ МЕТОДАМИ В ЗКО


## АННОТАЦИЯ

Статья посвящена анализу паводковой ситуации в Западно-Казахстанской области в 2024 году, а также современным методам мониторинга и прогнозирования половодий. Рассматриваются факторы, влияющие на развитие паводков, включая климатические условия, гидрологические особенности региона и антропогенное воздействие. Описаны традиционные и передовые методы мониторинга, такие как гидрометеорологические наблюдения, дистанционное зондирование, автоматизированные системы сбора данных и численное моделирование. Приведен обзор гидрологических моделей HBV и SWIM, используемых для прогнозирования стока и оценки рисков наводнений.

На основе анализа эффективности существующих методов предложены рекомендации по усовершенствованию системы мониторинга и прогнозирования паводков, включая расширение сети автоматизированных гидропостов, активное применение спутниковых и беспилотных технологий, а также внедрение алгоритмов машинного обучения для более точного прогнозирования экстремальных гидрологических событий.

Результаты исследования могут быть использованы для оптимизации гидрометеорологического мониторинга, повышения эффективности управления водными ресурсами и снижения последствий паводков в Казахстане.



***Ключевые слова**: паводки, мониторинг, прогнозирование, регрессия, модель.*


**Введение.** Половодье — это ежегодное явление, заключающееся в значительном и продолжительном увеличении уровня воды в реках, что часто сопровождается затоплением поймы и повышением воды в русле. Это явление является одной из основных причин наводнений.

Половодье может приобрести катастрофические масштабы, если свойства почвы ухудшены из-за избыточного увлажнения в результате сильных осенних дождей и глубокой промерзания в холодный зимний период. Весной, когда дожди усиливают таяние снега, пик половодья может совпасть с пиком паводка, что ведет к еще большему увеличению уровня воды [1].

Тяжелая паводковая обстановка сложилась в бассейне р. Жайык, охватившая Актюбинскую, Западно-Казахстанскую и Атыраускую области республики, в регионе был объявлен режим ЧС. Произошли переливы талых вод через проезжую часть автодорог; размывы автодорог, мостов, переходов; прорывы дамб и плотин; подтопление населенных пунктов; проводились эвакуация и спасение людей из затопленных территорий [2].

В 2024 году весенний паводок в ЗКО был обусловлен значительными снегопадами и резким потеплением. По данным РГП Казгидромет, уровень воды в реках Урал и Чаган превысил среднемноголетние значения. Спутниковые наблюдения подтвердили расширение зоны затопления, что совпадало с прогнозами гидродинамических моделей.

В 2024 году на 1 этапе от талых вод и паводков на реках области подверглись подтоплениям 32 населенных пункта Бурлинского (5), Таскалинского (2), Теректинского (5), Каратобинского (3), Сырымского (7) районов и района Байтерек (10), из-за повышения уровня воды на реке Жайык – 129 садовых обществ г. Уральска (113), Бурлинского (2), Теректинского (2) районов и района Байтерек (12).

По результатам работы комиссий МИО количество подтопленных домов по области в 2024 году составило 1 491 жилых (Байтерек – 77, Таскалинский – 8, Теректинский – 650, Сырымский – 263, Каратобинский – 103, Бурлинский – 390) и 15 878 дачных домов (г. Уральск – 14 466, Байтерек – 446, Теректинский – 721, Бурлинский – 245) (Рисунок 1).

Во время паводкового периода 2025 года подтоплений жилых домов не зафиксировано.





Рисунок 1 - Количество затопленных жилых домов по районам ЗКО

В 2024 году по области зарегистрировано 66 фактов переливов (5 – республиканского, 33 – областного и 28 – местного значения) талой воды через автодороги, также 75 фактов размыва (1 – республиканского, 5 – областного и 69 – местного значения) дорожного полотна.

В 2025 году зарегистрировано 8 переливов (1 – на областной дороге, 7 – на районных) и 1 размыв дорожного полотна (на областной дороге) (Рисунок 2) [3,4].





Рисунок 2 – Количество переливов и размывов автодорог на территории ЗКО

Пьезоэлементтердің басқа баламалы энергия көздерімен салыстырғанда қандай артықшылықтары мен шектеулері бар екенін түсіну үшін, күн панельдері мен жел турбиналары сияқты дәстүрлі энергия көздерімен салыстыру қажет. Келесі кесте бұл технологиялардың негізгі ерекшеліктерін айқындайды.

Пьезоэлементтер өздерінің ерекше артықшылықтарына байланысты күн панельдері мен жел турбиналарына қарағанда бірқатар мүмкіндіктер ұсынады. Алайда олардың өнімділігі мен орнату құны шектеулі болғандықтан, оларды үлкен энергетикалық жобаларда қолдану қиындау.

Пьезоэлементтердің негізгі артықшылықтары – олардың экологиялық тазалығы, компакттылығы және әртүрлі жағдайларда жұмыс істей алуы. Олар адамдар көп жүретін жерлерде, мысалы, метро станцияларында, сауда орталықтарында, пешеходтар жолдарында орнатылуы мүмкін. Пьезоэлементтер сондай-ақ ұялы телефондар немесе сағаттар сияқты

портативті құрылғыларды зарядтауға қолданылады, бұл оларды қала өмірінде тиімді пайдалану үшін жақсы мүмкіндік береді.


Алайда олардың негізгі кемшілігі – төмен энергия өндіру мүмкіндігі. Егер үлкен көлемде электр энергиясын өндіру қажет болса, онда көп мөлшерде пьезоэлемент орнату қажет болады, бұл орнату мен қызмет көрсету шығындарын арттырады. Сондай-ақ бұл технологиялар әлі де дамып келе жатқандықтан, оларды қолданысқа енгізу үшін қосымша уақыт қажет.

Кесте 1- Пьезоэлементтер мен басқа баламалы энергия көздерінің салыстырмалы сипаттамасы

| | Пьезоэлементтер | Күн панельдері | Жел турбиналары |
|---|---|---|---|
| Жұмыс принципі | Механикалық энергияны электр энергиясына айналдыру | Күн энергиясын электр энергия ына айналдыру | Желдің кинетикалық энергиясын электр энергиясына айналдыру |
| Өндіргіштік | Төмен, қозғалыс көзіне тәуелді | Орташа, күн сәулесінің интенсивтілігіне тәуелді | Жоғары, желдің күші мен жылдамдығына тәуелді |
| Ауа райы жағдайларына тәуелділігі | Ауа райына тәуелсіз | Күн белсенділігіне тәуелді | Желдің болуы мен күші қажет |
| Орнату алаңының өлшемдері | Компактты, құрылғылар мен инфрақұрылымға біріктіруге болады | Үлкен алаңдар қажет | Үлкен алаңдар мен арнайы шарттар қажет |
| Орнату құны | Өндірістің жоғары құны | Орташа, бірақ технологиялар дамыған сайын төмендеуде | Қымбат, турбиналарды орнату және іске қосу құны жоғары |
| Экологиялық таза болуы | Өте жоғары, қалдықтар мен ластану жоқ | Жоғары, бірақ өндіріс үшін материалдар қажет | Жоғары, бірақ экожүйеге әсері болуы мүмкін |
| Күнделікті өмірде қолдану мүмкіндігі | Жоғары, кроссовкаларда, тротуарларда, инфрақұрылымда | Орташа, негізінен үлкен жобаларда | Шектелген, ашық кеңістіктерде ғана |

Пьезоэлементтердің ең қызықты қолдану бағыттарының бірі – оларды кроссовкаларға орнату. Бұл жағдайда адамның әр қадамы кезінде механикалық энергия электр энергиясына айналуы мүмкін, оны мобильді құрылғыларды қуаттау үшін қолдануға болады. Бұл жаңа баламалы энергия өндіру мүмкіндігін ашады және күнделікті өмірде тұрақтылыққа бағытталған жаңа қадам болып табылады.

Тағыда қызықты бағыттардың бірі – пьезоэлементтерді жаяу жүргіншілер өткелдерінде және тротуарларда қолдану. Адамдар осы жерлермен жүргенде, олардың қадамдары қысым тудырады, ал пьезоэлементтер бұл қысымды электр тогына айналдыра алады. Осылайша алынған энергия көшелерді жарықтандыру немесе ақпараттық дисплейлерді қуаттау үшін қолданылуы мүмкін. Кейбір елдерде пьезоэлементтерді жол жабынына орнату бойынша тәжірибелер жүргізілуде, бұл адамдар мен көліктердің қозғалысынан энергия алуға мүмкіндік береді.



Сурет 2- Электр қуатты өндіретін кроссовкалардың
схемасы(пьезоэлементтер,түзеткіш,аккумулятор)



Сурет 3- Электр қуатты өндіретін жаяужол.

Қорытындылай келе, пьезоэлементтер – механикалық қозғалыс арқылы энергия өндірудің тиімді және болашағы зор технологиясы болып табылады. Күн панельдері мен жел турбиналарына қарағанда олардың өнімділігі төмен болғанымен, экологиялық тазалығы, компакттылығы және күнделікті өмірге енгізу мүмкіндігі оларды басқа энергия көздерінен артықшылығы ретінде ерекшелендіреді. Технологияның әрі қарай дамуы және өндіріс шығындарының төмендеуі пьезоэлементтерді энергия өндірудің маңызды құралына айналдыруы ықтимал. Болашақта пьезоэлектрлік технологиялар қоғамның тұрақты энергетикалық шешімдеріне елеулі үлес қосып, күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналуы мүмкін.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1.Прия, С., Инман, Д. Дж. (ред.). (2009). Технологии сбора энергии. Springer.

2.Антон, С. Р., Содано, Х. А. (2012). Сбор энергии для интеллектуальных структур и систем. Smart Materials and Structures, 21(1), 013001.

3.Ван, Ч. Л., Сонг, Дж. (2006). Наногенераторы для самопитаемых устройств и систем. Science, 312(5771), 242-246.

4.Сафари, А., Акдоган, Э. К. (ред.). (2008). Пьезоэлектрические и акустические материалы для применения в преобразователях. Springer.

5.Юан, Х., Ван, Ч. (2018). Применение пьезоэлектрических материалов в возобновляемой энергетике. Journal of Renewable Energy, 120, 385-401.

6.Ли, З., Ван, Ч. (2011). Пьезоэлектрические наногенераторы: теория и практика. Advanced Materials, 23(8), 838-847.

7.Нишида, Х. (2015). Микроэнергетические технологии для IoT-устройств. IEEE Transactions on Industrial Electronics, 62(7), 4280-4290.

8.Матсуда, Т., Накамура, К. (2013). Биомеханические пьезоэлектрические генераторы. Sensors and Actuators A: Physical, 199, 105-112.

9.Смирнов, А. В. (2017). Пьезоэлектрические технологии в интеллектуальных системах. Российский журнал нанотехнологий, 12(3), 45-56.

10.Ким, С., Ли, Д. (2020). Гибкие пьезоэлектрические материалы для носимой электроники. Nano Energy, 78, 105247.

11.Чжан, Ю., Чен, Х. (2019). Разработка высокоэффективных пьезоэлектрических сенсоров. Applied Physics Letters, 114(9), 093901.

12.Федоров, С. И. (2016). Пьезоэлектрические преобразователи энергии: принципы работы и перспективы. Энергетика и технологии, 14(2), 22-30.

13.Гомес, Х., Альварес, П. (2021). Будущее пьезоэлектрических генераторов энергии. Smart Energy Journal, 10(4), 88-99.

14.Янг, Х., Чу, С. (2015). Миниатюрные пьезоэлектрические устройства для сбора энергии. Microsystems & Nanoengineering, 1, 15013.

15.Браун, К. (2022). Перспективы использования пьезоэлектрических элементов в умных городах. Sustainable Energy Reviews, 136, 110662.

**АННОТАЦИЯ**

В глобальном стремлении к устойчивым источникам энергии пьезоэлектрические элементы становятся важным компонентом альтернативных технологий выработки электроэнергии. Эти устройства преобразуют механическую энергию, возникающую при движении или давлении, в электрическую энергию. В данной работе рассматриваются принципы работы пьезоэлектрических элементов, их потенциал и ограничения, а также проводится сравнительный анализ с другими альтернативными источниками энергии, такими как солнечные панели и ветряные турбины. Особое внимание уделяется возможностям применения пьезоэлектрических элементов в обуви, на пешеходных дорожках и тротуарах. Подчеркивается интеграция пьезоэлектрических технологий в повседневную жизнь и их потенциал в развитии устойчивых энергетических решений.

**RESUME**

In the global pursuit of sustainable energy resources, piezoelectric elements are becoming an essential component of alternative technologies for generating electrical energy. These devices convert mechanical energy, which is the energy generated from movement or pressure, into electrical energy. This paper discusses the working principles of piezoelectric elements, their potential and limitations, and provides a comparative analysis with other alternative energy sources such as solar panels and wind turbines. Special attention is given to the application possibilities of piezoelectric elements in footwear, pedestrian pathways, and sidewalks. The integration of piezoelectric technologies into daily life and their potential in developing sustainable energy solutions are highlighted.

**ӘОЖ 504.054**

**Бостайлақова Р.Е., магистр**
**Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.**
**Хайруллина С.Г., жетекшісі**
**Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.**

# ҚАУІПТІ ӨНДІРІСТІК ЗАТТАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕГЕНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЗА ТЕХНОЛОГИЯЛАР


## ТҮЙІН

Бұл мақалада қауіпті өндірістік заттармен жұмыс істеу барысында қолданылатын экологиялық таза технологиялардың маңыздылығы қарастырылады. Автор ластанудың алдын алу, бақылау және салдарын жоюдың тиімді әдістерін саралай отырып, экологиялық қауіпсіз өндіріс жүйесін енгізудің қажеттілігін көрсетеді. Қазіргі заманғы экотехнологиялар өндірістегі зиянды қалдықтарды азайтып қана қоймай, қоршаған ортаны қорғауға және адам денсаулығын сақтауға зор үлес қосады. Сонымен қатар, мақалада қалдықтарды өңдеу, қайта қолдану және ластанған аумақтарды қалпына келтіру тәсілдері сипатталады. Экологиялық таза технологияларды жоспарлы түрде енгізу – тұрақты даму мен өнеркәсіптік қауіпсіздіктің басты шарты ретінде айқындалады.



***Түйінді сөздер:*** *экологиялық технологиялар, өндірістік қауіпсіздік, ластану, қалдықтарды қайта өңдеу, тұрақты даму.*


Химия өнеркәсібіндегі кәсіпорындар улы заттармен ластану қаупі жоғары нүктелер болып табылады. Олардың көпшілігі жұмыс барысында қоршаған ортаға зиянды және қауіпті заттарды шығарады. Мұндай шығарындылардың көлемі көп болмағанымен, олардың экологиялық әсері айтарлықтай және қоршаған ортаға елеулі зиян келтіруі мүмкін. Осы себепті қазіргі уақытта химия өнеркәсібінің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында зиянды шығарындыларды азайту және қалдықтарды кәдеге жарату бойынша қатаң талаптар енгізілуде. Алайда бұл шараларды жүзеге асыру кәсіпорындарды ауқымды қайта жабдықтауды және қымбат технологияларды қолдануды талап етеді. Сол себепті қазіргі таңда бұл шараларды тек ірі өндіріс орындарының аз бөлігі ғана енгізіп отыр, ал қалған кәсіпорындар бұрынғыдай жұмыс режимін жалғастыруда.

Улы қалдықтарды сақтау мәселесі де күрделі күйінде қалып отыр. Қазіргі таңда үйінді алаңдарында темір сульфаты, фосфогипс және басқа да өндіріс қалдықтары түріндегі мыңдаған тонна улы заттар жиналған, олар әлі де қоршаған ортаға орасан зор зиян келтіруде. Мұндай орындар желдің әсерінен шаңдануға және жаңбыр сулары арқылы шайылуға бейім, нәтижесінде улы заттар ауаға, су көздеріне және топыраққа таралады [1].

Қазіргі уақытта мұндай қалдық қоймалары орналасқан аумақтар табиғи ортадан мүлде алшақтап кеткен. Бұл жерлерді қайта қалпына келтіру үшін ондаған жыл қажет болуы мүмкін.

Химия өнеркәсібі бүгінгі таңда еліміздегі қоршаған ортаны ластайтын ең ірі салалардың бірі саналады. Бұл мәселе тек өндіріс процесінде шығатын зиянды заттардың көлеміне ғана емес, сондай-ақ төтенше жағдайлар кезінде олардың уыттылығы мен уландырғыш әсеріне де байланысты. Сондықтан да кәсіпорын басшылығы мен мемлекеттік органдар тарапынан техникалық регламенттердің сақталуына, сондай-ақ қауіпті жүктерді тасымалдау ережелерінің орындалуына ерекше назар аударылып отыр [2]. Әдетте, қоршаған ортаның ластану мәселесі үш негізгі бағытта қарастырылады: алдын алу шаралары, бақылау шаралары және ластану салдарын жою. Бұл құрылымда ең басты орынды – алдын алу шаралары иеленеді, одан кейін бақылау, ал соңғы орында – ластанудың салдарын жою шаралары тұр. Шын мәнінде, ластану деңгейін азайту немесе оның кері әсерін жұмсарту көбінесе бақылау шаралары арқылы жүзеге асырылады. Дегенмен, тәжірибеде бұл иерархиялық тәртіп үнемі сақтала бермейді. Белгілі бір жағдайларда стратегияны таңдауға экономикалық тиімділік немесе күтпеген апат жағдайларында шұғыл әрекет қажеттілігі әсер етуі мүмкін, мысалы, зиянды заттардың ірі көлемде төгілуі немесе ауқымды утечка жағдайында.

Ластанудың алдын алу – бұл қоршаған ортаны ластайтын заттардың мүлде өндірілмеуін көздейтін әдіс немесе әдістер жиынтығы. Қоршаған ортаға зиянды заттарды өндіру тоқтатылса, олардың шығарындысы да тоқтайды, әрине, бұл заттардың орнын басқа экологиялық зиян келтіретін аналогтар алмастырмаған жағдайда ғана іске асады.

Ластанудың алдын алудың негізгі стратегияларының бірі – кейбір химиялық заттарды немесе олардың сыныптарын кезең-кезеңмен шектеу, азайту немесе толық тыйым салу. Бұл

тәсілдер көбіне ұлттық үкіметтердің заңдары мен қаулыларында, сирек жағдайда – халықаралық келісімдер мен шарттарда көрініс табады [3].

Екінші стратегия – қоршаған ортаға улы заттардың шығарылуын азайту. Бұл мақсатқа улы заттарды аз қолдану арқылы жетуге болады. Мысал ретінде – Солтүстік Америкада жүзеге асырылатын улы заттарды азайту бағдарламасы (TUR) мен Еуропада қолданылатын «таза өндіріс технологиясы» бағдарламасын айтуға болады [4].

Тыйым салу мен кезеңдік шектеулерден айырмашылығы, зиянды шығарындыларды азайту бағдарламалары тек белгілі бір кәсіпорындарда ғана қолданылады. Бұл бағдарламалар пайдалы қазбалар өндіру, энергетика, құрылыс, кеңсе жұмыстары мен ауыл шаруашылығы сияқты салаларда қолданылуы мүмкін (әсіресе тыңайтқыштар мен пестицидтерді ескерсек), алайда олар, негізінен, өңдеу және химия өнеркәсібіндегі, белгілі бір жұмыс орны саны бар кәсіпорындарда жиі қолданылады. АҚШ-тың кемінде екі штатында – Мичиган мен Вермонтта – TUR бағдарламалары үй шаруашылықтарында да енгізілді, мұндай орта да еңбек орны ретінде қарастырылуы мүмкін [5].

Қоршаған ортаны ластауға бақылау жүргізу шаралары ластанудың өзін жоя алмайды. Олар тек қоршаған ортаға келетін зиянды әсерді азайтуға бағытталған, себебі бақылау әдістері көбінесе «ағын түтігінің соңында» ғана іске асады. Ластануды бақылаудың негізгі әдістері 1-кестеде берілген.

Кесте 1 – Ластануды бақылаудың негізгі әдістері

| № | Әдіс атауы | Сипаттамасы |
|---|---|---|
| 1 | Қалдықтарды ұстап, кейіннен көму | Ластанушы заттарды жинап, арнайы орындарға көму арқылы жою. |
| 2 | Сүзгілер арқылы бөлу | Атмосфера мен суды ластайтын заттарды сүзгілер көмегімен ағыннан бөліп алу. |
| 3 | Химиялық тұндыру | Химиялық заттарды тұндыру (мүмкін болса), оларды кейін өзгертілген күйде сақтау (кейде электролиз арқылы). |
| 4 | Жою | Ластанушы заттарды жағу, бейтараптандыру немесе биологиялық/химиялық өңдеумен зияндылығын азайту. |
| 5 | Еріту | Ластанушы затты ерітіп, экожүйеге зиянын азайту немесе концентрациялау арқылы әсер ету аймағын шектеу. |
| 6 | Буландыру немесе ерітіндіге айналдыру | Газды заттарды суда еріту немесе буландыру арқылы бейтараптандыру. |
| 7 | Қайта өңдеу | Ластанушы заттарды өндірісте қолдануға болатын өнімге (мысалы, күкірт диоксидін күкірт қышқылына) айналдыру. |
| 8 | Шығарылатын ортаны өзгерту | Қалдықтарды шығатын ортаны (су, топырақ, ауа) өзгерту арқылы әсерін азайту. |
| 9 | Физикалық күйін өзгерту | Ластанушы заттың физикалық күйін өзгерту (қатты, сұйық, газ), себебі кейбір күйлерде зияны аз болады. |

Зиянды заттардың алдын алу шаралары мен бақылау әдістері нәтиже бермеген жағдайда, ластанудың салдарын жою қажеттілігі туындайды. Бұл ластануға қарсы күрес тәсілі өте қымбатқа түседі және бірнеше әдіс арқылы жүзеге асырылады:

1. «Тазарту» сөзі күнделікті қолданыста көптеген әрекеттерді білдіргенімен, экологиялық контексте бұл термин нақты мағынаға ие: бұл ластану салдарын жою әдістерінің бірі, ол екі жолмен жүзеге асырылуы мүмкін:

1) ластанған аумақтан зиянды заттарды толығымен алып тастау;

2) бұл аумақты кейінгі пайдалануға жарамды етіп қалпына келтіру.

Кей жағдайларда бұл термин ластанушы заттардың таралу аймағын шектеуді де білдіреді, мысалы, герметизация жасау немесе арнайы тосқауылдар орнату арқылы.

Тек тазарту шаралары 100% тиімділікпен жүзеге асырылып, ластанған аймақта жұмыс істейтін адамдар мен жақын маңдағы тұрғындар үшін қауіпсіз болған жағдайда ғана бұл процесс сәтті деп бағаланады. Сонымен қатар, тазарту барысында қолданылатын химиялық немесе биологиялық заттардың өздері де зиянсыз болуы қажет. Техникалық бақылау әдістерін

қолдану арқылы жұмысшыларды қорғау тиімді болғанымен, іс жүзінде жеке қорғаныс құралдарын пайдалануға қажеттілік туындайды. Әдетте, ластанған аумақтарда жұмыс істейтін адамдар зиянды кәсіпорын қызметкерлері санатына жатқызылады, бірақ мұндай жұмысты көбіне өрт сөндірушілер мен коммуналдық қызмет қызметкерлері атқарады. Ластанған аймақтарды тазарту үшін физикалық, химиялық, биологиялық және биотехнологиялық әдістердің кең спектрі қолданылады.

2. Зиянды қалдықтарды өңдеу негізінен арнайы салынған зауыттарда жүзеге асырылады. Экологиялық тұрғыдан алғанда, мұндай зауыттардың тиімділігі олардың соңғы өнімінің сипатына байланысты бағаланады. Соңғы өнім инертті немесе шартты түрде инертті болуы тиіс, мысалы, кремний оксиді сияқты; бұл ерігіш бейорганикалық қосылыстар, ерімейтін және коррозия туғызбайтын шлактар, газ күйіндегі азот немесе көмірқышқыл газы болуы мүмкін (соңғысы парниктік әсер тудырып, қоршаған ортаға жанама зиян келтіруі ықтимал). Тағы бір маңызды бағалау критерийі – энергия тұтыну деңгейі. Қалдықтарды өңдеу барысында энергия шығындары минималды болуы тиіс (яғни, өңделген қалдық көлеміне шаққандағы энергия шығыны төмен болуы қажет). Практикалық қағида бойынша, қалдықтарды өңдеу бағдарламалары неғұрлым тиімді болса – соғұрлым көп энергия үнемделеді.

Тіпті жұмысшылар толық қорғалған жағдайда да өндірістік қалдықтарды өңдеу бағдарламаларының кемшіліктері көрініп тұрады. Өңдеу процесіне кеткен энергия шығындары әдетте осы қалдықтар пайда болған өнімді өндіруге кеткен энергия шығындарымен тең болады. Сонымен қатар, қалдықтарды өңдеу процесінің өзінде де жаңа қалдықтар пайда болады, бірақ олар инертті және улы емес болуы мүмкін.

3. Мұнай дақтары мен химиялық заттардың төгілуін жою кезінде де ұқсас жағдайлар орын алады, себебі жедел әрекет ету қажеттілігі қосымша қиындықтар туғызуы мүмкін. Мұндай жұмыстар төтенше жағдайлар қызметінің жұмысына ұқсас болып саналады. Төгілудің көлеміне және ластаушы заттың сипатына байланысты мұндай апаттар кейде нағыз өнеркәсіптік апат деңгейіне жетуі ықтимал. Ластанудың алдын алудың негізгі шарасы – зиянды заттардың түзілуіне жол бермеу мақсатында кейбір химиялық заттардан бас тарту. Бұл саладағы ең даулы мәселелердің бірі – қалдықтарды қайта өңдеу болып табылады.

Алдын алудың басты мақсаты – зиянды шығарындылардың болмауы. Алайда бұл мақсатқа жеткен күннің өзінде атмосфера мен судағы бұрыннан бар ластаушы қоспалар мәселесі шешілмейді. Превентивтік шаралар нәтижесінде зиянды шығарындылар мүлдем тоқтатылуы мүмкін (бұл бақылау әдістеріне тән нәтиже емес, өйткені олар жоғарыдан міндеттелмейді). Мысалы, автомобиль өндірісі экологиялық таза бола алады, егер өндіріс барысында зиянды шығарындылар болмаса, қалдықтар қайта өңделсе және өндірілген өнім (автокөлік) қайта қолдануға жарамды болса. Бұл тәсіл кейбір химиялық заттардың шығарылуын тоқтатуға мүмкіндік берді. Реттеуші органдар зиянды шығарындыларды толықтай тоқтатуды ластану деңгейін төмендетудің басты кезеңі ретінде таниды (бұл заңнамада көрініс тапқан).

Зиянды шығарындылардың тоқтауы ластану деңгейінің төмендеуіне әкеледі. Мысалы, белгілі бір жылы зиянды заттар шығарындылары 50%-ға қысқарды. Бұл – алдын алу бағдарламаларының тиімділігін бағалаудың нақты көрсеткіші. Алайда мұндай бағдарламалар көбіне терең талдауға ұшырамайды, оларды орындамағаны үшін нақты санкциялар қарастырылмайды.

Зиянды шығарындылардың деңгейін нақты өлшеу қажет. Бұл теориялық тұрғыдан өте күрделі және практикалық тұрғыдан шығынды, бірақ химиялық заттардың уыттылық деңгейін бағалаудың жеңілдетілген әдісін қолдануға болады. Сондықтан, қаржыны алдын алу бағдарламаларына бағыттаған тиімдірек деп есептеледі. Ал пестицидтерге қатысты айтсақ, олардың қолданылуын азайту арнайы әдістер арқылы да мүмкін.

4. Қалдықтарды қайта өңдеу. Қоршаған ортаны ластанудың алдын алу процесін анықтаудағы кез келген тұжырымдама толық бола алмайды, себебі кей жағдайда бақылау шаралары мен алдын алу әрекеттері арасындағы шекараны нақты ажырату қиын. Мысалы, өндірістік процестің белгілі бір кезеңі тек сол кезең өндірістік циклдің ажырамас бөлігі болып, шеткі процестерден алшақ орналасқан жағдайда ғана алдын алу шарасы ретінде қарастырылуы мүмкін. Кейбір операциялар негізгі өндірістен соншалықты оқшауланған, олар дербес процесс ретінде қабылданады. Мұндай жағдайда алдын алу шаралары шеткі орналасуына байланысты

бақылау шараларына теңестірілуі мүмкін. Бұған ұқсас күрделі жағдайлар жиі кездеседі. Мысалы, екі зауыт бір-біріне құбыр арқылы қосылған: алғашқы зауыт қалдықтарды шығарады, ал екіншісі сол қалдықтарды өңдейді. Бұл екі кәсіпорын бірге қалдықсыз өндіріс жүйесін құрайды, дегенмен, алғашқы зауыт қалдықтарды шығара бергендіктен, экологиялық қауіпсіз деп саналмайды. Дәстүрлі түрде қалдықтарды қайта өңдеудің үш негізгі түрі ажыратылады:

– Қалдықтарды өндіріс процесінің ішінде қайта өңдеу. Мысалы, құрғақ тазалау кезінде қолданылатын еріткіштер сол процес барысында сүзгіленіп, тазартылады және кептіріледі.

– Қалдықтарды өндірістен тыс, бірақ кәсіпорын аумағында өңдеу. Мысалы, пестицидтер өндірісінде қалдықтар тазартылады да, қайтарымды түрде қайта қолданылады.

– Қалдықтарды өндірістен тыс және кәсіпорыннан тыс жерде қайта өңдеу.

Осы әдістердің ішінде соңғысы ластанудың алдын алу шарасы ретінде қарастырылмайды, себебі өңдеу орны өндіріс орнынан қаншалықты алыс болса, қайталама пайдалану ықтималдығы да соншалықты төмендейді. Бұл мәселелер өндірістен тыс, бірақ кәсіпорын аумағында жүргізілетін қайта өңдеу әдісінде де кездесуі мүмкін, бірақ бұл жағдайда олар әлдеқайда азырақ. Дегенмен, қалдықтардың қайта өңделмей немесе қайта пайдаланылмай қалу қаупі әрқашан бар [6].

Көптеген кәсіпорындарда ластанудың алдын алу бойынша кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын жоспарлар жасалады. Мұндай жоспарлардың бірыңғай үлгісі болмаса да, оларды әзірлеуде мынадай негізгі құрамдас элементтер ескеріледі:

– Негізгі мақсаттар мен міндеттер;

– Шикізат және қоршаған ортаға мүмкін болатын шығарындыларды бағалау;

– Қолданыстағы және болашақта қолданылатын алдын алу шаралары;

– Жоспарды орындамау жағдайындағы жауапкершілік.

Сонымен қатар, төмендегілерді қамту қажет:

– Өндірістік процестің сипаттамасы;

– Алдын алу шараларының орындалу мүмкіндігін бағалау;

– Таңдалған шараларды іске асыру графигін әзірлеу;

– Жоспар орындалғаннан кейінгі жетістік мүмкіндігін бағалау.

Мұндай жоспарлардың құқықтық мәртебесі әртүрлі. Кейбіреулері ерікті сипатта болса да, заңнамада олардың міндетті түрде орындалуы қарастырылған. Жоспарда мыналар талап етіледі:

1) қалдықтарды өндіріс барысында қайта өңдеу арқылы бақылауды жеңілдету,

2) билік органдарының талабы бойынша өндірісті шектеу немесе тоқтату,

3) тексерулер жүргізу.

Жоспарлардың міндеттілігі де әртүрлі деңгейде болады және бұл айыппұл салу тәртібінен көрінеді. Кейбір шенеуніктерге ластанудың алдын алу жоспарына өзгерістер енгізуді талап ету құқығы берілген, ал көпшілігі жоспардағы формальді талаптардың орындалмауы немесе маңызды бөлімдердің қаралмауы жағдайында оны қайта қарауға міндеттей алады. Практикада бұл үшін айыппұл салу шаралары қолданылмаған, бұл жоспарлауға қойылатын талаптардың жұмсақ екенін көрсетеді. Осы тұрғыда, қауіпті өндірістік заттармен жұмыс істеу барысында экологиялық таза технологияларды қолдану – қоршаған ортаны қорғаудың заманауи әрі тиімді жолы болып табылады. Мұндай технологиялар зиянды қалдықтардың пайда болуын болдырмауға немесе барынша азайтуға, сондай-ақ өндіріс үдерісін экологиялық қауіпсіз етуге мүмкіндік береді. Олар тек табиғи ортаны қорғап қана қоймай, адам денсаулығын сақтау мен өндіріс тиімділігін арттыруға да ықпал етеді. Сондықтан экологиялық таза өндіріс – тұрақты даму мен өнеркәсіптік қауіпсіздіктің негізі ретінде кең көлемде енгізілуі тиіс.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1.Hassan, M., Zhang, Y., & Jin, B. Cleaner production technologies for industrial hazardous waste management // Journal of Cleaner Production. – 2021. – Vol. 278. – P. 123956.

2.Klemeš, J. J., Fan, Y. V., & Jiang, P. Environmental protection through cleaner technologies: a review of recent developments // Environmental Pollution. – 2022. – Vol. 308. – P. 119694.

3.Zhang, W., Wu, J., & Li, Y. Innovations in green technologies for industrial pollution reduction // Sustainable Chemistry and Pharmacy. – 2020. – Vol. 17. – P. 100312.

4.Rezaei, M., Ghasemi, A., & Mohammadi, A. Life cycle assessment of eco-technologies in hazardous industries // Journal of Environmental Management. – 2023. – Vol. 331. – P. 117309.

5.Patel, P., & Kumar, A. Implementation barriers to clean technologies in hazardous manufacturing sectors // Resources, Conservation and Recycling. – 2021. – Vol. 169. – P. 105501.

6.Singh, R., & Thomas, S. Eco-friendly technologies for chemical hazard control in industrial settings // Environmental Technology & Innovation. – 2022. – Vol. 27. – P. 102455.

**АННОТАЦИЯ**

В данной статье рассматривается значимость применения экологически чистых технологий при работе с опасными производственными веществами. Автор анализирует эффективные методы предупреждения загрязнения, контроля и ликвидации последствий, подчёркивая необходимость внедрения экологически безопасных производственных систем. Современные экотехнологии не только уменьшают образование вредных отходов, но и способствуют защите окружающей среды и сохранению здоровья человека. Также в статье описываются подходы к переработке, повторному использованию отходов и восстановлению загрязнённых территорий. Планомерное внедрение экологически чистых технологий определяется как важнейшее условие устойчивого развития и промышленной безопасности.

**RESUME**

This article explores the importance of using environmentally friendly technologies when handling hazardous industrial substances. The author analyzes effective methods for pollution prevention, control, and remediation, emphasizing the need to implement ecologically safe production systems. Modern eco-technologies not only reduce the generation of harmful waste but also contribute to environmental protection and human health. The article also outlines approaches to waste recycling, reuse, and the restoration of contaminated areas. The systematic adoption of green technologies is identified as a key condition for sustainable development and industrial safety.

**ӘОЖ 621.311**

**Жамбул И.Ж., студент**
**Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.**
**Ғұсманова А.Р., жетекшісі**
**Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.**

## ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН САҚТАУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ПРОГРЕСС

**ТҮЙІН**

Бұл мақалада электр энергиясын сақтау жүйелері – тұрақты энергетика дамуының маңызды бағыты. Бұл жүйелер жаңартылатын энергия көздерінің тұрақсыздығын реттеуге көмектеседі. Қазіргі уақытта аккумуляторлық технологиялар, гидроаккумуляциялық станциялар және сутегі сақтау жүйелері қарқынды дамуда. Энергия сақтау тиімділігін арттыру жаңа материалдар мен интеллектуалды басқару жүйелерін енгізуді талап етеді. Болашақта бұл технологиялар энергетикалық қауіпсіздік пен экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

***Түйінді сөздер**: Электр энергиясын сақтау, сорғылы гидроаккумуляциялық сақтау, батарея технологиялары, суперконденсатор, жылу энергиясын сақтау.*

Электр энергиясын сақтау (ЭЭС) электр энергиясын электр желісінен қажет болған жағдайда электр энергиясына кері түрлендіру үшін сақталуы мүмкін қалыпқа айналдыру процесін білдіреді. Бұл процесс электр энергиясын төмен сұраныс, төмен генерация құны немесе тұрақты емес энергия көздерінен өндіруге және оны жоғары сұраныс, жоғары генерация құны немесе басқа генерациялау құралдары болмаған кезде пайдалануға мүмкіндік береді. ЭЭС-тің көптеген қосымшалары бар, соның ішінде портативті құрылғылар, көлік құралдары

және стационарлық энергия ресурстары. Бұл мақалада электр энергиясын өндіру және электр энергиясы қалай сақталуына назар аударылады.

Стационарлық ЭЭС тарихы 20 ғасырдың басынан басталады, электр станциялары түнде жиі тоқтап, қорғасын-қышқылды аккумуляторлар тұрақты ток желілерінде қалдық жүктемені қамтамасыз етеді. Коммуналдық компаниялар, сайып келгенде, желілерде Энергияны сақтаудың икемділігінің маңыздылығын түсінді және алғашқы Орталық энергияны сақтау станциясы, Гидравликалық жинақтау қондырғысы (ГЖҚ) 1929 жылы пайдалануға берілді. Қосымша және кең тарату және тарату желілері бар ірі орталық генерациялау станцияларында ауқымды үнемдеуге ұмтыла отырып, электрмен жабдықтау саласының кейінгі дамуы сақтау жүйелеріне деген қызығушылықты салыстырмалы түрде соңғы жылдарға дейін кейінге қалдырды.

Бұл мақаланың мақсаты - ЭЭС технологияларының заманауи дамуына шолу, соның ішінде ГЖҚ, сығылған ауадағы энергияны сақтау жүйесі (САЭС), батарея, ағынды батарея, отын ұяшығы, күн отыны, асқын өткізгіш магниттік энергияны сақтау жүйесі (СМЭС), маховик, конденсатор және суперконденсатор және жылу энергиясы. Сақтау жүйесі (ТЭС). Олардың кейбіреулері қазірдің өзінде қол жетімді, ал кейбіреулері әлі де дамып келеді. Осы ЭЭС технологияларының қажеттілігі мен қолданылуы, жіктелуі, техникалық сипаттамалары, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстары (ҒЗТКЖ) және орналастыру мәртебесі талқыланады.

ЭЭС технологиялары бойынша қолданылатын жүйелер:

**1. Сорғылы гидроаккумуляциялық сақтау (СГС):**

- Суды жоғарғы резервуарға айдап, кейіннен оны төменгі резервуарға түсіру арқылы электр энергиясын өндіреді.
- Энергия тиімділігі: 70-85%.
- Үлкен көлемде энергияны ұзақ уақыт сақтауға мүмкіндік береді.

СГС - бұл үлкен көлемді, ұзақ сақтау мерзімі, жоғары тиімділігі және энергия бірлігіне салыстырмалы түрде төмен күрделі құны бар жетілген технология. Шағын булану мен енудің арқасында СГС сақтау мерзімі әдетте сағаттан күндерге, тіпті жылдарға дейін өзгеруі мүмкін. Булану мен конверсияның жоғалуын ескере отырып, суды көтерілген резервуарға айдау үшін пайдаланылатын электр энергиясының 71% - дан 85% - на дейін қалпына келтіруге болады. СГС типтік рейтингі шамамен 1000 МВТ (100 МВТ–3000 МВТ)құрайды және қондырғылар бүкіл әлемде жылына 5 ГВТ-қа дейінгі жылдамдықпен орнатылуда.





Сурет 1 – СГС схемалық диаграммасы

**2. Қысылған ауа энергиясын сақтау (ҚАЭС)**

**ҚАЭС** жүйелері күнделікті циклге және ішінара жүктеме жағдайында тиімді жұмыс істеуге арналған. Бұл дизайн тәсілі **ҚАЭС** блоктарына генерация режимінен қысу режиміне жылдам өтуге мүмкіндік береді. **ҚАЭС** пайдаланудан пайда көретін коммуналдық жүйелерге тәуліктік цикл ішінде айтарлықтай өзгеретін жүктемесі бар және генерация деңгейіне немесе тәулік уақытына байланысты айтарлықтай өзгеретін шығындар кіреді. Сонымен қатар, **ҚАЭС**

қондырғылары жүктеменің өзгеруіне жауап бере алады және оны сүйемелдеуді қамтамасыз етеді, өйткені олар жиі іске қосу/тоқтату циклдарына арналған. **ҚАЭС** жүйелері әдеттегі аралық генераторлық қондырғылармен салыстырғанда экологиялық сипаттамаларын жақсартты. **ҚАЭС**-дың энергияны сақтау мерзімі салыстырмалы түрде ұзақ, күрделі шығындары төмен және тиімділігі жоғары. **ҚАЭС** жүйесінің әдеттегі қуаты 50-300 МВт аралығында.




Сурет 2 – ҚАЭС схемалық диаграммасы

Бұл СГС қоспағанда, басқа жаңа буын технологияларына қарағанда әлдеқайда жоғары. Сақтау мерзімі бір жылдан астам болуы мүмкін, бұл өте аз шығындарға байланысты СГС қоспағанда, басқа сақтау әдістеріне қарағанда ұзағырақ. **ҚАЭС** - да энергияны сақтау тиімділігі 70-89% диапазоны.

**3. Батареялық сақтау жүйелері**

- Литий-иондық батареялар (Li-ion) – кеңінен қолданылатын технология, жоғары энергия тығыздығымен ерекшеленеді.
- Қорғасын-қышқылды батареялар – төмен құны, бірақ қысқа қызмет ету мерзімі.
- Натрий-күкірт (NaS) және ағынды батареялар – ұзақ мерзімді сақтау үшін қолданылады.


Қайта зарядталатын / қайталама батарея-электр энергиясын сақтаудың ең көне түрі [1,2] электр энергиясын химиялық энергия түрінде сақтайтын. Бір немесе бірнеше батареядан тұратын батарея электрохимиялық жасушалар және әрбір жасуша оң электродпен (анодпен) және теріс электродпен (катодпен) бірге сұйық, паста немесе қатты электролиттен тұрады. Бұл заряд кезінде электрохимиялық реакциялар екі электродтың сауда-саттығында жүреді, олар сыртқы тізбек арқылы электрондар ағынын тудырады. Реакциялар қайтымды, бұл электродтар арқылы сыртқы кернеуді қолдану арқылы батареяны қайта зарядтауға мүмкіндік береді.

Батареялар белгілі бір мағынада электр энергиясын сақтау қолданбалары үшін өте қолайлы. Олар жанармайдың икемділігі мен қоршаған ортаға пайдасын қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар электр желісіне бірқатар маңызды пайдалану артықшылықтарын ұсынады.

Олар жүктеменің өзгеруіне өте тез жауап бере алады және бірлесіп өндірілген және/немесе үшінші тарап қуатын қабылдай алады, осылайша жүйенің тұрақтылығын арттырады. Батареялардың күту режиміндегі шығындары әдетте өте төмен және энергия тиімділігі жоғары болуы мүмкін (60-95%).

Қосалқы аккумулятордың құрылысына қысқа жұмыс уақыты, ықтимал ыңғайлы отыру және технологияның модульділігі ықпал етеді. Дегенмен, соңғы уақытқа дейін кең ауқымды коммуналдық батареяларды сақтау сирек болды, себебі энергия тығыздығы төмен, қуат

сыйымдылығы төмен, техникалық қызмет көрсету шығындары жоғары, циклдің қысқа қызмет ету мерзімі және зарядсыздану мүмкіндігі шектеулі. Сонымен қатар, батареялардың көпшілігінде улы материалдар бар. Демек, батареяларды бақылаусыз кәдеге жаратудың экологиялық әсері әрқашан ескерілуі керек . Қолданыстағы және/немесе пайдалы масштабтағы аккумуляторлық энергияны сақтауға жарамды батареяларға қорғасын қышқылы, никель кадмийі, натрий күкірті, натрий никель хлориді және литий ионы жатады.





Сурет 3 – Натрий күкірті ионы арқылы аккумулятор

Суретте көрсетілгендей NaS батареясы, оң электродтағы сұйық (балқытылған) күкірттен және қатты бета алюминий керамикалық электролитімен бөлінген белсенді материалдар ретінде теріс электродтағы сұйық (балқытылған) натрийден тұрады [64,65]. Электролит ол арқылы тек оң натрий иондарының өтуіне мүмкіндік береді және күкіртпен қосылып натрий полисульфидтерін түзеді: 2Na + 4S - $Na_2S_4$. Бұл заряд кезінде оң Na + иондары электролит арқылы өтеді, ал электрондар батареяның сыртқы тізбегінде ағып, 2,0 В шығарады. Бұл процесс қайтымды, өйткені зарядтау натрий полисульфидтерінің оң натрий иондарын электролит арқылы қайтадан босатып, элементтік натрий ретінде рекомбинациялануына әкеледі. Батарея 300-350 $^{o}$C температурада сақталады.

**4. Ұшқыр дөңгелек (Flywheel) сақтау жүйелері:**

- Жылдам айналатын ротор арқылы энергияны механикалық түрде сақтайды.
- Жоғары қуаттық тиімділігі (90%+), бірақ қысқа уақыт ішінде энергияны сақтайды.




Сурет 4 - Ұшқыр дөңгелек (Flywheel) сақтау жүйелері

Маховиктер мыңдаған жылдар бойы энергияны сақтау үшін қолданылған [9,78-80]. Олар энергияны ұмтылатын массаның бұрыштық импульсінде сақтайды. Зарядтау кезінде маховикті қозғалтқыш айналдырады, ал разряд кезінде сол қозғалтқыш генератор ретінде жұмыс істейді, маховиктің айналу энергиясынан электр энергиясын шығарады. Маховик жүйесінің жалпы энергиясы ротордың мөлшері мен айналу жылдамдығына, ал қуат генератор қозғалтқышына байланысты.

Суретте берілген шектеулер шеңберінде айналу кинетикалық энергиясының максималды жинақталуына қол жеткізу үшін өте жоғары жылдамдықпен айналатын маховиктен тұратын типтік маховикті сақтау құрылғысы көрсетілген, жоғары вакуумды қамтамасыз ететін қорғаныс қабығы жүйесі (атмосфералық қысымда $10^6$-$10^8$) орау шығындарын азайту және роторды сыртқы әсерлерден қорғау үшін, мойынтіректер жинағы өте төмен шығынды маховик роторын қолдау механизмі, және сұраныс бойынша энергияны сақтау немесе электр энергиясын өндіру үшін маховиктің жұмысына арналған энергияны түрлендіру және басқару жүйелері .

Маховиктің батареяларға қарағанда басты артықшылығы-оның ұзақ қызмет ету мерзімі бар, ол бірнеше жүз мың толық заряд-разряд циклін қамтамасыз ете алады. Маховиктердің тиімділігі жоғары және әдетте 90-95% құрайды.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Петухов, Ю. В. К вопросу применения криогенных накопителей энергии [Текст] / Ю. В. Петухов, А. А. Кибарин, М. С. Коробков, Д. Р. Умышев // Вестник Алматинского университета энергетики и связи. – 2023. – Т. 1, № 60.
2. Усманова, А. Н. Повышение энергоэффективности за счет использования тепла газов в парогазовых установках [Текст] / А. Н. Усманова, Д. А. Нормуминов // Research Focus International Scientific Journal. – 2023. – Т. 2, № 6. – С. 78–83.
3. Петров, А. В. Модель выравнивания суточного графика нагрузки с использованием систем накопления энергии [Текст] / А. В. Петров, К. Б. Кожов // Вестник ГУУ. – 2023. – № 4. – С. 105–112. vestnik.gu-ural.ru
4. Батенин, В. М. Основные факторы перехода к «зелёной» энергетике в России [Текст] / В. М. Батенин, А. А. Кибарин // Известия РАН. Энергетика. – 2023. – № 4. – С. 21–32.
5. Дзюба, А. П. Анализ состояний регионального розничного рынка электрической и тепловой энергии [Текст] / А. П. Дзюба // Международный научно-исследовательский журнал. – 2023. – № 5. – С. 45–50.


## АННОТАЦИЯ


В данной статье рассматриваются системы хранения электроэнергии как важное направление развития устойчивой энергетики. Эти системы помогают регулировать нестабильность возобновляемых источников энергии. В настоящее время активно развиваются аккумуляторные технологии, гидроаккумулирующие станции и системы хранения водорода. Повышение эффективности накопления энергии требует внедрения новых материалов и интеллектуальных систем управления. В будущем эти технологии сыграют ключевую роль в обеспечении энергетической безопасности и экологической устойчивости.


## RESUME


This article examines energy storage systems as a key direction in sustainable energy development. These systems help regulate the instability of renewable energy sources. Currently, battery technologies, pumped-storage power plants, and hydrogen storage systems are rapidly developing. Improving energy storage efficiency requires the implementation of new materials and intelligent management systems. In the future, these technologies will play a crucial role in ensuring energy security and environmental sustainability.



**УДК 621.311.2**


**Смирнова С.В., студентка**
**Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана, г. Уральск**

**Лелеш Н.В., руководитель**
**Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана, г. Уральск.**

# ЭНЕРГОЭФФЕКТИВНОСТЬ И ЭКОЛОГИЧНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ТЭЦ И АЭС В КАЗАХСТАНЕ

## АННОТАЦИЯ

В статье рассматриваются актуальные вопросы эффективности и экологичности использования атомных (АЭС) и тепловых (ТЭЦ) электроцентралей в Казахстане. Влияние ТЭЦ и АЭС на ситуацию глобального потепления в мире, а также приведена статистика выбросов ТЭЦ и АЭС.

Был проведен анализ основных аспектов влияния данных источников энергии на окружающую среду, их экономическая целесообразность, а также перспективы развития атомной энергетики в стране. Приведены примеры закрытых, действующих и запланированных объектов.

***Ключевые слова:*** *ТЭЦ, АЭС, выбросы, экологические проблемы, энергетика.*

**Введение.** Сфера энергетики Казахстана играет ключевую роль в экономическом развитии страны. Из временных и экономических побуждений в настоящее время основной процент электроэнергии производится на ТЭЦ (тепловых электроцентралях). ТЭЦ- это электростанция, которая одновременно вырабатывает электричество и тепло, но работает на основе угля, мазута, газа. В следствие чего данный метод выработки энергии становится весьма не экологичным из-за выбросов парниковых газов в атмосферу.

В связи с глобальными экологическими проблемами и необходимостью перехода на более чистые источники энергии в Казахстане рассматриваются альтернативные пути развития энергетики, включая строительство атомных электростанций (АЭС). АЭС – это мощный и эффективный источник энергии, использующий ядерное топливо (обычно уран-235 или плутоний-239). Хотя атомная энергетика вызывает споры из-за возможных аварий, она остается одним из самых перспективных способов генерации электричества, т.к. обладает высокой эффективностью и минимальными выбросами углерода в атмосферу.

В последние годы в Казахстане наблюдается рост потребления электроэнергии в городах и сельских местностях. Это связано с несколькими факторами, включая:

- рост численности населения, включая миграцию из городов в сельскую местность.
- развитие сельского хозяйства, через расширение площадей посевов, развития новых технологий и механизацию производства;
- внедрение новых технологий в промышленность, которые требуют больше электроэнергии для производства продукции.

По данным Бюро национальной статистики РК, в 2023 году потребление электроэнергии в сельской местности составило 14328,2 ГВт*ч, что на 10,2% больше, чем в прошлом году.

Полагаясь на данные Бюро национальной статистики РК, можно увидеть устойчивый рост. Так, на 2023 год потребление составило 115 млрд кВт*ч, что на 1,9 % больше в сравнении с 2022 годом (112,9 млрд кВт*ч), а в 2024 году эта цифра выросла на 4,3% до 120 млрд кВт*ч. Эти тенденции подчеркивают необходимость модернизации и расширения энергетической инфраструктуры страны для обеспечения бесперебойной работы [1].

Данная статья анализирует эффективность и экологические последствия работы ТЭС и АЭС, а также оценивает перспективы внедрения ядерной энергетики в Казахстане.

**Эффективность ТЭЦ и АЭС, их влияние на окружающую среду**

**1. Экологическая безопасность**

ТЭЦ на ископаемом топливе оказывают наибольшее негативное влияние на окружающую среду. Угольные ТЭЦ – **самые “грязные” источники энергии**: они выбрасывают максимальное количество парниковых газов ($CO_2$) и загрязняющих веществ.

В расчёте на единицу выработки 1 ГВт·ч угольная генерация выбрасывает около **970 тонн** парниковых газов, тогда как, например, ГЭС – ~24 т, а АЭС – лишь ~6 т.Сжигание угля

сопровождается эмиссией диоксида углерода, оксидов серы и азота и других твёрдых частиц, тяжелых металлов (ртуть, свинец) и органических токсинов. Эти выбросы ухудшают качество воздуха и здоровья населения: согласно анализу *Our World in Data*, уровень преждевременной смертности от угольной энергетики на несколько порядков выше, чем от атомной

Экологические проблемы ТЭЦ:

- высокий уровень выбросов $CO_2$, влияющий на изменение климата;
- загрязнение воздуха оксидами серы и азота, вызывающими кислотные дожди;
- образование золошлаковых отходов, требующих утилизации;
- угольная зола несёт и радиационную опасность. В 1 тонне золы угольной ТЭЦ содержится до 100 г радиоактивных элементов, и радиационное воздействие такой станции на население примерно в 20 раз выше, чем у равноценной по мощности АЭС.





Рисунок 1 - Подробная схема ТЭЦ

АЭС не сжигает органическое топливо, поэтому не выделяет парниковые газы, сажу, серу или другие привычные загрязнители. По углеродному следу атомные станции – одни из лучших (около 6 т $CO_2$/ГВт·ч, сравнимо с ветровой энергией). Следовательно, АЭС не вносят вклад в глобальное потепление во время генерации и помогают стране снижать общий объем выбросов. А также радиационный фон вокруг корректно эксплуатируемой АЭС ниже**,** чем около угольных станций, поскольку все радиоактивные материалы изолированы внутри реактора и систем безопасности [2-4].

Экологические проблемы АЭС:

-в процессе работы образуется отработавшее ядерное топливо и радиоактивные отходы высокой активности. Они чрезвычайно опасны для биосферы и человека при некорректном обращении, поэтому требуют надёжной изоляции на сроки в тысячи лет;

- высокая стоимость строительства и необходимость долгосрочного планирования;
- общественные опасения, связанные с радиационной безопасностью.

Но не смотря на все минусы, реакторы АЭС обладают долговечностью (до 60 лет),а также 1 кг ядерного топлива дает в разы больше энергии, чем уголь или газ.

АЭС являются альтернативой ТЭЦ, обеспечивая стабильную выработку электроэнергии без выбросов парниковых газов. Казахстан, обладая одними из крупнейших в мире запасов урана, имеет все условия для развития атомной энергетики.





Рисунок 2 - Принцип работы ядерного реактора

**2. Экономическая сторона**

Угольные и газовые ТЭЦ традиционно дешевле в строительстве по сравнению с крупными ГЭС или АЭС. По оценкам АО «Самрук-Энерго», капиталовложения в новые теплоэлектроцентрали Казахстана составляют порядка **$2,6–3,2 тыс. на 1 кВт** установленной мощности. Для примера, строительство трех новых ТЭЦ (в Кокшетау, Семее и Усть-Каменогорске) оценивается примерно в 1 трлн тенге (около $2,1 млрд). Операционные затраты ТЭЦ связаны прежде всего с топливом – угольные станции требуют постоянных поставок большого объёма угля. Крупные казахстанские ТЭЦ (например, экибастузские ГРЭС) ежедневно потребляют по несколько железнодорожных эшелонов угля

АЭС характеризуется самыми высокими капитальными затратами, но относительно низкими затратами на топливо и длительным сроком эксплуатации. Строительство современной АЭС «под ключ» – мегапроект стоимостью в **миллиарды долларов**. По оценкам казахстанских экспертов, возведение одного энергоблока АЭС для Казахстана может стоить порядка **$8–10 млрд** [3].

Таким образом, удельные инвестиции в атомную энергетику ($2500–5000 на 1 кВт) в разы превышают расходы на ТЭЦ. Кроме того, строительство АЭС – длительный процесс (не менее 5–7 лет), а вложенные средства начинают окупаться лишь после ввода станции в эксплуатацию. Себестоимость вырабатываемой на АЭС электроэнергии оценивается в **6–12 центов за кВт·ч.**

**Перспективы развития атомной энергетики в Казахстане**

АЭС в стране пока нет – единственный промышленный реактор (БН-350 в Актау) был остановлен в 1999 году.

Правительство прорабатывало вопрос много лет, и в 2023 г. было принято решение вынести его на народное обсуждение. **Общенациональный референдум** по строительству АЭС состоялся 6 октября 2024 г., и большинство граждан высказались **«за»** развитие атомной энергетики. Это открыло путь к практической реализации проекта первой казахстанской АЭС. В качестве площадки ранее была выбрана местность близ села **Улькен** на берегу озера Балхаш (Алматинская область) – стратегически удобный узел рядом с высоковольтными линиями и водным источником. По данным Министерства энергетики, рассматривается сооружение станции мощностью от 2 до 2,8 ГВт (двухблочной).

Казахстан планирует строительство АЭС, рассматривая технологии ведущих мировых производителей (РФ, Франция, Китай, Южная Корея). Основные цели проекта:

- Снижение зависимости от угольной генерации.
- Повышение энергетической безопасности.
- Соответствие мировым экологическим стандартам.

Правительство ведет консультации с международными экспертами по вопросам безопасности и регулирования.

Строительство планируется начать примерно в 2025–2026 гг. и завершить в начале 2030-х (ориентировочно за 7–10 лет). Если всё пойдёт по плану, первая электроэнергия атомной

станции может поступить в сеть около **2035 года.** Параллельно президент поручил определить возможные площадки для **второй АЭС.**

**Заключение.** Проведённый анализ данной работы показал, что ТЭЦ продолжают играть важную роль в энергосистеме Казахстана, однако их экологическое воздействие требует поиска альтернативных решений и появления потребности в строительстве АЭС, способной обеспечить устойчивое развитие страны с минимальным воздействием на окружающую среду.

Кроме того, использование АЭС положительно скажется на ситуации глобального потепления. В долгосрочной стратегии энергобаланса атомные станции должны заменить устаревающие угольные мощности и обеспечить устойчивое энергоснабжение с нулевыми углеродными выбросами. Ряд экспертов называет АЭС ключевым условием энергетической безопасности и конкурентоспособности Казахстана в условиях глобального перехода к низкоуглеродной экономике.

Таким образом, внедрение атомной энергетики в Казахстане является перспективным направлением, способным обеспечить устойчивое развитие страны с минимальным воздействием на окружающую среду.

Данная работа позволила нам наглядно понять эффективность и безопасность использования ТЭС и АЭС, а главное оценить все риски для атмосферы.

## СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Министерство энергетики Республики Казахстан [Электронный ресурс].- режим доступа: https://www.gov.kz/memleket/entities/energo

2. Международное агентство по атомной энергии (МАГАТЭ) [Электронный ресурс]. - режим доступа: https://www.iaea.org

3.Казатомпром [электронный ресурс].– режим доступа: https: //www. kazatomprom. kz

4. Доклады ООН по изменению климата [электронный вариант]. - режим доступа: – https://www.ipcc.ch

## ТҮЙІН

Мақалада Қазақстандағы атом (АЭС) және жылу (ЖЭО) электр орталықтарын пайдаланудың тиімділігі мен экологиялылығының өзекті мәселелері қарастырылады. ЖЭО мен АЭС-тің әлемдегі жаһандық жылыну жағдайына әсері, сондай-ақ ЖЭО мен АЭС шығарындыларының статистикасы келтірілген. Осы энергия көздерінің қоршаған ортаға әсерінің негізгі аспектілеріне, олардың экономикалық орындылығына, сондай-ақ елдегі атом энергетикасының даму перспективаларына талдау жүргізілді. Жабық, белсенді және жоспарланған нысандардың мысалдары келтірілген.

## RESUME

Бүгінгі таңда технологиялық дамуға байланысты әскери дайындық та жаңа деңгейге көтерілу үстінде.Әскери инновациялар,цифрлық техгологияларды қолдану пәннің одан әрі жетілдіруге мүмкіндік береді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1.Қазақстан Республикасының Конституциясы. – 1995 ж. 30 тамыз (республикалық референдумда қабылданған). – Алматы: Юрист, 2023. – 68 б. URL:[ https://www.akorda.kz/kz/official_documents/constitution]

2.Қазақстан Республикасының «Қорғаныс және Қарулы Күштер туралы» Заңы. – 2005 ж. 7 қаңтар, № 65-III ҚРЗ. – Астана: Юрист, 2023. – 48 б.

3.Қазақстан Республикасының «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңы. – 2012 ж. 16 ақпан, № 561-IV ҚРЗ. – Астана: Юрист, 2023. – 54 б. URL:[ https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000561]

4.Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Бастапқы әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы» Қаулысы. – 2017 ж. 25 қыркүйек, № 572. – Астана, 2017. URL: :[ https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000561]

5.Жұмабаев, М. Педагогика / М. Жұмабаев. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.

6.Қазақстан 2050 Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты: ҚР Президентінің Жолдауы. – Астана, 2012. – 32 б. URL:

7.Оразбаев, С. Әскери дайындық және патриоттық тәрбие: оқу құралы / С. Оразбаев. – Алматы: Білім, 2018. – 208 б.

8.Төлеуғалиев, Ә. Т. Әскери істің негіздері: оқулық / Ә. Т. Төлеуғалиев, Б. А. Әбдуалиев. – Алматы: Экономика, 2019. – 304 б.

9. Әбдіқадыров, А. Қазіргі жастарға патриоттық тәрбие берудің өзекті мәселелері // Қазақ тарихы. – 2019. – № 2. – Б. 23–26.

10.Базарбаев, М. Патриоттық тәрбие – елдік рухтың негізі // Егемен Қазақстан. – 2021. – 18 қазан. – Б. 5.

11.Назарбаев, Н. Ә. Тәуелсіздік дәуірі / Н. Ә. Назарбаев. – Астана: 11. Егемен Қазақстан, 2017. – 504 б. URL:[https://elbasylibrary.gov.kz/kz/book/taueelsizdik-deuiri

**АННОТАЦИЯ**

В этой статье рассматривается роль начальной военной подготовки (НВП) в формировании патриотического воспитания подростков. Анализируются основные задачи дисциплины НВП, её влияние на духовное и гражданское развитие молодежи. Кроме того, подчеркивается важность военно-патриотического воспитания в формировании патриотизма и предлагаются пути его дальнейшего развития.

На сегодняшний день процесс глобализации ускоряется, и возрастает необходимость сохранения национальных ценностей. Формирование чувства патриотизма у молодежи является одним из основных условий развития государства. С этой целью дисциплина начальной военной подготовки в системе образования играет важную роль в повышении военной и гражданской ответственности учащихся.

**RESUME**

This article explores the historical development of Basic Military Training (BMT) in the Republic of Kazakhstan. It examines the introduction of BMT into the education system and its role in fostering military-patriotic education among students. The study analyzes the evolution of military training from the Soviet era to the present day, including reforms and structural changes. The article also provides suggestions for improving the current system of military training and discusses its potential future development.

**ӘОЖ 628.8**

**Жексенов Б.Ж. студент**
**Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.**
**Амангалиев Т.Г., жетекші**
**Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.**

# ӘСКЕРИ ТӘРТІП ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

**ТҮЙІН**

Мақала әскери тәртіптің мәні мен оның жеке тұлғаны қалыптастырудағы рөлін талдауға арналған. Әскери ортадағы тәртіп деңгейі, оның әскери қызметшілердің мінез-құлқына, жауапкершілігіне және психологиялық тұрақтылығына әсері зерттелді. Әскери тәртіпті нығайтуға ықпал ететін негізгі факторлар анықталды және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар жасалды. Әскери бөлімдерде қолданылатын тәртіпті сақтау және бақылау жүйелеріне талдау жүргізілді. Зерттеу нәтижелері әскери ұжымдардағы тәртіпті оңтайландыру және әскери қызметшілердің кәсіби әрі тұлғалық дамуын жетілдіру шараларын әзірлеу үшін қолданылуы мүмкін.

***Түйінді сөздер:*** *әскери тәртіп, жеке тұлға қалыптастыру, мінез-құлық, жауапкершілік, психологиялық тұрақтылық*

**Кіріспе.** Адамның белсенді өмірінің үлкен бөлігі белгілі бір ортада өтетін мақсатты қызметпен байланысты. Әскери тәртіп – жеке тұлғаның қалыптасуына және ұжымдағы үйлесімді қарым-қатынасты дамытуға ықпал ететін маңызды факторлардың бірі. Егер әскери тәртіптің талаптары сақталмаса, ол жеке құрамның қызметіне, моральдық-психологиялық ахуалына және жалпы әскери ұжымның үйлесімділігіне кері әсер етуі мүмкін.

Әскери тәртіп – бұл тек қана ережелер мен нұсқауларды сақтау емес, сондай-ақ әскери қызметшілердің мінез-құлқын, жауапкершілігін және ұжымдағы өзара қарым-қатынастарын реттеудің маңызды құралы. Әскери тәртіптің қатаң сақталуы жеке тұлғаның тәртіпке, жауапкершілікке, ерік-жігерге, және өз міндеттерін орындауға деген көзқарасын қалыптастырады. Әскери ортада бұл талаптар жоғары деңгейде қойылады, себебі әскердің тиімділігі мен жауынгерлік дайындық деңгейі негізінен осы тәртіпке байланысты. Тәртіптің жоқтығы немесе оның әлсіреуі әскери бөлімдердегі ұжымдық рухты бұзып, жұмысқа деген ынтаны төмендетіп, жалпы қызметтің сапасына әсер етуі мүмкін.

Әскери тәртіптің сақталмауының салдары өте ауыр болуы мүмкін. Әскери қызметшілердің жеке тәртібінің әлсіреуі ұжымдық жауапкершіліктің төмендеуіне, ұйымшылдықтың бұзылуына және қызметтік міндеттерді орындау сапасының төмендеуіне алып келеді. Тәртіпсіздік ұжым ішіндегі сенімсіздікті арттырып, командирлер мен сарбаздар арасындағы қарым-қатынасты шиеленістіреді. Сонымен қатар, әскери тәртіптің болмауы психологиялық тұрақсыздыққа әкелуі мүмкін, бұл өз кезегінде қызметтің моральдық-психологиялық ахуалына және жеке құрамның жалпы қабілетіне кері әсерін тигізеді.

Әскери тәртіп – бұл әскери қызметтің ажырамас бөлігі, оның негізгі параметрлері – талаптарды қатаң сақтау, жауапкершілік деңгейі, ұжымдық рух және тәртіп бұзушылықтың алдын алу шаралары. Әскердегі тәртіптік ережелер жеке тұлғаның дамуына және оның мінез-құлқын реттеуге ықпал ететін факторлар кешенін қамтиды. Олардың ішінде:

- мінез-құлық нормалары мен ережелерді сақтау;
- әскери бөлімдегі ұйымдастырушылық жүйе;
- психологиялық және әлеуметтік факторлар;
- сарбаздардың моральдық-рухани дайындығы.

Әскери тәртіпті қамтамасыз ету мәселесі әрбір әскери құрылым үшін маңызды. Әскери бөлімдерде тәртіп пен ұйымшылдыққа қойылатын талаптар арнайы нормативтік құжаттар арқылы реттеледі. Қазақстан Республикасының «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заңына сәйкес, әскери тәртіп сарбаздардың қызметін тиімді ұйымдастыруға, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және әскери ұжымның үйлесімді жұмыс істеуіне ықпал етеді.

Зерттеу әскери тәртіптің жеке тұлғаның мінез-құлқына, жауапкершілігіне және психологиялық тұрақтылығына әсерін талдауға бағытталған. Жұмыстың мақсаты – әскери тәртіптің негізгі аспектілерін зерттеу, оны нығайту әдістерін анықтау және әскери ұжымда тәртіпті жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу. Бұл зерттеудің өзектілігі әскери қызметшілердің кәсіби даярлығы мен моральдық қасиеттерін қалыптастыру қажеттілігімен байланысты. Әскери тәртіптің тиімді сақталуы әскери бөлімдердің тұрақты қызметін қамтамасыз ету үшін өте маңызды. Сонымен қатар, әскери тәртіп сарбаздардың психологиялық жағдайына, қызмет барысында қабылдайтын шешімдеріне және әскери ұжымдағы өзара қарым-қатынасына тікелей әсер етеді. Сондықтан әскери тәртіпті сақтау мен оны нығайту бойынша жүйелі шараларды әзірлеу өзекті әрі қажетті мәселе болып табылады.

Әскери тәртіп – әскери қызметтің ажырамас бөлігі, ол жеке тұлғаның мінез-құлқын, жауапкершілігін және психологиялық тұрақтылығын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл зерттеу әскери тәртіптің әскери қызметшілердің кәсіби даярлығына, моральдық қасиеттеріне және әскери ұжымдағы өзара қарым-қатынасына әсерін талдауға бағытталған. Жұмыстың мақсаты – әскери тәртіптің негізгі аспектілерін зерттеу, оны нығайту әдістерін анықтау және әскери бөлімдерде тәртіпті жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Әскери тәртіптің сақталуы әскери бөлімдердің тұрақты қызметін қамтамасыз ету үшін өте маңызды. Ол жауынгерлердің ұжымдық жауапкершілігін арттырып, әскери тәртіпті бұзуға жол бермеу арқылы олардың қызметтік міндеттерін тиімді орындауына ықпал етеді. Әскери тәртіптің әлсіреуі, керісінше, әскери құрылымның ұйымшылдығына, әскери қызметшілердің

моральдық-психологиялық жағдайына және жалпы әскери бөлімшенің жауынгерлік қабілетіне кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан әскери тәртіпті сақтау мен оны нығайту бойынша жүйелі шараларды әзірлеу өзекті әрі қажетті мәселе болып табылады.

Әскери тәртіптің жоғары деңгейі жауынгерлер арасында сенімділік пен өзара көмек сезімін қалыптастырып, ұжымдық рухты нығайтады. Ол жеке тұлғаның ерік-жігерін дамытып, күрделі және экстремалды жағдайларда дұрыс шешім қабылдау қабілетін жетілдіреді. Сондай-ақ әскери тәртіп адамның өзін-өзі басқару дағдыларын жетілдіріп, ішкі сенімділігін нығайтуға ықпал етеді. Бұл факторлар әскери қызметтің тиімділігі мен әскери ұжымның үйлесімділігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады.

Әскери тәртіпті нығайту үшін бірқатар шараларды жүзеге асыру қажет. Олардың қатарында тәрбие жұмыстарының тиімді әдістерін қолдану, командирлердің беделін арттыру, әскери бөлімшелердегі ішкі тәртіпті жақсарту және жеке құрам арасында тәртіп бұзушылықтардың алдын алу бар. Сондай-ақ әскери қызметшілердің моральдық-психологиялық тұрақтылығын нығайтуға бағытталған арнайы бағдарламалар әзірлеп, оларды жүйелі түрде жүзеге асыру маңызды.

**Материалдар мен әдістер.** Жұмыс барысында әскери тәртіптің негізгі қағидалары мен оны қамтамасыз ету әдістеріне қатысты қолданыстағы нормативтік-құқықтық құжаттар, сондай-ақ осы мәселеге арналған ғылыми және әдістемелік әдебиеттер терең талданып, жүйеленді. Бұл құжаттар мен әдебиеттер әскери тәртіпті нығайтуға және оның тиімділігін арттыруға бағытталған барлық әдістер мен тәжірибелердің негізгі негіздері болып табылады. Әсіресе, Қазақстан Республикасының «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заңы, «Әскери жарғы» сияқты нормативтік құжаттар, сондай-ақ халықаралық әскери стандарттар тәртіпті сақтау мен оны нығайту үшін маңызды негіздер болып табылады.

Зерттеу нысаны ретінде әскери бөлімдердегі тәртіп деңгейі және оның әскери қызметшілердің мінез-құлқы мен жауапкершілігіне әсері қарастырылды. Әскери тәртіптің сақталуын бағалау үшін бірнеше көрсеткіштер мен өлшемдер енгізілді. Бұл көрсеткіштер әскери қызметшілердің қызметтік міндеттерін атқару барысында әскери жарғылар мен ережелердің қаншалықты сақталатындығын, сондай-ақ ұжымдық қарым-қатынастардың қандай деңгейде екендігін анықтау үшін маңызды. Осы көрсеткіштерге мыналар кіреді:

**Әскери жарғылар мен ережелердің сақталу деңгейі**: Әскери қызметшілердің әскери жарғыларға және ережелерге сәйкес қызмет атқаруы. Әскерде тәртіптің негізін әскери жарғылар мен ішкі тәртіп құрайды. Бұл стандарттар жеке қызметшілердің мінез-құлқын ғана емес, ұжымдық мәдениетті де анықтайды. Тәртіптің сақталу деңгейі әскери бөлімнің жалпы жұмысының тиімділігін көрсетеді.

**Қызметтік міндеттерді атқару тәртібі**: Әскери қызметшілердің өз міндеттерін адал және жауапкершілікпен орындауы, тапсырмаларды уақытылы және сапалы орындау қабілеті. Бұл көрсеткіш әскери бөлімнің ұйымшылдығын, командирлер мен сарбаздар арасындағы сенімділікті және ұжымдық жауапкершілікті білдіреді.

**Ұжымдық қарым-қатынастар**: Әскери ұжымдағы өзара қарым-қатынастардың деңгейі, топ ішіндегі ынтымақтастық пен сенім. Әскери қызметтің табысты болуы тек қызметтік міндеттерді орындаумен ғана емес, сонымен қатар жақсы ұйымдасқан, үйлесімді ұжымдық қарым-қатынастармен де байланысты. Әскери бөлімде тәртіптің жоғары деңгейі ұжымдағы әлеуметтік және психологиялық ахуалды жақсартады, бұл өз кезегінде қызметшілердің қызметтік міндеттерін тиімді орындауына ықпал етеді.

**Моральдық және психологиялық тұрақтылық**: Әскери тәртіптің жеке тұлғалардың моральдық және психологиялық тұрақтылығына әсері. Әскери тәртіптің сақталуы әрбір қызметшінің психологиялық жағдайын нығайтады және қызмет барысында қабылданатын шешімдер мен әрекеттерге айтарлықтай әсер етеді. Психологиялық тұрақтылықтың жоғары деңгейі қызметшілердің стресс пен қиын жағдайларға төзімділігін арттырады, бұл қызмет барысында дұрыс және жауапкершілікпен шешім қабылдауға ықпал етеді.

**Әскери тәртіп бұзушылықтардың алдын алу**: Әскери бөлімдерде тәртіп бұзушылықтардың алдын алу шараларын тиімді жүргізу. Бұл бөлімдердің ішкі бақылау жүйелерінің және тәртіп сақтау бойынша жүргізілетін тәрбие жұмыстарының тиімділігін көрсетеді. Тәртіп бұзушылықтардың алдын алу әдістері мен жүйелерінің қаншалықты жақсы ұйымдастырылғандығы да зерттелді.

**Командирлердің басқарушылық рөлі**: Командирлердің әскери тәртіпті сақтау мен оны нығайтудағы рөлі. Командирлердің көшбасшылық қасиеттері, олардың тәртіпті сақтаудағы ықпалы, моральдық-этикалық және психологиялық дайындық деңгейі әскери бөлімнің тәртіп деңгейіне тікелей әсер етеді. Командирлердің өздерінің тәртіпке деген көзқарасы мен олар жүргізетін тәрбие жұмыстары өте маңызды.

Кесте 1- Әскери тәртіпті бағалау критерийлері.

| Көрсеткіштер | Түсініктеме | Бағалау деңгейі |
|---|---|---|
| Әскери жарғылар мен ережелердің сақталу деңгейі | Әскери қызметшілердің әскери жарғылар мен ережелерге сәйкес қызмет атқаруы, нормалардың қаншалықты сақталуы. | Жоғары / Орташа / Төмен |
| Қызметтік міндеттерді атқару тәртібі | Әскери қызметшілердің өз міндеттерін адал және жауапкершілікпен орындауы, тапсырмаларды уақытылы және сапалы орындау. | Жоғары / Орташа / Төмен |
| Ұжымдық қарым-қатынастар | Әскери ұжымдағы өзара қарым-қатынастардың деңгейі, ынтымақтастық, сенім, командалық рухтың қалыптасуы. | Жоғары / Орташа / Төмен |
| Моральдық және психологиялық тұрақтылық | Әскери тәртіптің жеке тұлғалардың моральдық және психологиялық тұрақтылығына әсері. | Жоғары / Орташа / Төмен |
| Тәртіп бұзушылықтардың алдын алу | Әскери бөлімдерде тәртіп бұзушылықтардың алдын алу шараларының тиімділігі мен олардың орындалуы. | Жоғары / Орташа / Төмен |
| Командирлердің басқарушылық рөлі | Командирлердің тәртіпті сақтау мен нығайтудағы рөлі, олардың көшбасшылық қасиеттері мен тәрбие жұмыстарының нәтижелілігі. | Жоғары / Орташа / Төмен |

Бұл кестеде әскери тәртіптің сақталу деңгейін бағалау үшін қолданылатын негізгі көрсеткіштер ұсынылған. Кестеде әрбір көрсеткіш бойынша әскери қызметшілердің тәртібін және оның қызмет тиімділігіне әсерін бағалау критерийлері көрсетілген.

1. **Әскери жарғылар мен ережелердің сақталу деңгейі** – бұл көрсеткіш әскери қызметшілердің әскери жарғылар мен ережелерге сәйкес қызмет атқаруын бағалауға мүмкіндік береді. Әскери тәртіптің негізі болып табылатын осы ережелердің орындалу деңгейі, қызметшілердің тәртіпті сақтау деңгейін көрсетеді. Кестеде бұл критерийдің жоғары, орташа және төмен деңгейлері қарастырылған.
2. **Қызметтік міндеттерді атқару тәртібі** – қызметшілердің өз міндеттерін қалай орындап жатқанына назар аударылады. Бұл көрсеткіш әскери қызметшілердің жауапкершілігін және міндеттерін адал орындау қабілетін көрсетеді. Кестеде әр деңгейде осы тәртіптің қаншалықты сақталуы анықталатыны көрсетілген.
3. **Ұжымдық қарым-қатынастар** – әскери ұжымдағы өзара қарым-қатынас деңгейі маңызды көрсеткіш болып табылады. Ұжымдағы ынтымақтастық пен сенімнің болуы қызметтің тиімділігіне тікелей әсер етеді. Кестеде ұжымдағы қарым-қатынастардың жоғары, орташа және төмен деңгейлері көрсетілген.
4. **Моральдық және психологиялық тұрақтылық** – әскери тәртіптің қызметшілердің моральдық және психологиялық жағдайына әсері бағаланады. Жоғары моральдық тұрақтылық әскерилердің қызметіне және әскери бөлімнің тиімділігіне оң әсер етеді. Бұл көрсеткіштің деңгейі кестеде айқын көрсетілген.
5. **Тәртіп бұзушылықтардың алдын алу** – әскери бөлімдерде тәртіп бұзушылықтардың алдын алу шараларының тиімділігі де маңызды көрсеткіш болып табылады. Кестеде бұл көрсеткіштің жоғары, орташа және төмен деңгейлері көрсетілген.
6. **Командирлердің басқарушылық рөлі** – командирлердің тәртіпті сақтау және нығайтудағы рөлі, олардың көшбасшылық қасиеттері мен әскери бөлімдегі тәртіпке әсері маңызды болып табылады. Әскери бөлімдерде командирлердің жоғары беделі мен тиімді басқару жүйесі әскери тәртіпті нығайтуда шешуші рөл атқарады.

Зерттеу әдістеріне мыналар кірді:

- әскери бөлімдегі тәртіптік ережелер мен олардың орындалуын бағалау;
- әскери қызметшілер арасында сауалнама жүргізу арқылы олардың тәртіпке көзқарасын анықтау;
- әскери ұжымдағы тәртіптің деңгейіне әсер ететін негізгі факторларды талдау.

Өлшеу мен талдау Қазақстан Республикасының әскери қызметті реттейтін заңнамалық құжаттарының талаптарына сәйкес жүргізілді. Әскери бөлімдерде тәртіпті сақтау әдістерінің тиімділігін бағалау үшін бақылау және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Алынған деректер тәртіпті нығайту бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін пайдаланылды.

Әскери тәртіптің бұзылуы әскери қызметшілердің моральдық-психологиялық жағдайына кері әсер етіп, олардың қызметтік міндеттерін орындау сапасының төмендеуіне әкелуі мүмкін. Тәртіптің жеткіліксіздігі әскери ұжымдағы үйлесімділікті бұзып, жауапкершіліктің әлсіреуіне және қызметкерлер арасында өзара сенімнің төмендеуіне себеп болуы ықтимал. Сондықтан әскери ортада тәртіпті қатаң сақтау сарбаздардың қызметіне оң әсерін тигізеді, олардың психологиялық тұрақтылығын нығайтады және ұйымшылдықты арттырады.

Әскери бөлімдерде тәртіпті қамтамасыз ету үшін қатаң бақылау мен тәртіпті сақтау шаралары қажет. Әскери қызмет барысында орын алатын тәртіп бұзушылықтардың алдын алу және сарбаздардың моральдық-ерік қасиеттерін нығайту мақсатында тәрбие жұмыстары күшейтілуі тиіс. Сонымен қатар, әскери бөлімдердегі тәртіптің сақталуын бағалау және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу қажет.

Әскери бөлімдерде қолданылатын тәртіпті бақылау жүйесі әскерилердің қызметін тиімді ұйымдастыруға және әскери ұжымда тәртіп деңгейін жоғарылатуға мүмкіндік беруі тиіс. Бұл мақсатта тәртіпті сақтау шаралары қайта қаралып, тәртіп бұзушылықтың алдын алу бойынша кешенді бағдарлама әзірлеу қажет. Сондай-ақ, тәртіпті бақылау жүйесінің тиімділігін бағалай отырып, әскери бөлімдердегі тәртіптің жалпы деңгейін жақсарту үшін қосымша шараларды енгізу маңызды.

**Қорытындылар мен ұсыныстар.** Жүргізілген зерттеу нәтижелері әскери тәртіптің әскери қызметшілердің мінез-құлқына, моральдық-психологиялық тұрақтылығына және қызметтік міндеттерін орындау сапасына айтарлықтай әсер ететінін көрсетті. Әскери тәртіптің сақталуы қызметшілердің өзара қарым-қатынасын нығайтып, ұжымдағы ұйымшылдықты арттырады. Сонымен қатар, ол жауапкершілік сезімін қалыптастырып, қызметтің тиімділігін қамтамасыз ету үшін негіз қалайды.

Тәртіптің бұзылуы керісінше, әскери ұжымдағы үйлесімділікті бұзып, моральдық құлдырау мен сенімнің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Бұл қызметшілердің кәсіби қызметін орындауға теріс әсер етіп, жалпы әскери бөлімнің тиімділігін төмендетеді. Әскери тәртіптің әлсіреуі салдарынан қызметшілердің мінез-құлқында шиеленістер мен тұрақсыздық пайда болады, сондай-ақ жауапкершілікке салғырт қарау мен немқұрайлылық артады. Мұндай жағдайлар әскери бөлімнің жауынгерлік дайындық деңгейін төмендетіп, оның күрделі жағдайларда үйлесімді әрі тиімді жұмыс істеу қабілетін шектейді.

Әскери тәртіпті сақтау және нығайту үшін жүйелі түрде тәрбие жұмыстары мен психологиялық қолдау шараларын іске асыру өте маңызды. Бұл шаралар қызметшілердің ішкі сенімін нығайтып, олардың қызметтік міндеттерін орындаудағы жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, әскери тәртіп бұзушылықтардың алдын алу үшін тиімді бақылау жүйесі мен нақты ұсыныстарды жүзеге асыру қажет.

Алынған нәтижелер негізінде келесі ұсыныстар жасалды:

- **Әскери тәртіпті күшейту:** әскери бөлімдерде тәртіпті сақтау бойынша бақылауды күшейту, жарғылық талаптарды бұлжытпай орындауды қамтамасыз ету.
- **Қызметтік дайындықты жетілдіру:** әскери қызметшілердің моральдық-ерік қасиеттерін дамытуға бағытталған тәрбие және психологиялық даярлық шараларын арттыру.
- **Тәртіп бұзушылықтың алдын алу:** әскери бөлімдерде тәртіпті бұзудың негізгі себептерін анықтау және оларды болдырмау бойынша нақты шараларды іске асыру.
- **Жауапкершілікті арттыру:** әскери қызметшілердің өз міндеттеріне деген жауапкершілігін күшейту мақсатында марапаттау және ынталандыру жүйесін жетілдіру.

- **Психологиялық қолдау:** әскери қызметшілердің моральдық-психологиялық жағдайын тұрақтандыру үшін арнайы психологиялық дайындық бағдарламаларын енгізу.
- **Ұжымдық рухты нығайту:** әскери ұжымдағы ынтымақтастық пен сенім деңгейін арттыру мақсатында командалық іс-шаралар мен бірлескен оқу-жаттығулар ұйымдастыру.

Аталған ұсыныстарды іске асыру әскери қызметшілердің тәртібін нығайтуға, олардың кәсіби даярлығын арттыруға және әскери бөлімдердегі ұйымдастырушылық тәртіпті жақсартуға мүмкіндік береді.

Адам – қоршаған ортаның ажырамас бөлігі және сыртқы процестердің ықпалына тәуелді тіршілік иесі. Әскери қызметтің қатаң тәртібі мен реттелген жағдайлары әскери қызметшінің ішкі психологиялық тұрақтылығы мен кәсіби дамуы үшін берік негіз бола алады. Жеке тұлғаның мінез-құлқы мен моральдық қасиеттерінің әскери ортаға бейімделуі ғана оның кәсіби қызметінің тиімділігін және жалпы әскери ұжымның үйлесімді жұмысын қамтамасыз етеді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1 Хуснидинова, А. Әскери қызмет жағдайында қолайлы тәртіпті сақтау және оның әскери қызметшілердің кәсіби даярлығына әсері [Текст] / А. Хуснидинова // Халықаралық әскери ғылымдар журналы. - 2018. - № 4 (бөлім 2). - С. 267-273.

2 Филонова, Е.Н. Әскери тәртіп және қауіпсіздік [Текст]: Оқу-әдістемелік құрал / Е.Н. Филонова. - М.: Қорғаныс ғылымы, 2023. – 65 с.

3 Осмонов, Ы.Д. Әскери бөлімшелердегі тәртіпті қамтамасыз етудің заманауи модельдері [Текст] / Ы.Д. Осмонов, Ж.С. Абдимуратов, Г.А. Шабикова // Халықаралық әскери зерттеулер журналы. - 2015. - № 12-10. - С. 1767-1769.

4 Косяченко, Г.Е. Әскери бөлімдерде тәртіпті бақылау мен бағалаудың өзекті мәселелері [Текст] / Г.Е. Косяченко, Р.Д. Клебанов, Е.А. Иванович, Г.И. Тишкевич, Е.А. Николаева // Қазіргі заманғы әскери қауіпсіздік және тәртіп мәселелері: ғылыми мақалалар жинағы. - Гродно, 2015. – С. 133-139.

5 Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері туралы заңнамалық актілер жинағы [Текст]: ҚР Қорғаныс министрлігі, 2021. - 200 с.

6 Әскери тәртіп пен ішкі қызмет ережелері [Текст]: ҚР Қорғаныс министрінің бұйрығы, 2022 жылғы 12 ақпан.

7 Қазақстан Республикасының Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы заңы [Текст]: 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV ҚРЗ.

8 ҚР Қорғаныс министрінің «Әскери бөлімдердегі тәртіпті нығайту бойынша іс-шаралар» туралы бұйрығы [Текст]: 2021 жылғы 3 тамыздағы № ҚР ҚМ-72 бұйрығы.

9 ҚР Қорғаныс министрінің «Әскери қызметшілердің моральдық-психологиялық дайындығы» туралы нұсқаулығы [Текст]: 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ҚМ-15 бұйрығы.

10 ҚР Қорғаныс министрінің «Әскери қызметшілерге әсер ететін сыртқы факторлардың тәртіпке ықпалы» туралы қағидалары [Текст]: 2021 жылғы 6 тамыздағы № ҚР ҚМ-79 бұйрығы.

11 Әскери бөлімшелердегі тәртіпті бағалау әдістемелік нұсқаулығы [Текст]: ҚР Қорғаныс министрлігі, 2020. - 50 с.

12 Попова, Н.П. Әскери тәртіпті зерттеу әдістері [Текст]: зертханалық жұмыс бойынша әдістемелік нұсқаулық / Н.П. Попова, О.А. Шерстюченко. - Екатеринбург: Әскери академия, 2016. – 31 с.


## АННОТАЦИЯ


Статья посвящена анализу сущности воинской дисциплины и её роли в формировании личности. Исследован уровень дисциплины в военной среде, её влияние на поведение, ответственность и психологическую устойчивость военнослужащих. Выявлены основные факторы, способствующие укреплению воинской дисциплины, и предложены рекомендации по её совершенствованию. Проведен анализ систем соблюдения и контроля дисциплины, применяемых в воинских частях. Результаты исследования могут быть использованы для

оптимизации дисциплины в воинских коллективах и разработки мер, направленных на профессиональное и личностное развитие военнослужащих.

**RESUME**

The article is dedicated to analyzing the essence of military discipline and its role in personality formation. The level of discipline in the military environment, its impact on the behavior, responsibility, and psychological stability of military personnel has been studied. The main factors contributing to the strengthening of military discipline have been identified, and recommendations for its improvement have been proposed. An analysis of the discipline enforcement and control systems used in military units has been conducted. The findings of the study can be used to optimize discipline in military collectives and develop measures aimed at the professional and personal development of military personnel.

**ӘОЖ 37.37.02**

**Жолдасова Р. Е., магистрант**
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ**
**Жолмаханова А. Б., жетекші**
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ**

## ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСІ ЖӘНЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

**ТҮЙІН**

Мақалада әдебиет сабағының ерекшеліктері мен оның оқыту үдерісіндегі рөлі қарастырылады. Мұғалім мен оқушы арасындағы көркемдік-коммуникативтік байланыс жүйесі талданып, әдебиетті оқыту әдістемесінің негізгі қағидалары сипатталады. Сабақтың кезеңдері – кіріспе, әдеби оқу, мәтінді талдау және қорытынды сабақтар – жүйелі түрде қарастырылып, олардың тиімділігін арттыру жолдары ұсынылады.

***Түйінді сөздер*: *Әдебиетті оқыту әдістемесі, көркемдік-коммуникативтік байланыс, әдеби мәтінді талдау, диалогтық оқыту әдістері, әдеби білім беру.***

Әдебиетті оқыту әдістемесі – мұғалімнің педагогикалық тәжірибесі мен шығармашылығына негізделетін ғылым. Ол жоғары мектепте көркем шығарманы қабылдау, түсіну және түсіндіру заңдылықтарын зерттейді. Әдебиет сабағында көркем мәтінмен қарым-қатынас жасау – мұғалімнің шеберлігіне байланысты әдіс. Әдістеменің тарихи дамуы жинақталған тәжірибенің саны мен сапасына тәуелді бола отырып, оның ғылыми түсінігіне айналады. Әдеби мәтінді зерттеу барысында оның жалпы және жанрлық ерекшеліктері анықталады, ал оқу процесінің әртүрлі кезеңдеріне сәйкес оны меңгерудің тиімді алгоритмдері таңдалады. Әдебиет сабағы бірнеше кезеңнен тұрады:

- **Кіріспе сабақтар** – оқушыларды шығармамен таныстыруға бағытталған.
- **Әдеби оқу сабақтары** – мәтінді оқу және түсіну процесін қамтиды.
- **Мәтінді талдау кезеңі** – шығарманың мазмұны мен көркемдік ерекшеліктерін терең зерттеуге негізделеді.
- **Қорытынды сабақтар** – шығарманы тұжырымдап, негізгі ойларды бекітеді. [1, б. 11]

Бұл сабақтар өзіне тән дидактикалық функцияларды атқарады. Сонымен қатар, оқыту әдістері іріктеліп, жіктеледі. Қазіргі заманғы ақпараттық жүйелер мен технологиялардың дамуы бірлескен педагогикалық қызметті тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. В. М. Монаховтың пайымдауынша, білім беру процесін ұйымдастыру оқушылар мен мұғалімдер үшін қолайлы жағдайлар жасауды көздейді, бұл өз кезегінде педагогикалық технологияларды кеңінен қолдануға жол ашады.

XX ғасырдың 40-жылдарының басында М. А. Рыбникова білім беру процесінде техниканы икемді түрде өзгерту қажеттігін атап өтті. Ол тек кітаптар мен дәптерлерді ғана емес, радио, патефон, кино, сиқырлы фонарь сияқты заманауи құралдарды пайдалануды ұсынды. Оның пікірінше, көрнекі оқыту маңызды болғанымен, басты әдіс – **мәнерлеп оқу**, өйткені сөздің санаға әсер етуі оның көркемдік жеткізілуіне байланысты. Рыбникова

әдістеменің басты факторы – әдебиеттің өзі екенін баса айтты. [2, б. 288] Әдебиеттің табиғаты бейнелік, эмоционалдық сипатымен ерекшеленеді және оның құрылымы күрделі мәселелер жүйесінде көрініс табады. Қазіргі әдістемелік зерттеулерде де осы идея жалғасын табуда. "Білім мен адамгершіліктің үйлесімділігі мәдени-ұлттық құбылыс ретінде сөзден басталады. Сөз – әлемді танудың және адам мінез-құлқын қалыптастырудың мағыналық жүйесі", – деп көрсетеді қазіргі педагогикалық еңбектер.

Әдебиеттің мектептегі пән ретіндегі әлеуеті зор. Ол, қазақ тілі сияқты, тілдік тұлғаны жетілдіруге бағытталған. Бұл тұрғыда тілдік тұлғаның келесі анықтамасын негізге алуға болады: **"Тілдік тұлға – бұл көп деңгейлі функционалды жүйе, оның құрамына:**

**1.Тілдік құзыреттілік** – тілдік нормаларды меңгеру деңгейі,

**2.Коммуникативтік құзыреттілік** – тілдік қарым-қатынас жасау дағдылары,

**3.Тезаурус** – әлем туралы жинақталған білім [3, б.73].

Осылайша, әдебиет пәні оқушылардың тілдік және коммуникативтік дағдыларын қалыптастырып қана қоймай, олардың рухани және адамгершілік тәрбиесіне де тікелей әсер етеді. Өнер жүйелері әлем моделінің көрінісі ретінде көркем шығармадағы негізгі бейнелерде, мотивтерде және архитектоникада бейнеленеді. Әдеби категориялар сөз өнерінің белгілі бір білім жүйесі ретінде жеке тұлғаның тілдік әлеуетін кеңейтетін тезаурус қалыптастырады. Бұл тезаурус **"әлемнің бейнесі – адам орналасқан семантикалық шындық"** деген тұжырыммен сипатталады [3, б.100].

Әдебиет өзіне тән ерекше функцияларына байланысты тек **эмоционалды және эстетикалық әсер етумен ғана шектелмейді**, сонымен қатар бейнелі сөйлеудің үлгісі ретінде де қызмет етеді. Көркем шығармалар арқылы оқырман бейнелі ойлау дағдыларын қалыптастырып, тілдік шеберлікті меңгере алады. **Сөйлеу мәдениетін жетілдірудің ең жақсы тәсілдерінің бірі** – ақындар, жазушылар мен шешендердің тілдік шеберлігіне ену. Яғни, интеллектуалдық және көркемдік элитаның шығармашылық туындыларын оқып, олардың сөйлеу мәнерін бақылау, меңгеру арқылы жеке тілдік қабілетті дамытуға болады. Көркем мәтінмен қарым-қатынас жасау, оны түсіндіру және жеке тұлға туралы жаңа мағлұматтар алу – әдебиетті оқудың маңызды аспектілері. Оқу барысында алынған мағыналарды қарым-қатынаста қолдану, бейнелі әрі көркем сөздің күшін сезіну – **тұлғаның көркемдік-коммуникативтік құзыреттілігін** қалыптастырады. Көркем шындықты игеру жолдары әртүрлі, сондықтан әдебиет сабағында әртүрлі сана деңгейлері мен көзқарастардың өзара әрекеттесу алаңын құру қажет. Бұл әр оқушының ерекшеліктеріне сәйкес келетін тапсырмалардың түрленуін болжайды:

- Кейбір оқушылар үшін – **эмоционалды әсерді өрнектеу**,
- Басқалар үшін – **рационалды, аналитикалық көзқарасты дамыту**,
- Біреулер өзін **ауызша сөйлеу** арқылы жақсы жеткізсе,
- Басқалары **жазбаша пайымдау** арқылы ойларын нақтылайды.

Осындай тәсілдер өзара оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді: әр оқушы өзінің мықты жақтарын көрсетеді және бір-бірінен үйренеді. Бұл тұрғыда Н. И. Берхиннің пікірі қызықты. Ол әдебиет сабақтарында оқушылардың әрекетін **"оқу-көркемдік іс-әрекет"** деп атап, көркем әдебиетті зерттеуді **тек қана танымдық логикаға негіздеу қате** деп есептейді. Оның пікірінше, оқушылардың күш-жігерін тек **"тұлғасыз" әдеби тұжырымдамаларды игеруге бағыттау** олардың шығармашылық дамуына кедергі келтіруі мүмкін. Н. И. Берхин оқу-көркемдік іс-әрекеттің келесі кезеңдерін анықтайды:

**1.Оқушылардың алғашқы тәжірибелерін анықтау** – олардың әдеби шығармамен байланысын сезіну.

**2.Алғашқы оқу тәжірибелері негізінде жеке әдеби тәжірибені жандандыру** – оқушының шығарманы қабылдауына негіз болатын білімін дамыту.

**3.Оқырмандық қабылдаудың мазмұнды дамуы** – эмоционалды сезім мен әдеби білімді тереңдету. [4, б. 165]

Осылайша, әдебиет сабағы тек мәтінді талдауға емес, оқушының шығарманы қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып, оны көркемдік тұрғыдан түсінуіне бағытталуы керек.

Мұғалім үшін көркем мәтінді игеру барысында сабақтың әр кезеңінде қандай мақсатқа қол жеткізгісі келетінін анықтау маңызды. Бұл оқушылардың жеке әсерлерін түсінуіне, олардың сезімдерін сипаттауына, оқырман санасында пайда болған бейнелер мен

интерпретацияларды талдауына, көркемдік таным процесін өзін-өзі бағалау тұрғысынан қарастыруына немесе әдебиеттану пәндерінің негізгі ұғымдарын меңгеруіне бағытталуы мүмкін. Мұғалім әдеби білім беруді басты орынға қоя ма, әлде әдеби дамуға басымдық бере ме – бұл оның әдістемелік ұстанымына байланысты. Қазіргі жоғары мектеп бағдарламасы нақты дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Оған көркем мәтінді оқу, талдау және түсіндіру, оқушылардың алған білімдерін ауызша және жазбаша түрде қолдануы, зерттеу және шығармашылық жұмыстары арқылы мәтінді игеру, әр түрлі коммуникация салаларында және қарым-қатынас жағдайларында әдеби білімді пайдалану жатады. Сонымен қатар, кәсіби мұғалім өз тәжірибесін оқушыларға қалай ұсынатынын, көрсететінін және жеткізетінін жақсы біледі. Сабақ барысында оқушылардың қабылдау ерекшеліктерін ескеру қажет. Мұны олардың түрлі қабылдау жүйелеріне жүгіну арқылы жүзеге асыруға болады. Оқушылардың назарын аудару және олардың мәтінді жақсы түсінуіне көмектесу үшін *"Қараңыз, біз... көреміз"*, *"Тыңдайық, бұл... естіледі"*, *"Осы тақырыпқа тоқталайық"*, *" Осы құбылысты қарастырайық"* деген сияқты сөйлеу құралдарын пайдалану тиімді. [5, б. 160] Бұл тәсілдер мұғалімге материалды түсінікті әрі әсерлі жеткізуге көмектеседі. Оқу жағдайларының модельдерін әр түрлі сабақ жанрларымен беруге болады. Бұл оқушыларды қарым-қатынас жағдайына батырып, оларды сөйлеу жанрларын тиімді пайдалануға, интерактивті диалог құруға тартуға мүмкіндік береді.

Әдебиетті оқытуда негізгі әдістемелік тәсіл көбінесе **эвристикалық әңгіме** болып табылады. Сабақтың атауы оның құрылымдық ерекшеліктерін көрсете алады, мысалы: сабақ-композиция, сабақ-концерт, сабақ-шеберхана, сабақ-интеллектуалды марафон, сабақ-мойындау және т.б. Осы жанрлар сабақ мазмұнын әртараптандыруға, оқушылардың белсенділігін арттыруға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. [6, б. 81]

Әдебиет сабағында **коммуникативті дидактиканың** әлеуетін тиімді пайдалану маңызды. Бұл сабақтың диалогтық режимін дамытуға негізделеді, оның ішінде әртүрлі диалог түрлері қамтылады:

- Кейіпкерлер арасындағы дауыс арқылы диалог,
- Кейіпкерлердің субъектілік және тұлғалық деңгейдегі диалогы,
- Кейіпкер санасындағы ішкі диалог,
- Мәдениет бейнелері арасындағы диалог,
- Әртүрлі логика мен көзқарастардың қақтығысы,
- Оқырман мен кейіпкерлер, автор, сыншылар, басқа оқырмандар арасындағы диалог,
- Оқушы мен басқа оқушылар, мұғалім арасындағы диалог,
- Оқушы мен мұғалімнің ішкі диалогы. [6, б. 86]

Диалогтық кеңістік шексіз мүмкіндіктер ұсынады, онда тілдік тұлға өзін толықтай жүзеге асыра алады. Оқушылар жаңа сөйлеу формаларын игеріп, өздерінің жеке тілдік құралдарын дамыта отырып, шығармашылық сөйлеу жобаларын қалыптастырады. Мұның барлығы олардың **дискурсивті практикасының** бір бөлігіне айналады.

Қазіргі білім беру технологияларын дамыту жағдайында **оқушының көркемдік-коммуникативтік құзыреттілігін модельдеу** нақты және өзекті міндет болып табылады. Бұл әдебиетті оқыту барысында диалогтық өзара әрекеттестікті тиімді ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1.Сомова, Л. А. Әдебиетті оқыту әдістемесі: көркемдік коммуникация ерекшеліктері. Электронды оқу құралы, 2014. – 11 б.

2.Монахов, В. М. Педагогикалық технологиялар теориясына кіріспе. Мектеп технологиялары. – 2005. – № 3. – Б. 4–9.

3.Рыбникова, М. А. Әдеби оқуды оқыту әдістемесі бойынша очерктер. – М.: Просвещение, 1985. – 288 б.

4.Берхин, Н. Б. Оқушылардың әдеби дамуы. – М.: Прометей, 1989. – 165 б.

5.Сухих, С. А., Зеленская, В. В. Коммуникативтік процесті прагмалингвистикалық модельдеу. – Краснодар: Кубань мемлекеттік университеті, 1998. – 160 б.

6.Лазаренко, Г. П. Әдебиет сабағында белсендіру және кері байланыс әдістері // Мектептегі әдебиет. – 1996. – № 1. – Б. 81, 86.

**АННОТАЦИЯ**

В статье рассматриваются особенности урока литературы и его роль в образовательном процессе. Анализируется система художественно-коммуникативной связи между учителем и учеником, описываются основные принципы методики преподавания литературы. Этапы урока – введение, литературное чтение, анализ текста и заключительные занятия – системно рассматриваются, предлагаются пути повышения их эффективности.

**RESUME**

The article examines the characteristics of literature lessons and their role in the educational process. The system of artistic and communicative interaction between the teacher and the student is analyzed, and the fundamental principles of literature teaching methodology are described. The stages of the lesson – introduction, literary reading, text analysis, and concluding sessions – are systematically considered, with suggestions for improving their effectiveness.

**ӘОЖ 37.013.41**

**Сатқан Қ.Ж. , студент**
**Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.**
**Джакупова А.Г. , жетекшісі**
**Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.**

# ДАМУЫНДА ТЕЖЕЛУІ БАР БАЛАЛАР ЖӘНЕ БЕЙІМДЕУГЕ АРНАЛҒАН ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ

**ТҮЙІН**

Жалпы бұл мақалада дамуында тежелуі бар ерекше балалар жайлы. Қазақстан бойынша статистика деңгейі. Олардың әртүрлі диагноздары, пайда болу себептері, белгілері, олармен жұмыстану шаралары. Соның ішінде білікті мамандардың, ата ананың баланың іс-әрекеттері, түзете-дамытуға қолданылатын әдістер қамтылған. Бейімделген дене шынықтырудың маңыздылығы қарастырылған.

***Түйінді сөздер*: *ерекше балалар, мінез-құлық, бейімдеуге арналған дене шынықтыру, дағды , жаттығу.***

**Кіріспе.**Психикалық тежелулер қазіргі қоғамда белең алған аурудың түрі. Көбіне кішкентай балаларда жиі кездеседі. Осы аурулармен күресу жолында қолданылатын ғылыми негізделген, жақсы нәтижеге жетуге көмектесетін бірден - бір құрал бейімдеуге арналған дене шынықтыру. Бейімдеуге дене шынықтыру (БДШ) - жалпы дене шынықтырудың түзете-дамыту бағытында қолданылатын саласы болып табылады. БДШ - дың негізгі мақсаты - ауытқулары бар адамның өміршеңдігі артуына, ішкі сыртқы ортаны әлеуметтік дағдылардың дұрыс қалыптасуына, өз қатарластарымен бірдей деңгейде болуына жағдай жасау.

Тақырып өзектілігі: Қазіргі уақытта ерекше балалар саны уақыт өткен сайын артуда. Бейімделген дене шынықтыру – дамуында тежелуі бар балалардың физикалық және психо-эмоционалдық дамуын қолдаудың тиімді әдістерінің бірі. Бұл бағыттағы зерттеулер мен бағдарламаларды жетілдіру ерекше балалардың өмір сапасын жақсартуға ықпал етеді. Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы.

Негізгі қаралатын мәселе: Неліктен қазіргі кезде аутизмге шалдыққан балалар саны көп және оларға қалай көмектесе аламыз ?!


Зерттеу мақсаты: Туындаған қоғамдық мәселені ескере отырып, осы салада қажетті мамандардың және бейімдеуге арналған дене шынықтырудың маңызыдылығын көрсету

Зерттеу әдістері: әңгімелесу, сауалнама, бақылау, статистикалық өңдеу

Практикалық маңыздылығы: Дамуында тежелуі бар балаларға арналған бейімделген дене шынықтырудың практикалық маңызы зор. Бұл әдістер: Балалардың бұлшық ет тонусын, қозғалыс белсенділігін арттырып, моторикасын, тепе-теңдігін және координациясын жақсартады. Сенсорлық қабылдауды, кеңістіктік бағдарлауды және өзін-өзі реттеу қабілеттерін дамытады. Әлеуметтік бейімделуге көмектесіп, балалардың мектепке, қоғамға және күнделікті

өмірге оңайырақ икемделуіне ықпал етеді. Педагогтар мен ата-аналарға балаларды дамытуға арналған тиімді құралдарды ұсынады.

**Қазақстандағы ерекше балалар саны бойынша статистика және емдеудегі проблемалар**




Сурет 1 - Психикалық және мінез-құлық бұзылыстары бар мүгідек балалардың саны

Психиатриялық бұзылулары бар адамдарды емдеудегі және әлеуметтендірудегі негізгі проблемалар**:**

- Шағын қалалар мен ауылдық жерлерде мамандандырылған көмекке қол жетімділіктің төмен деңгейі

- Психиатрия саласындағы кадрлардың, мамандардың тапшылығы

- Психиатриялық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың ескірген материалдық базасы - - Психикалық ауытқулары бар пациенттерді медициналық-әлеуметтік оңалтудың нашар дамуы

- Психикалық дамудың бұзылуын ерте диагностикалаудың қиындықтары

- Емхана деңгейінде бұзылған балалардың ата-аналарына консультациялық көмек алудағы қиындықтар [1].

**Жиі кездесетін ауру түрлері , пайда болу себептері, белгілері**

1.Психикалық дамудың тежелуі - ақыл-ой, моторика, эмоциялар, әлеуметтік дағдылардың дамуындағы кешігулердің болуы.

Пайда болу себептері: Анасының жүктілік кезінде инфекциялық ауруларды; Плацента жеткіліксіздігі, токсикоз немесе баланың туылғандағы жағдайы. Баланың әлеуметтік ортасының жеткіліксіздігі немесе қоршаған ортадан тиісті қолдау болмауы; Баланың психоэмоционалдық күйі, ата-ананың гиперопекасы немесе дұрыс тәрбиенің болмауы.

Белгілері: зейіннің төмендеуі; қоршаған ортаға деген қызығушылықтың шектелуі; ойлау мен сөздік дамуда артта қалу; әлеуметтік бейімделу қиындықтары. [2]

2. Сөйлеу дамуының кешігуі - бұл баланың сөйлеу қабілетінің жас ерекшеліктеріне сәйкес дамымай қалуы.

Пайда болу себептері: Жүктілік кезінде баланың миына зиян келтіретін жағдайлар (гипоксия, асфиксия, туған кездегі жарақаттар); Бала кезіндегі инфекциялар, миға зиян келтіретін аурулар (менингит, энцефалит); Есту қабілетінің бұзылуы, бұл сөйлеуді қабылдауға және дамытуды қиындатуы мүмкін; Тұқым қуалаушылық факторлар. Баланың сөйлеу дамуына жеткілікті көңіл бөлінбеуі.

Белгілері: сөздік қоры жас ерекшелігіне сәйкес келмеуі; 2 жасқа дейін сөйлемді қолданбауы, 3 жасқа дейін байланысты сөйлеу болмауы; сөйлеуді түсіну мен айналасындағы адамдармен қарым-қатынаста қиындықтар. [3]

3. Назар тапшылығы және гиперактивтілік - баланың назарын ұзақ уақыт бір нәрсеге аудара алмауымен, артық қозғыштығымен және импульсивті әрекеттерімен сипатталады.

Пайда болу себептері: ми, жүйке жүйесінің құрылымы мен функциясындағы кемшіліктер, тұқым қуалаушылық; Экологиялық факторлар: Жүктілік кезіндегі токсиндермен немесе басқа зиянды әсерлермен байланыс. Отбасындағы стресстік жағдайлар, ата-ананың жеткіліксіз назар бөлуі.

Белгілері: Назар аударудың бұзылуы: Баланың тапсырмаларды орындауда жиі қателіктер жіберуі, үнемі ұмытып қалуы, ештеңеге толық назар аудара алмауы;

Гиперактивтілік: баланың тым көп қозғалуы, орнына ұзақ отыра алмауы, тыныштықты сақтай алмауы; Импульсивтілік: ерте жауап беру, өз кезегін күтпей, басқа адамды үнемі үзіп сөйлеуі. [4]

4. Аутизм спектрінің бұзылуы - бұл балалардың әлеуметтік қарым-қатынасында, коммуникациясында және мінез-құлықтарында аномалиялар байқалатын неврологиялық бұзылыс. РАС-тың нақты себептері әлі күнге дейін толық анықталған жоқ, бірақ ғалымдар бірнеше негізгі факторларды атайды.

Пайда болу себептері: Егер ата-аналардың бірінде аутизм болса, балада осы аурудың даму ықтималдығы жоғары. Зерттеулер аутизмнің генетикалық компоненті болуы мүмкін екенін көрсетеді. Ми құрылымындағы немесе функциясындағы өзгерістер РАС-тың дамуына себеп болуы мүмкін. Көптеген зерттеулер ми қабаттарының дамуына байланысты аутизмге ұқсас мінез-құлықтарды анықтады. Кейбір зерттеулерде иммундық жүйенің бұзылуы, жүктілік кезінде әртүрлі дәрілерді қолдану, инфекция жұқтырып алу, экологиялық қолайсыз жағдайлар да әсер ететіні айтылған.

Белгілері: әлеуметтік қарым-қатынас пен қарым-қатынас дағдыларының бұзылуы; балаларда адамдармен тікелей байланыс жасауда қиындықтар болады (көзге тіке қарамау, эмоцияларды білдіруде қиындықтар); әлеуметтік жағдайларға дұрыс жауап бермеу немесе олардың мәнін түсінбеу; қайталаушы мінез-құлықтар мен шектеулі қызығушылықтар; қайталанатын қозғалыстар (қолмен шапалақтау, айналмалы қозғалыстар); дыбысқа, жарыққа, жанасуға жоғары немесе төмен сезімталдық; белгілі бір тақырыптарға немесе әрекеттерге терең қызығушылық көрсету; тілдік және коммуникативті дағдылардың дамуының тежелуі: сөздердің кеш шығуы немесе мүлде сөйлемеу; сөздер мен сөйлемдерде құрылымдық қателіктер мен түсінбеушіліктер [5].

**Ауруларды анықтау жолы**

Бала дүниеге келгеннен бастап белгілі уақыттарда медициналық тексерістен өтеді. Невропотолог, психиатр, логопед тексеріс нәтижесінен ауру белгілерін байқаған кезде ПМПК ға жолдама береді. ПМПК - Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация

ПМПК-ға келесі жағдайларда жүгінуге болады:

1. Баланың дамуында ауытқулар байқалса – сөйлеу, ойлау, моторика, мінез-құлықтағы ерекшеліктер.

2. Мектепке немесе балабақшаға бейімделу қиын болса – оқу үлгерімі төмен, зейіні тұрақсыз, басқа балалармен қарым-қатынаста қиындықтар болса.

3. Мүгедектікке немесе ерекше білім беру қажеттілігіне күмән болса – ата-аналар немесе мұғалімдер баланың дамуында ерекшелік бар деп ойласа.

4. Арнайы мектепке, сыныпқа немесе түзету кабинеттеріне жіберу үшін – баланың қай бағытта білім алуы керектігін анықтау қажет болса.

ПМПК жұмыс барысы:

1. Ата-аналар өтініш жазады – баланы ПМПК-ға апару үшін алдымен өтініш беру керек.

2. Мамандар тексеру жүргізеді – психолог, логопед, дефектолог, невропатолог және басқа да мамандар баланың жағдайын бағалайды.

3. Диагностика жасалады – әртүрлі тесттер, сұрақтар, тапсырмалар беріледі.

4. Қорытынды шығарылады – баланың дамуы туралы толық есеп беріледі және ата-аналарға ұсыныстар айтылады.

5. Қажетті көмек түрі белгіленеді – баланы арнайы сыныпқа, түзету сабақтарына немесе басқа да бағдарламаларға бағыттауы мүмкін [6].

**Ерекше балаларға көмектесу шаралары**

Аталған ауру түрлерімен күресу үшін әртүрлі бағытта жұмыстар жүргізіледі. Қазіргі қоғамда теориялық және практикалық эксперименттерден өткен әдістер өте көп. Солардың ішінде кеңінен қолданылатын әдістерге тоқталсақ :

Қолданбалы мінез-құлықты талдау (АВА әдісі) - бұл әдіс аутизммен ауыратын балалардың мінез-құлқын түзету және әлеуметтік дағдыларын дамыту үшін қолданылады. [7]

Қолданбалы мінез-құлықты талдау (АВА әдісі) әдісінің ғылыми дәлелденуі

И. Ловаастың Ава-ны ерте жаста қолдану туралы зерттеулері аутизммен ауыратын балалардың 40% - ы дамудың кешігуін жеңіп, мектеп жасында құрдастар ұжымына қосылатынын көрсетті. Ивар Ловаас-американдық психиатр, қолданбалы мінез-құлық

талдауының негізін қалаушылардың бірі. Бұл жүйе мыналарды қамтуы керек: қарқынды сабақтар, аптасына шамамен 35-40 сағат, және баламен ерте жастан бастап қолданылуы керек. 1987 жылғы мақалада " мінез-құлық араласуы және қалыпты аутизмі бар кішкентай балалардың танымдық және интеллектуалды қызметі " И. Ловаас зерттеу нәтижелерін жариялады, зерттеу Лос-Анджелестегі Калифорния университетінде өткізілді, оған сәйкес аутизммен ауыратын 19 баланың 9-ы "дамуы жас ерекшелігіне сай " болған. [8]

Сенсорлық интеграция - баланың сыртқы әсерлерге бейімделуіне көмектесетін жаттығулар жүйесі. Сенсорлық интеграция әдісі арқылы балалардың сенсорлық ақпаратты өңдеу қабілеті, когнитивті дамуы артады. Баланың барлық сезім мүшелері әрекетке түседі. [9.22 б ]

